



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№4 (18) 2013



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** – Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат., ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** – ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура РнД институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура РнД институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және докторантура РнД институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Сағиева Б.Ж.** – жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества “Қазақ тілі”, главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** – профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болеев К.** – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Берикханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Габбасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Есим Г.** – депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Кирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қыдыралиев Д.** – эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** – председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** – профессор кафедры “Общей педагогики” Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Койгелдиев М.К.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры “Культурной антропологии” КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук; **Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук; **Нарибаев К.Н.** – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, доктор экономических наук, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** – начальник административного управления КазНПУ им.Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Шолпанкулова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Сагиева Б.Ж.** – ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** – the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** – the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of NAS RK; professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Sagieva B.Zh.** – the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Конституциямызға мұқият қарау – баршамыздың борышымыз. Туған елімізді, төл тарихымызды қалай құрметтесек, оны да солай құрметтеу керек. Конституцияны құрметтемейінше, оның нормаларын мүлтіксіз сақтамайынша қоғамдық келісім, тәртіп, татулық пен тыныштық болмайды, яғни Отанымыздың ертеңгі дамуы да болмайды»

Н.Ә.Назарбаев
Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзінен
2012 жыл 30 тамыз.

ӘОЖ 37.8.82-37

Ә.Табылды

Әл-Фараби атындағы ҚҰУ

п.ғ.д., профессор

ӘДЕБИЕТТІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Бұл мақалада әдебиеттің ұлттық тәрбиелік мәні жайында жазылған. Баланы тәрбиелеуде ана тілін үйренуге дағдыландыру және, ұлттық салт-дәстүр арқылы мінез-құлық қалыптастыру жайлы қарастырылған.

Түйінді сөздер: *ұлттық тәрбие, ұрпақ тәрбиесі, отбасы тәрбие, мақал-мәтел, ана тілі, бесік жыры, ертегілер.*

В этой статье рассматривается национальное литературное воспитание. О воспитаний детей. О том, что нужно начинать с обучением родного языка с помощью национальных обычаев и традиций.

Ключевые слова: *национальное воспитание, воспитание подросткового поколения, воспитание в семье, пословицы и поговорки, родной язык, колыбельные песни, сказки.*

National literary education is examined in this article. About Educations of children. About that needs to be begun with educating of the mother tongue by means of national customs and traditions.

Keywords: *national education, education of nоdpoсtающего generation, education in family, proverbs and saying, the mother tongue, lullabies, fairy-tales.*

Тіл арқылы дүниеге келіп, тәрбие құралы болған ұлттық әдебиет негізі – *бесік жырынан басталады*. Тұрмыс-салт әуендерімен айтылатын бесік жыры бөбекті жұбату үшін және оған тілек айту үшін ғана шығарылған емес. Ең әуелі ырғағы бесіктің тербелісіне сәйкес келетін сабырлы екпінде айтылатын қоңыржай әуен бөбектің сезім мүшелері арқылы оған сүйкімді, сүйсінерлік әсер етіп, жан-жүйесін жадыратады, яғни ұнамды, ұнасымды әсермен баланы жұбатады. Екіншіден, баланың келешегіне үміт артып, тілек айта отырып, оны жұбатушы ана болашақтың шамшырағы мен нұрсәулесінен қуат алғандай әсерленеді. Үшіншіден, ата-ана жатқа айтқан тілектерді тілі шыққан балдырғандар да жаттап, әрі тілі дамиды, әрі сол сөздерден тәлім алады.

Бесік жырларын мазмұнына қарай: шілдеhana жыры, бесікке бөлеу жыры, жұбату және тілек айту деп топтауға болады. Бесікке бөлеу жыры нәрестені бесікке салғанда, қуаныш-тілек ретінде, көбінесе көңілді, әуезді қоңыр әуенімен айтылады:

Мойнымдағы маржаным, қорадағы мал-жаным. Бесігіңе жата ғой, Тәтті ұйқыға бата ғой...

Балғын бөбек бесік жырының жанға жайлы әуезді әуеніне жұбанып, рахатқа бөленеді. Мұның психологиялық, медициналық мәні де зор. Әуен (музыка) бөбек жанына дем береді. Бесік жыры көбінесе тілек айту мәніне құрылады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді.

Үміт тілек: Айыр қалпақ киісіп, Ақырып жауға тиісіп, Батыр болар ма екенсің? Бар-

мақтарың майысып, Түрлі ою ойысып ұста болар ма екенсің?!

Бата тілек (сенімарту): Алабиенқұлындап, Алатауға сыймасын! Қара биен құлындап, Қара тауға сыймасын... Ақылыңмен батыл бол, Ағайынмен тату бол. Бағаналы таудай бол, Жағалалы көлдей бол! т.б.

Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз өрнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді [1].

Бөбектің отыруы. «Бөбек бес айда белгілі отырады, алты айда анық отырады» дейді халық. Баланың әке-шешесін, жақындарын анық танып, күлу, ренжу әрекеттерін көрсете бастауы, оның өздігінше қимыл әрекеттерін жасаумен ұштасады да, отыруға ыңғайлануы байқала бастайды. Бөбек толық отырғанға дейін оның «талпыну» әрекетімен демеп отыруына жағдай (сүйеніш, таяныш) жасалынады. Толық отырған бөбектің, алғашқы әрекеті орындалып, көңілі шаттанып, бойы сергектене береді. Миы қатаймаған, буындары «қатпаған» бөбектің еркін қимылдауына жағдай жасап, оның өз алды әрекетінің сәттілігіне бас көз болып отыру отбасындағы жанашырлардың бәрінің парыздық әрекеті болуға тиіс. Осы әрекет үстінде отбасындағылардың бөбекке деген мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық сезімдері дамиды. Бөбек туғаннан кейін жетісегіз айдан соң, әуелі еңбектеп (еңбектеудің де әр түрлісі бар) содан кейінірек қаз-қаз тұрып, қаз басып жүре бастайды. Бала тәйтәй басып жүре бастаған кезде, тұсау кесу рәсімі жасалып, тұсау кесер жыры айтылады. Тұсау кесер жырының тәрбиелік мәні. Тұсау кесер жыры – әдет-ғұрыптық, ырым-рәсімдік қуаныш мәжілісінде айтылатын жыр. Көбінесе, бір жасқа толып, еркін жүре бастаған балбөбектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей жақсы жүріп кетуіне тілек білдіріп, оның ата-анасы қуанышқа ортақ жақын адамдарды жинайды да, сыйлы адамға балбөбектің тұсауын кестіреді. Баланың тұсауы ала жіппен немесе қойдың тоқ ішегімен байла-

нады да, тұсау кескен соң тұсау кесушіге сый-сыяпат көрсетіліп, сыйлық беріледі. Жағдайы келіп, жақсылыққа жайы мол әкешеше бұл рәсімді кішігірім той-томалаққа айналдырып, баланың тұсауын жарыстан озып келген ең жүйрік азаматқа кестіреді. Тұсау кесілген соң баланы ақ жайма үстімен (ақжол тілеп) немесе қалың кілем үстімен (жолы жұмсақ болсын деп) жүргізіп: Қаз-қаз балам, қаз балам, қадам бассаң мәз болам. Тағы, тағы баса ғой, Тақымынды жаз балам. Қаз баса ғой, қарағым, құтты болсын қадамың. Алға қарай баса бер, Асулардан аса бер! – деп ата-ана қуанышын білдіріп, арман-тілегін айтады.

Тұсау кесу жырын балбөбекті күтушілер оның тұсауын кескенге дейін де айтып, оның тәйтәй басып жүруіне қуаныш білдіріп, сүйеніш, жетекші іс-әрекет тәсілдерін қолданады. Тұсау кесу жырының бұл түрі «тәйтәй» деп аталады. Қазақ балалар поэзиясында бірсыпыра ақындардың (Ж.Смақов, М.Әлімбаев т.б.) тұсау кесуге арналған жырлары бар. Мысалы, ақын Жақан Смақов:

Тәйтәй бас, құлама, Құласаң жылама! – деп баланы батылдыққа тәрбиелейді.

Отбасында балдырғандар «тәйтәй», тұсау кесу жырларын әуенімен әсемдеп айту арқылы балдырғанның әрі бөбекке деген сүйіспеншілігі артады, әрі оның кішіге қамқорлық сезімі қалыптасып, іс-әрекетке ықыласы молаяды. Отбасында болатын тұсау кесу рәсімі тәрбиеші балалар бақшасындағы қуыршақ ойыны арқылы да ұйымдастырылып, балаларды – халықтың әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеуі тиіс. Бұл баланың әрі музыкаға қызығуына, сахнада ойнауға үйренуіне, сөз өнеріне бейімделуіне себепші болады.

Жаңылтпаштар – тіл ширату тәсілі. Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған. Балбөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөй-

леу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала ғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе, тілдің алдыңғы (тіл алды) дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген бөбектерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштар да, көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған.

Бала тіліндегі «ш» дыбысы мен «с» дыбысын шатастырып айтуды түзету үшін халық: «Шымдай шытырмыш, ол шытырмышты мен шым-шытырмыштамай кім шытырмыштайды», – деген сияқты жаңылтпаштарды шығарған. Сол сияқты «қ-к», «ж-ш», «т-д», «н-ң» т.б. дыбыстарды шатыстырмай айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар бар. Халық педагогикасының бұл саласын қазақ ақындары дамыта түсті. Олардың бір ерекшеліктері, ол жаңылтпаштар көбінесе әрі тіл ширату, әрі дүниеге таныту, әрі білім беру, тәрбиелеу. Мысалы: Тілағаш Бек, Тіл алғыш, – деп Мақтасақ, біз Біл алғыс деп, – білімділікке тәрбиелеп, бүлдіршінге сүйіспеншілік білдірсе:

Бөдене бедеде, Көбелек көдеде, Бөдені беде де, Көдені көде де деген жаңылтпаш арқылы әрі «б», «к», «д» дыбыстарын айқын айтуға жаттықтырса, әрі «бөдене», «беде», «көбелек», “кеде” деген сөздердің мағынасын жақсы ұғындыруды мақсат тұтады. Балалар бақшасында тіл ширату, көркем сөз оқу, тақпақ айтуға балдырғандарды жаттықтыру үшін арнайы уақыт бөлініп, эстетикалық тәрбие жұмыстары жүргізіледі, мүмкіндігінше жаңылтпаштарды әнге қосып айтуға да болады. Балалар бақшасында ұйымдастырылған жаңылтпаш айтысудың мәні зор. Ол үшін, тәрбиеші күні бұрын жоспар жасап, керекті жаңылтпаштарды топтай білу

керек. Әрине, тілі өте мүкіс, көбінесе логопедиялық дәріс алып жүрген баланы ондайда ұятқа қалдырып, сағын сындырудан сақ болған дұрыс. Өйткені жаңылтпаш айтудың психологиялық әсері де ерекше. Әсіресе, жаңылтпаштық жаттығулар арқылы «р» дыбысына тілі келіп, сөзді мүдірмей айтуға үйренген баланың қуанышы қойнына сыймай, өмірдің өткелінен өткендей әсер алады [2]. Балалар бақшасында фольклорлық кеш өткізіп, онда жаңылтпаш айтысуға да тиісті орын беріп, айтқыш балалардың абыройын арттырып отыру керек. Жаңылтпаштар тек жас балалардың тілін ширату үшін ғана қолданылмайды, сонымен қатар, жаңылтпаш айтысып, тіл ұстартуды үлкендер де салтқа айналдырған болатын.

Санамақтардың тәрбиелік маңызы. Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді. Саусақ санау ойыны баланы сан үйренуге ынталандырады, көңілдендіреді. Түйе, бота маң басқан, Төрт аяғын тең басқан. Шұнақ құлын бес ешкі, Қос-қос лақты қос ешкі, Төрт қозылы екі қой, Бәрін бірге ойлап қой.

Санамақ айтыста бала санға ұйқас сөз табу арқылы, ақындық қабілетін байқайды. Егер ол ұйқас таба алмаса, айтыста жеңілген болып табылады.

Жаңылтпаш, жұмбақ, санамақты айту арқылы бала әрі сан үйренеді, әрі жұмбақтың шешуін тауып, ойын дамытады, тілін ширатады: Бірім – бірім, екім – екім, үшім – үшім, төртім – төртім, бесім – бесім, алтым – алтым. Алты малтам, Алтын балтам, Сары ала қаз – Саңқылдауық, қырман тауық – қырқылдауық Сен тұр, – Сен шық!

Отбасында санамақтың әрбір түрін балаға жаттатып, олармен бірге ойнай отырып, ойын дамыту – ата-ананың борышы. Ересек балаларға неғұрлым күрделі санамақтарды айтқызып, ол санамақтардың шешімін мүмкіндігінше, өлең ұйқастарымен айтуды та-

лап ету керек. Балалар бақшасында балдырғандарға санамақтардың сан алуан түрлерін үйретіп, оны айтқызу, санамақ шешімдерін дұрыс шешкендердің білімін бағалап, оларды мадақтай білу керек. Кейбір санамақтарды және олардың ұйқасты шешімдерін әнге қосып айтуға болады.

Мектепте (әсіресе бастауыш класта) күрделі санамақтарды айтып, олардың шешімдерін тез тапқан оқушыларға ұпай қою, баға беру ісі ұйымдастырылады. Күрделі санамақтарды «өнерпаздар мен тапқыштар» клубының жарысына қатысушылар да өнер сайысының бір кезеңінде орынды пайдалана білуі тиіс. Мысалы: «Алмас, Асан келісті, Алма жинап, бөлісті. Арасында бір алма Айтыс болды бұларға. Асан берсе, алмасы үштен бірі кем болар, – Алмас берсе, алмасы Асанның да тең болар. Алма санап көріндер, Екіге тең бөліндер», – деген санамақтың шешімін бірден табу оңай емес. Ол үшін оқушы ойлануы керек. Ойын кезінде ойлануға кеткен уақыт та есептелінеді.

Жұмбақ айтысу мен жұмбақ айтысты ажырата білу керек. Жұмбақ айтыста жеңіп шығу ақындық дарынның, білімнің басымдылығына байланысты. Отбасында балаларға жаңа жұмбақтар үйретіп, жұмбақ айтысуды ұйымдастырып, олардың тапқырлығын сынау, жұмбақ айтысуда жеңіп шыққан балаларды мадақтап отыру – бұрыннан қалыптасқан дәстүр болатын. Отбасында өтетін «туған күн», «ұлыстың ұлы күні», «мереке күні», «думанды кеш» сияқты рәсімдік той-томалақ, тамашаларда ұйымдастырылатын түрлі ойындардың бір түрі – жұмбақ айтысу. Ондайда жұмбақ айтысудан үздік шыққандарға сыйлық беріледі. Балалар бақшасында «қызықты кеш», «өнерпаздар мен білгіштер жарысы» сияқты думандарды жоспарлы түрде ұйымдастыра білген тәрбиеші, жұмбақ айту, жұмбақ айтысу, жұмбақ айтыс дәстүрлерін қызықты өткізеді. Балалар бақшасында өтетін тақырыптық және мерекелік, той-думандық кештердің бір кезеңінде жұмбақ айту мен жұмбақ айтысуды ұйымдастыра білу керек [3]. Мектеп

бағдарламасында ауыз әдебиетінің бір бөлімі ретінде жұмбақтар бірінші класстан бастап оқулықтарға ендірілген. Әдеби кештерде, мерекелік кештерде, өнерпаздар мен ой тапқыштар жарысында жұмбақ айту, жұмбақ айтысу, жұмбақ айтысы ерекше орын алады. Пәндік кештерде сол пәндік кештердің тақырыптарына байланысты жаңа жұмбақтарды, көбінесе, оқушылардың өздері ойлап шығарады, әділ қазылар алқасы жаңадан шығарылған жұмбақтардың мәнін, маңызын, көркемдік сапасын жан-жақты бағалай білуге тиіс. Жұмбақтардың дүниетанымдық, ой дамытарлық мінімен қатар, тәрбиелік мәні де ерекше. Өйткені жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау кезінде тәрбиеленуші өзінің білімін, дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта-жігері артады, жауапкершілікке бейімделіп, өнерге талпынушылығы артады.

Мәтелдер мен мақалдар – тәрбие құралы. Мақалдар – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі. Мақалдар, көбінесе өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады, қара сөзбен, яғни шешендікпен айтылатын мақалдар да бар. Мақал, негізінен, екі бөлімнен (көбінесе екі тармақтан) құралады. Бірінші бөлімде пайымдау (айтатын ойдың түп негізі), екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады («Еңбек етсең, емесің»). Тура мағынада («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»), ауыспалы мағынада («От жақпаған үй – қорамен тең, адам кірмеген үй – моламен тең») қолданылатын мақалдарды, көбінесе халық шығарған.

Мәтелдер, негізінен, тұжырым тұспалы өлеңде сыңар тармақты, қара сөзде нұсқалы сөз ретінде айтылады «Өлең – сөздің патшасы», «Қызым, саған айтам, келінім, сен тында», т.б. Мәтелдер де тура мағынада «Қадіріңді білгенге жұмса» деп және ауыспалы мағынада «Тікен гүлін қорғайды» деп айтылады. Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары: елдік, ынтымақ, бірлік туралы мақал-мәтелдер.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері мен өнеге сөздерінің адам мінезін тәрбиелеудегі

тәлімдік орны. Адам баласы тегіне тартып туатыны белгілі. Оның денесі, қимылы, жүріс-тұрысы, мінезі әке-шешесіне, көбінесе, әкесіне тартады. Тегіне тартып туған жеке тұлғаның мінезіндегі жалпы адами қасиеттерге сәйкес келмейтін кемшіліктерді өскен ортаның әсерімен, әсіресе, ұлттық тәрбие арқылы түзеуге болатыны анық.

Ұлы Абай: «Егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген екен. Данышпан Аристотель: «Біз тәрбиеде халық тәжірибесіне сүйенеміз», – деген болатын. Этнопедагогика ғылымы адам мінезі әлеуметтік жағдайға байланысты өзгерістерге ұшырағанмен, оны тәрбие арқылы жақсартуға болатынын дәлелдеп, мінезді тәрбиелеудің жолдарын, тәсілдерін көрсетіп берді. Біз қазақ этнопедагогикасының бұл саласында мінездің түрлерін анықтап, сол мінез түрлеріне байланысты жүргізілетін халықтық педагогикалық тәлім-тәрбие халықтың мақал-мәтелдері мен өнегелі сөздеріне негізделетін дәлелдеуді мақсат тұттық.

Балалар жырының тәрбиелік мәні. Қазақтың халық педагогикасында балаларға арнап шығарылған арнау-тілек өлеңдері, сұрамақтар, төрт түлік туралы жырлар, тақпақтар ерекше орын алады.

Арнау-тілек өлеңдері табиғат құбылыстары мен жан-жануарларға, құстарға қызығу сезімін оятып, эстетикалық әсер беру үшін, баланың дүниетанымын арттыру мақсатында шығарылған. Көктемнің шығуы тырнаның келуіне байланысты, сондықтан тырнаны көрген балаға: Тырна келді, тұр, Түндігіңді тұр. Арқан тарт, Сандық аш! – дегізеді халық. Мұндай жырларды жаттап айту арқылы баланың табиғат танымдылығы артумен қатар, сол табиғатқа деген аяныш сезімі дамып, ол табиғатқа қамқорлық жасауға бейімделеді.

Малды берсең, қойды бер!

Ұлды берсең, бойлы бер.

Жұртқа ақыл салқандай,

Ақылы артық ойлы бер!..

Сойса, саны қалақтай, Сауса сүті бұлақтай. Ешкі бассын үйінді... Даусы бар аздай, Желіні бар қазандай Сиыр бассын үйінді... Маң-маң басқан, маң басқан, Шудаларын шаң басқан. Төрт аяғын тең басқан, Екі өркешін қом басқан Түйе бассын үйінді. өңкей ала шұбардан, Жал құйрығы шұбалған... Жылқы бассын үйінді... – деп, халық әрі тілек білдіретін, әрі малдың қасиетін қастерлейтін сөздерді үйретіп, баланың төрт түлікке деген қамқорлығын қалыптастырады, мал шаруашылығы туралы дүниетанымын арттырады.

Балаларға өлең-жыр, тақпақ жаттатуда, олардың әрбір сөзді дұрыс айтып, дауыс ырғағын сол сөздің мағынасына қарай құбылта білуін қадағалап, сахнада, жұрт алдында қалай тұруды үйрету қажет. Сөз мағынасын тыңдаушыға толық, әсерлі жеткізуде дауыс ырғағы мен бет құбылыстың сөзге сәйкестігі үлкен мәнді нәрсе. Дауыс ырғағы арқылы бір сөзбен бірнеше мағына мәнін ұғындыруға болады. Яғни балаларға тақпақ жаттатқанда дауыс ырғағы мен бет құбылыс арқылы әрбір сөздің мән-мағынасын тыңдаушыға әсерлі жеткізуге, неғұрлым толық ұғындыруға болады.

Мазактамалардың тәрбиелік мәні. Мазактаманы халық балалардың бірін-бірі мінеуі, сынауы, шенеуі, әжуалауы үшін шығарған:

«Асан, жақсы баласың, Айтқан тілді аласың; Айтқан тілді алмасаң, Арам қатып қаласың», – деп мазактама айтушы екінші баланың кемшілігін көзіне айтып, ызаландырып, қажырын қайрайды. Мазактаманың негізгі мақсаты – баланың мінін көрсетіп, сынау, оны тәрбиелеу. Ал балалардың бірін-бірі мазактауы кезінде орынсыз пайдаланып, бір-бірінің арына тиіп, ызаландырып жасытуы мүмкін. Ондайда оларға үлкендік, салиқалық кеңес керек.

Ойын өлеңдерінің тәрбиелік мәні. Қазақтың халық педагогикасында ойын өлеңдері қызықты ойындардың эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ықыласын, бейімділігін арттырады.

«Жасырынбақ» ойынының өлеңдері жұп пен тақты ажыратып, ең соңына «табушыны» қалдыру үшін: Бірім, Екім, Тығыл! Бекін! Мен санайын Сен бол дайын: Сары шымшық – Шиқылдауық, Сарыала қаз – Саңқылдауық, қырман тауық – қырқылдауық, Сен тұр, Сен шық! – дейді.

«Шілік» ойынының өлеңі әрбір баланың ақындық бейіміне байланысты, егер ойнаушы сөреге дейінгі қашықтықта өлең сөзін тауып, дем алуға айла таппаса, оның сол қашықтыққа демі жетпей, ойыннан жеңіліп қалуы мүмкін, сондықтан ол неғұрлым үйлесімді ұйқас тауып, өлең тармақтарын молайтуға тырысады:

Ақбай! Тоқбай! Жирен Қаңбай! Өлекем – Молда! Өзің Қолда! Алға арай, Ал Қарабай! Зуу! «Айтыс ойыны» өлеңдерінің де халық педагогикасында өз орны бар – халықтық, тәрбиелік мәні бар өлеңдер. Айтыс өнері – қазақ халқының ұлттық ең сүйікті, әсерлі өнері. Сондықтан айтыс өнеріне жастайынан баулу үшін, халық айтыс ойынын шығарып, оның өлеңдерін құраған. Жаңа ойын өлеңдері заманына сәйкес, техникалық прогреске, өмір талабына лайықты шығарылған. Мысалы, «Тепловоз» деген өлеңді жаттаған бала, басқа балаларды «вагон» етіп, «тіркеп» поезд жүргізеді. Ойнаушыны еңбекке, өнерге, көркемдікке, бірлікке тәрбиелейді.

Отбасында ойын өлеңдерін, әсіресе, айтыс ойын өлеңдерін балаға оқытып, не жатқа айтқызып, олардың тәрбиелік мәнін пайдалана білу – ата-ананың борышы. Ойын баласы, ойын өлеңдерін өздерінше де ықыластана жаттап алады, тек олардың ойын сабақтап, үлгі көрсетуді үлкендер ұмытпау керек.

Балалар бақшасында ойын өлеңдері бойынша қызықты сценкалардың қойылымдарын ұйымдастыру керек. Мысалы, «Мен – тепловоз», «Алтын қақпа» т.б. өлеңдерді балдырғандарға жаттатып, сол өлеңдердің әндерін үйретіп, қызықты қойылымдарды балабақша сахнасына шығару қажет. Ол үшін тәрбиешілер мен ән танушылар, хореографистер (бишілер) жауапкершілікпен еңбек етуге тиіс. Мектептегі спорт алаңында

ойын өлеңдерінің әуені естіліп, әсемдік пен сымбаттылыққа үндеп тұрса, керегі – осы.

Шешендік, өсиет сөздердің тәрбиелік мәні. Шешендік сөздер – ел құралып, халық қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағасы болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздер.

Тарихта Тәуке хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым батыр тағы басқа белгілі адамдармен қатар, Жиренше шешен аңыздары және Досбол, Жидебай, Сауытбек, Қылышбай, т.б. шешендердің аты белгілі. Халық шешендік сөздерді заман өткен сайын әрлеп, әсерлі етіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде қазақ халқы шешен халық. Ол ұрпағын шешендікке тәрбиелеп келеді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздерді мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш топқа бөлуге болады, өлеңмен айтылған шешендік сөздер – термелі, қара сөзбен айтылғандары пернелі деп аталынады.

Шешендік сөздер шешендік ойдан туады. Оның ой қисыны, сөз тұжырымы, әуез ырғағы болады. Шешендік сөздердің ерекшеліктері: 1. Сөз қысқа болса да нұсқа болады. 2. Сөз «сүйектен өтетіндей» өткір болады. 3. Сөз қисыны дәлелді, ақиқатты болады. 4. Сөз «атасын танымайтын» туралығын тапқан, батыл болады. 5. Сөз тыңдаушысын баурап алатындай, әсерлі болады. 6. Сөз «жүйесін», тыңдайтын «иесін» тауып, мақал-мәтелге айналады. 7. Сөз дауыс ырғағымен, салмақты, әсерлі айтылады.

Жиын-тойда, мәжілістерде, бас қосу рәсімдерінде сөз жүйесіне шешендік сөздерді арқау етіп сөйлеу – қазақ қарияларының дәстүріне айналған құбылыс ретінде танылып, қазақ қариялары өнерпаз, ақын, философ халық шешендігімен де даналық қасиеттерін көрсетіп келеді.

Отбасында ата-ана бала тәрбиесіне үлгі етіп, шешендік сөздерден мысал келтіріп,

баланы әңгімеге тартып, ойын оятып отыруға міндетті, шешендік сөздерді тандап, отбасында оқуды әдетке айналдырып, әдеттен дағдыны, дағдыдан дәстүрді қалыптастыру ләзім.

Оқу орындарында шешендіктің (ораторство) мәнін жан-жақты ұғындыратын алуан түрлі әдеби жұмыстарды ұйымдастыруға болады: пікірталас, пікірсайыс, білім жарыстыру, сахналық қойылымдарды ұйымдастыру, т.б. Мысалы, қазақ халқының шешен билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би – халықтың ұлттық бірлігін нығайтып, халықтығын сақтауға зор әсерін тигізген данышпан ақын, шешен, ойшыл, гуманист көсемдер. Солардың бейнелерін сахнада көрсетіп, сөздерін өнеге етіп, қастерлі қойылымды ұйымдастыруға болады.

Терме жырлардың тәрбиелік мәні. Жырдың үлгі-өнеге, өсиет, насихат ретінде айтылатын түрі – терме деп аталынады. Термеде жырау өмір тәжірибесінен алынған философиялық ой-шешімдерін айтады: адамгершілік қарым-қатынасты, өмірдің философиялық мәнін түсінуді, адамгершілік пен әділетті, әсемдік пен әуезділікті уағыздайды. Терме жыраудың, жыршының өз әуенімен (сарынымен), мақамымен айтылады. Терме айтушы оның әуенін, көбінесе домбыраға, гармонға қосып айтады.

Термеші адамгершілік пен зұлымдықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, жаман мінез бен жақсы мінезді салыстыра жырлап, тыңдаушыны адамгершілікке, достыққа, бірлікке, еңбекке, өнерпаздыққа тәрбиелейді. Терме жырлардың, оның әуенінің авторы белгілі болады. Термені жаттап алып, халыққа таратушы өнерпаз-термеші деп аталады. Соңғы уақытта аудандық, ауылдық мектептерде термешілер сыныбы ашылып, термешілер мектебі ұйымдастырылды.

Отбасында баланың өнерге бейімділігін дамытып, домбыра тартуды үйреніп, терме жаттауына ата-ана мән бере қарап, жанып келе жатқан дарынға жауапкершілікпен жол ашуы керек. Термені айтушы оны әуенімен қоса жаттайды, сондықтан баланың әуенді

абайлап, әуеннің әсемдік ырғақтарын ажырата білу қабілетін бағалай білуі керек. Мектепте жас термешілер үйірмесін ұйымдастырып, оған басшылық жасау – әдебиет пәні оқытушысының міндеті. Терме үйірмесіне қатысушыларының әрқайсысы бір-бірін қайталамай, өз алдына басқа-басқа термелерді жаттау керек. Мектепте термешілер кешін өткізіп, терменің жырын да, әуенін де, жоғары дәрежеде жақсы айтқан оқушыны (термешіні) мадақтап, оның өнерін мектеп радио торабынан бастап, облыстық, республикалық радиохабарлар мен телехабарлар арқылы насихаттай білсе, былайынша да өлеңшіл халықтың термешілік өнері дами береді де, ұлттық мәдениетіміздің бір ерекшелігін көрсететін болады.

Халық аузында ертеден айнымай келе жатқан Қазтуған жырау, Жиымбет жырау, Бұқар жырау, Майлықожа, Қашаған жырау, Базар жырау, Иманжүсіп жыраумен қатар, кеңестік дәуірде шыққан Жамбыл, Нартай, Кенен ақындардың термелік әуендері (сарындары) тарихтың толғамалы толқындары сияқты өлең жыр өрнектерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін замандар мен заманалардың алтын арқауды әсем әуендері.

Терме жырлар, көбінесе 7-8 буынмен жеңіл айтылады да, олардың әуендері де жедел жаттап алуға бейім келеді. Термешілер бұрынғы ақын-жыраулармен қатар, қазіргі ақындардың да өсиет жырларын термелік әуенге қосып айтады. Терме – жастарды өнерге баулудың, адамгершілікке тәрбиелеудің қуатты құралы.

Ертегілердің тәрбиелік мәні.

Хайуанаттар туралы ертегілер көне заманда елдің және аңдардың, малдың киесі бар деген сенім қалыптасқан кезде пайда болған (ақ қасқыр, шопан ата, Шек-шек ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба, Қамбар ата, т.б.) ол дами келе, тыңдаушыны қуантатын, көңілдендіретін ертегілермен толысты. Қазіргі хайуанаттар туралы ертегілерде космосқа ұшып жүрген («Бәгіңке, шұжық, балқаймақ») хайуанаттар мен төрт түлікті көреміз.

Ертегілердің ішіндегі баланың қиялын шарықтатып, балалық шақтың болашағын елестетіп, келешекке сеніммен қарауға тәрбиелейтін ең әсерлі ертегілер – қиял-ғажайып ертегілері. Ертеде «ұшқыш кілем» ойлап шығарған халық енді «Зымыранның» өмірде бар екенін тілге тиек етіп, жұлдыздар мен планеталарды еркін аралайтын алыптар туралы ертегілер шығарды. Мұндай ертегілердің көпшілігі ғылым болжамдарына сәйкестендіріліп шығарылады. Сондықтан оларды ғылыми-фантастикалық ертегілер деп жүрміз. Тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер халықтың тарихи талаптарына байланысты туған. Онда бай баласы мен жарлы баласының таптық айырмашылықтары сөз болады, ақылды кедей мен сараң бай, қанағатсыз саудагер, ақымақ хан мен данышпан шаруаның іс-әрекеттері, мінез-құлықтары суреттелінеді.

Батырлық ертегілерде елін қорғап, халқын қадірлеген ерлердің таңғажайып іс-әрекеттері баяндалады («Күн астындағы Күнекей қыз», «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», т.б.) олардың ерліктері мен еңбектері, адамгершілік іс-әрекеттері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп айтылады. Көбінесе, қиял-ғажайып ертегілер мен батырлық ертегілер бір-бірімен сабақтас, өзектес келеді. Сондықтан, көп батырлық ертегілерді әрі қиял-ғажайып ертегілер деуге болады. Аңыз ертегілер мен күлдіргі ертегілер негізінен, Алдар көсе мен Жиренше шешеннің, Қожанасырдың есімдерімен байланысты. Ондағы кейіпкерлер сараң бай, зұлым хан, қанпезер уәзір, қуақы құл, еріксіз қыз, еңіреп туған ер-азамат болып келеді. Онда зұлымдықты тапқырлық жеңіп отырады.

Зиялы отбасында ертегілер бойынша, қуыршақ театрын ұйымдастыру, ертегілер инсценировкалары бойынша қойылым көрсету ұйымдастырылады. Әрине, ол үшін уақыт, жағдай керек. Сол уақытты пайдалана білуді, жағдайды ұйымдастыруды, білімдарлықпен, жауапкершілікпен игеретін ата-аналар болады. Өйткені, тәрбие – ата-ананың негізгі борышы, күнделікті

іс-әрекеті, абыройы, ары [4]. Балалар бақшасында ұйымдастырылатын ертегілер бөлмесі әркім әсер алатындай әсем, мазмұнды, ғажап көріністермен безендірілуге тиіс. Ертегілер бөлмесінде ертегілерді айтып, көрсететін қуыршақ театры жұмыс істеуге тиіс. Әрине, қуыршақ театрының негізгі артистері балдырғанның өздері болады. Ертегілер бөлмесінде ертегі айтып беру, балдырғандарға ертегі айтқызу, т.б. жұмыстар жоспарлы түрде ұйымдастырылады. Онда ертегілердің кейіпкерлерімен кездесу, ертегілер маскарадын өткізу ісі де қызықты өтеді.

Мектептегі әдебиет және ертегілер бөлмесі ертегілердің тарихи, әлеуметтік маңызына сәйкес безендірілуі керек. Мектеп сахнасында қуыршақ театры арқылы, драма үйірмесі арқылы қызықты ертегілерді көрсету жұмыстары үздіксіз ұйымдастырылу қажет. Ол үшін әдебиет пәнінің оқытушысымен қатар, суреттен, музыкадан, тарихтан сабақ беретін оқытушылар да мектеп сахнасының ісіне белсене қатысып, беделді жұмыс атқарса, тәрбиелік мақсат-мүдделер жан-жақты жақсы орындалып, өз биігіне жетеді.

Аңыз әңгімелердің, даналық сөздердің тәбиелік мәні. Халық өз ұрпағының ұлағатты, білгір, батыл, батыр, ойшыл, еңбекқор, өнерпаз болып өсуі үшін, оған үлгі-өнеге етіп аңыз әңгімелерді де бардан құрап, сары алтындай сақтап келеді.

Аңыз әңгімелер: 1. Аспан әлемі, жан-жануар, жер, су, мекен аттары туралы. 2. Ру, тайпалардың шығу тегіне байланысты. 3. Діни мистикаға (дәріптеу – қиял-ғажайып). 4. Әлеуметтік утопияға (үміт, қиял). 5. Тарихи қаһармандық туралы құрылады.

1. «Жетіқарақшы», «Үркер» жұлдыздары, «Самұрық», «Бозінген» туралы аңыз әңгімелерде жұлдыздар мен аңдар, құстар адамша сөйлеп, ғажап тірлікпен, ғажайып оқиғаларды басынан кешеді.

2. «Үш жүз», «Алты арыс Алаш», «Домақ ене», т.б. аңыз әңгімелерінде ру, тайпалардың шығу тегі туралы өсиетті-өнегелі ойлар айтылады.

3. «Жерұйық» атты аңыз әңгімеде әлеуметтік арман-талап, мұң-мұқтаждың қиялдағы ғажап жақсылықтары орындалып, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбітшілік заман суреттеліп, молшылық тұрмыс-ахуалдың дәуірлеген кезеңі баяндалады.

4. Тарихи қаһармандықты насихаттап, данышпандар мен шешендерді, батырларды үлгі-өнеге етіп көрсететін аңыз әңгімелер өте көп. Асанқайғы қазақ еліне жақсы жай іздейді. Қорқыт ата халыққа өлмейтін өмір, өшпейтін өнер іздейді. Төле би қазақ халқының бірлігін көксеп, басын біріктіреді. Кейкі мен Амангелді жаңаша жақсы заман орнатпақ болады. Қажымұқан дүние жүзіндегі ең күшті палуан – қазақ елінің атын, даңқын шығарған тұлға ретінде танылса, Төлеген Тоқтаров ерліктің шыңын, Мәншүк пен Әлия – ержүрек қазақ қызының бейнесін көрсетеді.

Отбасында аңыз әңгімелердің сан салалы, алуан түрлі үзінділерін айта біліп немесе қызықты аңыз әңгімелерді кітаптан балаларына оқытып, тыңдауды ұйымдастыру ата-ананың

міндеті. Мектепте, әсіресе тарих, әдебиет сабақтарында және ол пәндердің үйірме жұмыстарында аңыз әңгімелерді пайдалана білу оқытушының білімдарлығы мен жауапкершілігіне байланысты. Өнерпаздар мен ой тапқыштар жарысында да аңыз әңгімелерді пайдалану тәсілдері қолданылады.

Қанатты сөздер мен даналық сөздер – даналар мен шешендердің ел аузында жатталып, өсиет, өнеге, аңыз ретінде айтылатын сөздері. Халық педагогикасының бұл түрінің шығарушы иесі белгілі болады. «Отан – оттан да ыстық» (Бауыржан Момышұлы), «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның» (Абай Құнанбаев) қанатты, даналық сөздері ақыл-ой тәрбиесі үшін білім беру бағдарында көптеп пайдаланылады.

Қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр жауады; шілде қоңыз көп шырылдаса, құрғақшылық болады, мезгілсіз сиыр мәңгіреп, ит ұлыса, жер сілкінеді, т.б. халық тәжірибесінен түйінделіп айтылған сөздер баланың дүниетанымдылығын арттырады.

Әдебиеттер

1 Халық педагогикасының бұл саласы ғасырлар бойы бала тәрбиесіне өз өрнектерімен әсер етіп, қазіргі көркем әдебиет нұсқаларымен дамып келеді [Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. - 99 б.

2 Этнопедагогика. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық Педагогикалық Университеті, 2010. - 67 б.

3 Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1995.

4 Дәрісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: «Рауан», 1995. - 12 б.



«Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу»

А.С. Макаренко



ӘОЖ 8.82.1.39.396

С.Ғаббасов

*Жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор,
Зайсан ауданының құрметті азаматы,
Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты,
Халықаралық Нострадамус атындағы академияның
толық мүшесі – Академик*

САҚ ПАТШАСЫ ҚАЙЫРА ЖЕРЛЕНДІ СЫР АШУ

Бұл мақалада шығыстағы Зайсан өңірін көмкерген, Сауыр тауының қойнауындағы Шілік-ті жазығынан табылған «алтын адам», біздің эрамызға дейінгі VII-VIII ғасырда жерленген «Сақ патшасының» мұрағаты жайында айтылады.

Түйінді сөздер: дәуірлердің үлгісі, Сақ патшасы, Алтын адам, мұражай, дәуір, мұрағат, археология.

В этой статье написано о «золотом человеке» который был похоронен VII VIII веке до нашей эры в округе Зайсана находящийся возле лошины горы Саура в долине Чилика.

Ключевые слова: образец эпох, Сакский царь, Золотой человек, музей, эпоха, архив, археология.

In this article it is written about a «gold man» that was buried VII VIII century to our era in neighbourhood Zaisan being near the dale of mountain of Saura in the valley of Chilik.

Keywords: standard of epochs, tsar, Gold man, museum, epoch, archive, archaeology.

Алаш жұртының бүгінгі ұрпағы, терең тұшынып толғана білсек, Қазақ халқының тарихы, Күлтегіннің «Тас кітабында» жазылғандай: «Биікте - көк Тәңірі, төменде – Қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған...» - дейтін өсиетінен, біздің көне мәдениетіміз бүкіл адамзат өркениетімен астасып жатқанын аңғару қиын емес. Осынау, Тәуелсіздігімізді алған 22-ші жылдың ішінде, Ұлы Даламыздың төрт құбыласынан табылып жатқан «алтын адамдар» мен «көне қалалардың» орындары, өткен дәуірлеріміздің сыры мен шынын айпарадай етіп ашуда! Осыншама мол, археологиялық бай мұраларды қолға ұстай отырып, бүгінгі айтып жүрген «көшпенділер өркениеті» дейтін атаудың өзі қате сияқты. Сірә, бұл бізді үнемі кемсіте сөйлейтін «Европацентризмнің» жапқан, жалған жаласы болса керек. Олай болса, оны – «Түркі әлемінің өркениеті» немесе «Тұран өркениеті» – деу, әлдеқайда тарихи да, ғылыми да дұрыс болар еді. Өйткені, күллі адамзат қауымы алғашқы кездерде барлығы да «көшпелі» болғандары белгілі. Ендеше, сол «көшпелі ұғымның» бізге ғана жабысып қалғаны, тіпті де әділдік болмаса керек...

Біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтардағы, сақ пен ғұн тайпалары өркениеттерінің даму кезеңдері жайындағы мағлұматтар, әсіресе Түркі әлемінің қара шаңырағы болып табылатын, Алтай аймағында сақталған: Берел, Шілікті, Майемер, Ақсуат; Жетісудағы – Жалаулы, Тендік, Берікқара, Қарғалы, Быжы мен Ұлжан; Батыс Қазақстандағы – Аралтөбе, Сынтас, Бесоба, Тасастау, Қырықоба; Торғай даласындағы – Бестамақ пен Кеніш; Арқадағы – Байқара, Талды-2; Арал маңындағы – Баланды мен Түгіскен, Шірік-рабат пен Ұйқарақ тәрізді ескерткіштерді зерттеу нәтижесіндегі нақты деректерден алынады...

Ендігі бір арнайы сөз етуді талап ететін мәселе – «Сақ» пен «Ғұн» атаулары жайындағы түсініктердің «сыры» мен «шынына» назар аударған жөн сияқты. Себебі, осы атауларды әркім әртүрлі түсініктерде жазып жүргені де мәлім. Мәселен, жас

тарихшы Ербол Бекболатов: «...Қазіргі Қазақстан территориясына келген «Ғұндар» тұрғылықты «Сақтарды» (скиф) қуып шықты. Жеңілген сақтар Иран, Үндістан халықтарының ішіне сіңіп кетті. Аз бөлігі ғұндарға сіңуі мүмкін. Сақтар жалпы Иран тілдес европоидтық нәсілден болған. Ал ғұндар моңғолоидтық нәсілді, әрі ежелгі түркі тілінде сөйлеген[1], – деп, біз атабамамызға балап жүрген Сақтарды, мүлдем Иран нәсіліне жатқызыпты. Дәл мұндай тұжырым, осы күнге дейін айтылып та жазылып жүрген ұғымдарда жоқ. Ал мынау Ерболдың айтуынша, кеше ғана атабамамызға балап, Шіліктіге апарып сүйегін қайыра жерлеген «сақ патшасы» Түркі емес, иран нәсілі дегеніне сену қиын. Тарихи деректегі бұрынғы түсінік бойынша, Түркілермен үнемі жауласып жүрген Парсылар, түркілерді «сақ» (ит) десе, қытайлар өз тілдерінде «ғұн», «кун» (тентек құл) деп атайтынын білуші едік. Ендеше, жас тарихшының жоғарыдағы сөзі, аласапыран ақ көбік тәрізді. Жалпы тарихты бұрмалап, терең зерттеп анықтамай пікір айтудың зардабы аса ауыр. Оның үстіне Түркі өркениетінің көне тарихтары, Қытайдың, Парсының, саудагер - саяхатшылардың жазбаларында болғандықтан, олар өздеріне жау санайтын Түркілерді дұрыстап, ақиқатпен анық етіп жазбайтыны да түсінікті. Тіпті, кешегі Ресейдің билеп-төстеген уақытында да, шала сауатты офицерлер мен чиновниктердің біз туралы жазған жазбалары мен бұйрықтарын да, таптырмайтын тарихи деректерге балайтынымыз рас. Міне, осылардың барлығында терең анализден өткізіп қабылдаған жөн. Әйтпесе, қайбіреулердің бәленше архив материалдарынан дегенді алға тартып, дуылдатып көзсіз қабылдауды тоқтатудың уақыты жеткен сияқты...

Ал мынау сөз еткелі отырған, кеше ғана 2013-ші жылдың 25–30-шы маусым аралығында болған деректі әңгіме, сонау шығыстағы Зайсан өңірін көмкерген, Сауыр тауының қойнауындағы Шілікті жазығынан табылған «алтын адам» жәй ғана табыт емес, біздің эрамызға дейінгі YII-YIII ғасырда

жерленген «сақ патшасының» мұрағаты болып шықты. Осыншама, адамзатты таңқалдырған құндылықты, белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаев - 2003 жылы ашып жариялаған еді. Оның алтынмен апталған «Сақ патшасы» екендігін, Италия ғалымдары мен Москвадағы Герасимов атындағы ғылыми зерттеу институты дәлелдеп берген. Кеше «сақ патшасының» сүйегін қайыра жерлегенде, сол италия ғалымы да бірге болды.

ОҚИҒА ЖЕЛІСІ

Бұл оқиға жайында, 2003 жылдары жазылған басылым беттерінен оқығанмын. Содан кейін, екінші кездескенім, 2009 жылы Шығыс Қазақстанның облыс орталығы Өскеменде өткен, Зайсан ауданының күніне арнайы шақырылып қатысқанда, археолог және тарихшы Әбдешті және «сақ патшасының» суреті қойылған, киіз үйдегі экспонаттарменде танысқан едім. Бірақ ол кезде Әбдеш мырза, ол мұрағаттың қазылған күйі ашық-шашық қалғанын айтқан жоқ. Тек, алтын бұйымды заттардың мол болғанын жан-жақты әңгімелеген еді. Бұдан соң, бұл мәселе жайында еш хабарым болған емес. Ал мынау соңғы оқиға, ойда жоқта кезіккендіктен, қысқа болса да қағаз бетіне түсіруді жөн санадым... Кешегі өткен маусым айының орта кезінде, «қалта телефоныма» қоңырау шалған жігіт:

– Ассалаумағаликум аға, мен Зайсанның баласымын. Сізбен кездессем бе? – деп едім...

– Ағаликумуассалам, айта бер, не жайында?–

– Аға, кешіріңіз, айтатыным телефонның әңгімесі емес еді...

– Ә-ә, солай ма, жарайды, келістік. Мен қазір жұмыс істеп отырмын. Сағат 16-да демалуға шығамын, анау «Рамстордың» жанындағы шағын бақта тұрған Нұрғисаның (Тілендиев) ескерткішінің жанында жолыға-йық...

Міне, осылай Айдын Егеубаев дейтін азаматпен жолығып, біраз әңгімелестік. Айдын

ізетпенен үн қатып:

– Аға, өзіңіз жақсы білесіз, Шілікті жазығындағы «Бәйге төбеден» табылған «Сақ патшасының» сүйегін және 2277-ден аса алтын бұйымдарды алып, қазба іздеушілер ойран-топырын шығарған күйі кетіп қалған еді. Содан бері қарай, бұл аймақта табиғат апаттары жиілеп, тұрғылықты жұрттың көрмеген азаптары жоқ, – деді.

– Жә - ә, Айдын қарағым асықпай айтшы! Бұл қопарып тасталған зират па, әлде мұрағат па?

– Аға, оның қайсы екенін білмеймін. Бірақ, төбенің үстіңгі топырағын алған соң, жуан -жуан қарағайларды қиыстырып тұрғызылған ағаш үй шығады. Үйдің ұзындығы – 7,5 метр, ені – 4,5 метр, биіктігі – 3,0 метр екені анықталады. Археологиялық топты басқарушы профессор Төлеубаев Әбдеш бірден мемлекет басшыларымен хабарласып, сол кездегі мәдениет министрі Құл-Мұхамбетов Мұхтар тік ұшақпен жетеді. Бірақ министр дұрыс нұсқау бермеген болу керек, қазба іздегендер алатындарын алып, сол қорыс-қопасы шыққан күйі, ашық-шашық тастап кетіп қалады. Анау ағаш үйдің қабырғалары бұзылғаны бұзылған бойы шашылып жатады. Кейін қыс келгенде ағаштары отқа жағылады. Міне, осыдан кейін-ақ, қысы жазы малдары жайылыммен шығатын Шіліктінің ауа райы қатты өзгерістерге ұшырап, өмірі болмаған 2010 жылы көктемде екі ауылды түгелімен су шайып кетеді. Адамдар арасында ауру көбейіп, балалар жарымжан болып туа бастайды. Содан, бүкіл Шілікті жазығын мекендейтін барлық халық жиі-жиі жиналыс жасап, үкіметтен «Сақ патшасының» сүйегін қайыра жерлеуді талап етеді. Міне, осынау туған жеріміздің мәселесімен, бірнеше жылдар бойы Сақан Акелеев ағамыз екеуіміз шұғылданып, әрең дегенде «Сақ патшасының» сүйегін алдық, – деп Айдын бір тоқтады.

– Әйтеуір, занды түрде шешілді ғой.

– Иә-ә, аға, бұл шаруаның азабы аз болмады. Үкімет бір тиын да қаражат берген жоқ. Барлық қаражатты өз қалтамыздан шы-

ғардық. Әйтеуір, сүйекті алдық. Енді, міне, 10-жыл өткенде қайыра жерлемекпіз. Жақында, маусым айының 25-күні «баспасөз конференциясы» болады. Осы жиынды, өзіңіз басқарып беруді сұрап отырмын...

– Бәрекелді, азаматым! Ердің ері ғана бітіретін шаруа жасапсыңдар, Алла жарылқасын, рахмет, – деп келісімімді бердім. Белгіленген күнінде баспасөз жиыны да өтті. Қызу талқылаумен, сұрақ-жауап көптігімен пікір алмасылды. Келесі күні Айдын, Сақан, Орал, Ерболат, Оралжан тағы бірнеше азаматтар маған келіп, сонау 1500 шақырымдағы Шілікті сапарына бірге жүруімді өтінді.

Біраз ойланып:

– Өтініштерің жөн. Әйтседе, менің жасым келіп қалған адаммын ғой, – дегеніме, олар көне қоймады.

Жарқын-жарқын сөйлейтін Сақан мырза:

– Аға, жайлы машина болады. Өтінеміз..., – деді. Сөйтіп, 27-ші маусым күні, сағат 15-те сүйекті арнайы жабдықталған машинаға жайғастырып жолға шықтық. Жүрер алдында, машинаға салып жатқан сүйекті түсіріп, менен сұхбат алған «Ұлттық арна» мен «КТК» және «24-ші» телеканалдары жазып алды. Осылайша ұзақ сапарымыз басталып та кетті. Сүйекті жерлеуге баратын адамдар да көбейіп, төрт машинамен жолға шықтық. Қапшағайдың су қоймасынан өтісімен-ақ, себезгілеген жауынмен салқын самал соқты да тұрды. Кеш жастана Талдықорған қаласына жетіп тамақтандық та, жүрісімізді ары қарай жалғастырдық. Жолай Ақсу, Сарқан, Үшаралдарды көктей өтіп, таңғы сағат 5-те Аякөзге жетіп, аудан әкімшілігінің әзірлеп қойған қонақ үйінде дамылдадық. Келген бойда жатып қалсақ, сағат 10-да шайға оятқанда, ұйқымыз қанып, сергіп тұрдық. Көп айналмай, бірден сапарымызды жалғастырып кеттік. Жолай Жарма мен Көкпектіні басып, Шорғадағы Қаракерей Қабанбай батырдың ат үстіндегі ескерткішіне тоқтап, Ұлы Қолбасшының аруағына Құран бағыштадық. Жолда ешбір қиыншылық болған жоқ. Кешкі сағат 18-ден кете Зайсан қаласына жеттік. Қала іші орманға оралып, көше бой-

ларын гүлзармен күлтелендіріп қойыпты. Он жылдықты бітірген жастық шағым, алдымнан жайрандай түсіп, жамырап шыққандай күй кештім. Менің Зайсанға соңғы рет келгенімнің өзіне, тіпті 22-жылдан асып барады екен. Біздерді аудан әкімінің орынбасары Долдан бауырымыз бен ішкі саясат бөлімінің бастығы Зумұрат қарындасымыз қарсы алды. Дайындап қойған бөлмелерге кіріп шықтық та тез жиналып, бірден 12-шақырымдай қашықтықтағы Бақасу жерінде жатқан, анашым Әсия Құсайын қызының зиратына келіп құран бағыштадық. Өскен жерімді көргендіктен бе, бойыма кереметтей күш құйылып, аз-кем шаршағандықтың өзі сейіліп кетті. Салқын ауа самал желмен батып бара жатқан күннің шапағынан ерекше бір мейірім құйылып тұрды... Бірер сағаттан кейін қайыра Зайсанға келіп, кешкі қонақасымызға отырдық. Астан кейін жаныма келген Зумұрат өздерінің жасап қойған ертеңгі жиынның бағдарламасымен таныстырды. Бағдарламаны негізінен той ретінде өткізбек болған кемшілігін көрдім де, мұны маған қалдырып кетуін сұрадым. Ел аяғы басылған соң, Сақан екеуміз түн жарымына дейін отырып, бағдарламаны түбегейлі өзгерттік. Ертеңінде ертелетіп жеткен Зумұратқа түсіндіріп, оның ризашылығымен Сақан екеуі қайыра басып шығаруға әкімшілікке кетті. Тәңертеңгі шайдан кейін, кеше ғана облыс әкімі Сапарбаев Бердібек тағайындап кеткен Зайсан ауданының жаңа әкімі Алмас Оңдақанов қасындағы адамдарымен сәлем беруге келді. Қасында орынбасары Долдан мен маслихат хатшысы Дәулеттер де інілік ізеттерін көрсетіп жатты. Осылайша көп ұзамай 70-80 шақырымдай қашықтықтағы, Шіліктінің жазығына бет түзедік. Аспан шайдай ашық, көгілдір түске малынып, салқын самалымен мөлдіреп тұр. Алматыдан бірге келген барлық азаматтар кеше сүйекті алып, кешкі астан кейін Шіліктіге жүріп кеткен болатын. Олар сол жақтағы дайындықтармен шұғылданып жатқандарын үнемі хабарлап тұрды. Біздер аудан әкімі Алмастың машинасында әңгіме-дүкен құрып, тау арасынан салынған тастақ жол-

мен жортып келеміз. Кідірместен жүргеннің өзінде екі сағаттай жолда жүріп, «Бәйге төбенің» бауырына келіп тоқтадық. Жиналған халықтың қарасы мол көрінеді. Келіп амандасып қарсы алушылардың ортасында қалдық. Мен сонау балалық шағымыздағы замандастарымның көбін тани алмай қалдым. Жас келген кездегі, өзгерістерді ысырып тастау мүмкін емес екен ғой...

Шілікті ауылының «мәдениет үйінің» алдында, жиналысты Сақан жүргізіп, алғашқы сөзді маған ұсынды. Осыдан 29-ғасыр бұрынғы ата-баба тарихынан қысқаша сөз қозғап, қазіргі археологиялық зерттеу тәсілін өзгерту қажеттігін айттым. Бұрынғыдай



материалдық байлықты алуға ұмтылатын, қалай болса – солай қопарып тастайтын «қарақшылық тәсілді», үзілді-кесілді тоқтату керектігін сөз еттім. Аздап «адам тәрбиесінің жаңа ілімінен» сыр шертіп, халқымыздың дәстүр-салты мен тәрбиесінде қабағат ауыр кемшіліктер бар екеніне тоқталдым. Мынау он жылдан кейін, кезінде жіберген қателікті қайыра түзетіп жатқанымызда, сол тәрбиедегі ауыр кемшіліктердің көрінісі екенін айттым. Тән тәрбиесінен басқа, Жан мен Рух тәрбиесін қысқаша айта келіп, мынау ата-баба аруағына беріліп жатқан Асқа және Сіздерге арнап әкелген «жаңа ілімнің» 100 кітабын тегін таратып бермекпін. Қиыр шетте жатқан жерлестеріме әкелген сәлемдемем осы. Ауыл-аймақтарыңыз аман болып, ел-жұртымызға береке бірлік пен бақыт келсін. Қаптаған халық, айтылған сөз-



ді қыбыр етпей тыңдады. Жұртшылыққа жаңадан әкім болып келген Алмас мырзаны таныстырып, оның алғашқы күні басталған жұмысына бата берілді. Сөз алып пікірлерін білдірушілер көп болды. Оларда өздерінің жол-жоралғыларын жасап жатты. Жиналыс соңында аудан әкімі Алмас екеуміз «сақ патшасының» 2,5 метрлік ескерткішінің лентасын кесіп, алтындай жарқыраған ажарлы тұлғасын аштық. Халықтың қуанышында шек жоқ. Көп адамдар мені жібермей қаулап, кезек-кезек суретке түсудің өзі ұзаққа созылып кетті. Өлден уақыт өткенде ғана, ас берілетін дастарханға босатты. Астың жалғасы үлкен концерт пен бәйге жарысына ұласпақ. Біздердің оған қарауға уақытымыз болмады. Жаңа келген әкімнің де шаруалары шаш - етекпен екен. Бірден Зайсанға жүріп кеттік. Кешке жақын аудан әкімі Алмас мырза өзі басқарып, Алматыдан келген азаматтарға қонақасы берді. Сақан екеуімізден басқалары, тамақтан кейін-ақ қайтар жолға аттанып кетті. Әр қилы әңгімелермен кеш марқайтып, біздер де қонақ үйге келдік. Бұйырса ертең таңғы 4-те тұрып жолға шықпақпыз...

САПАР СОҢЫНДАҒЫ – ҒАЙЫПТЫҚ ҚҰБЛЫСТАР

Бүгін, яғни маусым айының 30-ы күні, жайлы төсектің үстінде жайбарақат жатып-ақ ұйықтай алмадым. Түнгі сағат үште оянып, әртүрлі ойлармен шырмалып біраз жаттым. Бірақ жанымда жатқан жігіттерді оятқаным

жоқ. Өйткені, алдағы ұзақ жолда машина жүргізетін Ерболдың әлі де, біраз демалғаны жөн сияқты. Әйтседе, уақыт шіркінде тоқтау жоқ қой. Таңғы сағат 4-ке қоңырауын қойған Сақанның сағаты қатты шырылдап, жігіттерді оятып жіберді. Өздерінше туған жердің адамдары, жаны қалмай сыйлаған болып жатыр. Оларына рахмет! Дереву төмендегі аспасшының әзірлеп қойған шайын іштік те, кідіrmестен таң қараңғылығымен сапарымызға аттанып та кеттік. Дәп келген күнгі ауа райындай, мезгіл-мезгіл себезгілеген жауын, қоңыр-салқын самалымен жайдары қалып танытып тұр. Осылайша, Зайсан қаласынан 3-4 шақырымдай шығып та кеттік. Жазғы таңның шапағы тез жайылып, жолда бізден басқа ешбір машина жоқ екенін анық көрсетіп тұр...

Кенет алдымыздан маң-маң басқан «жолбарыс түстес ит», ақ сызықтан аттап өтті де, қайта бұрылып - екі аяғына басын қойып, бізге қараған күйі жата қалды. Мұндайды күтпеген біздер, аң-таң күймен аңырып қалыппыз. Машина ішінде отырған бізге, етпеттеп жатқан иттің мейірімге толы жанары, ап-анық көрініп тұрды. Осынау бір оқыс көріністен ес жыйа алмай қалдық. Ол ит сол жатқан бойы, біздерді шығарып сап қала берді. Алғашында не дерімізді білмей, біздер тоқтамастан жүре бердік. Тек, біраз уақыттан кейін ғана тілге келіп, таңырқасқан сезімдерімізді айта бастадық. Қайта-қайта жаңағы көрініс көз алдымыздан кетпей қойды. Осындай әсермен, тіпті «Қарабұлақ» ауылынан өтіп кеткенімізді де аңғармаппыз. Манағыдай емес, енді сатырлата жауған өткінші жаңбыр, құйып-құйып жіберді де тоқтай қалды. Бұл кезде біздер «Сарбұлақтың» жазығында келе жатқанбыз. Мөлшермен 40-50 шақырымдай жол жүріліп қойдық...

Әлден уақытта, біз келе жатқан жолдың шетінде құбылаға бетін беріп тұрған «аппақ Тайлақ», мойнын бұрып бізге қараған күйі, тапжылмастан қалып бара жатты. Оның бет әлпеті мен көз жанары, бізге бұл жолы да ап-анық көрініп тұрды. Артқы орындықта өзі ғана отырған Сақан:

– Бұл жақта түйе болмаушы еді ғой, – деп таңырқаған пейіл танытты.

Мынау екінші көрініске қатты әсерленген мен де:

– Сірә, бізге Алла да, Аруақ та риза сияқты. Мынау жай көрініс емес. Бұл ғайыптық құбылыс, – деген өз тұжырымымды айттым.

Мұны Сақан да, машина жүргізіп келе жатқан Ерболат та қоштады. Біразға дейін осы екі құбылысты әңгімелеумен болдық. Жүріс жайлы, күн салқын. Тағыда бір 20-30 шақырымдай жүріп қойдық. Оң жағымыздан жарқырай түсіп «Зайсан көлі» көрініп жатыр. Сол жағымыздағы «Маңырақ тауы» сілемдене түсіп, онан бөлектене көрінген аңыздағы «Толағай жотасы» ажарланып тұр. Міне, жолдың дәл осы кезеңінде, тағыда алдымыздан ұшып өткен жалғыз «Аққу» аса зор денесімен көрінді де жоғалып кетті. Бұл бізге көрінген үшінші «құбылыс» еді. Мұның әсері біздерге, тіпті ерекше болды. Осының барлығыда істеген ісімізге деген ризашылықтың нышанына балап, тағыда аруақтарға құран бағыштап бетімізді сыйпадық. Машинаны бүгін ерекше жігермен жүргізіп отырған Ерболат:

– Ата, әнеки Шорғағада келіп қалдық. Қабанбай бабамыздың ескерткішіде көріне бастады, – деп жарқын-жарқын сөйлеп, өзінің көңілділігін байқатты.

Оған жайдары жүзбен бұрылып:

– Иә-ә, ботам, Алла жарылқап, аруақтың ризашылығына бөленген деген осы. Енді аман-есен Алматымызға жетелік. Барынша сергек те сенімді бол, – деп, өзімінде жақсы сезім күйде отырғанымды аңғарттым. Осылайша Қалба тауын көктей өтіп, Жармадан асып, Аякөзді басып зымырап-ақ келеміз. Бүкіл сонау Зайсаннан бергі жердің бәрін көріп, Аршатау мен Алакөлді сыртынан қызықтап, күн бата Талдықорғанды айналып өттік те, тоқтамастан жүріп Қапшағайдың үстінде келеміз. Сәтті сапардың салтанатымен, кешкі 9,30-да Алматыдағы үйгеде жеттік. Бірге келгендер риза көңілмен хоштасып тарастық...

Зайсан - Алматы, 7.07.2013 ж.

ӘОЖ 37.01.015

С.Д. Ізтілеуова

*Абай атындағы Қаз ҰПУ
«Тұлғатану» орталығының жетекші
ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.*

КҮҢФУДЗЫ ЖӘНЕ АБАЙ: ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАР

Мақалада Күнфудзы мен Абайдың тәрбие толғамдары салыстырмалы талданып, ойшылдардың көзқарастарының практикалық мәні ашылған. Бірлік, достық, татулық сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды Күнфудзы насихаттаған жүрекпен танып, жүрекпен сезіну қасиеттері баса көрсетілген.

Кілт сөздер: *рухани құндылық, шәкірт тәрбиесі, ұлағатты ойлар, өзін-өзі жетілдіру, парасатты адам, құндылық, инабаттылық, адамгершілік.*

В статье на основе сравнительного анализа анализируется размышления Конфуция и Абая, раскрываются практические аспекты их взглядов. Пояснения Конфуци познанием и чувством сердца общечеловеческих качеств-единство, дружба и мир.

Ключевые слова: *духовная ценность, воспитание ученика, великие мысли, усовершенствовать самого себя, понятливый человек, ценность, мудрость, нравственность.*

On the basis of comparative analysis, analyzes the reflections of Confucius and Abaya, revealed the practical aspects of their views. Explanations of Confucius by cognition and sense of heart of common to all mankind internalss is unity, friendship and world.

Keywords: *spiritual value, education of student, great ideas, to perfect itself, quick in the uptake man, value, wisdom, morality.*

Адамзат тарихында Күнфудзының ұлы ойшыл ретінде алатын орны айрықша. Ойшыл ілімінің негізгі қағидасы – тұлғаның рухани жетілу мәселесі. Ал, бұл құбылыстың тірегі адамның адамгершілігінде және мейірбандылығы мен махаббатына қатысты деп есептейді ойшыл Күнфудзы. Өз пікірлерін адамзат үшін, ұлағатты ойларын мәнді сұхбат, әңгіме, сұрақ пен жауап ретінде насихат етеді. Ұстаз бен шәкірт арасындағы адам туралы толғаныстары даналыққа толы.

Әлемдік өркениеттің рухани бастауы ретінде Күнфудзының адам тәрбиесі жайындағы ұлағатты ойларының маңызы зор. Адамның мінез-құлқын танытатын, болмысы мен бітімін ажырататын сыпаттарын ой-

шыл бірауыз сөзбен түйіндеп отырады. Оның қысқа да, нұсқа, мазмұнды пікірлері, адамды жақсы мен жаманды ажыратуға тәрбиелейді. Ойшыл адамның ішкі мазмұнының маңыздылығына көңіл аударады. Сыртқы кейіптен гөрі ішкі сапалық қасиеттерді тәрбиелеудің қажеттілігін үйретеді. Күнфудзы ілімінің тірегі – адамның жетілуі, биік рухани деңгейдегі «адамды сүю» дәрежесіне көтерілуі. Ойшылдың алға қойған мақсаты өте күрделі де, терең.[1] Адамның рухани құндылығын тәрбиелеп, оны ізгілікке үйрету арқылы мемлекеттік идеологияны жақсартуды алға қояды. Ел басқару механизмінің негізгі кілтін «адамды сүю» арқылы қалыптастыруды мақсат тұтады.

Ел билеушілері «адамды сүю», «мейрімділікті» халқына арнауы қажет деген идеяны ұстануы маңызды деп есептеген. Оның ілімінде ұлттық этика мен мораль – тіректі мәселе. Күнфудзы өз ілімінде адамның болмысында, оның табиғатында этикалық бастау басым болады деп есептеген. Адамның жақсы сапалары мен жағымсыз сапаларын салыстырып отыра қарастырған. Күнфудзы адам баласының аспаннан берілген, туа біткен табиғи ішкі байлығы болатынын айтады. Сол игілікті дамытып, тәрбиелеп әкетуге келгенде кейбір адамдар салғырттық танытады. Адамның жақсы болмағы өз қолында. Адам өзін-өзі тәрбиелеу үшін өзінің жүрегіне үңілуі керек. Жүректің тазалығы, ойдың тазалығы, саналылық деген мәселелер бірінші кезекте болуы қажет деген қағидаларды ұсынады. Күнфудзының іліміндегі ең басты ұстаным – адамның өзін-өзі жетілдіруі. Адамның өзін жетілдіру мәселесі – бұл тіректі ұғым. Бәрінің бастауы осыдан басталады.

Отбасы тыныштығы, мемлекеттің баяндылығы адамның жетіліп, дұрыс өмір сүруінде деген қағиданы Күнфудзы ілімінде насихат етеді. Жекенің жетілуі басты принципке айналғанда ғана саналы тіршілік пен тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Күнфудзы адамгершілікті басты құндылық деп есептеді. Адамгершілікті әділдік, ақжүрек, махаббат тұрғысында баяндайды. Яғни, адамға деген махаббатты адамгершілік деп баға береді. Ал, адамның адамгершілікті болуы өзіне байланысты дейді. Адам адамгершілікке өзін-өзі жетілдіру арқылы ғана жетеді, – дейді ойшыл.

Күнфудзының адам тәрбиесіне қатысты ой-пікірлерінен қазақ ойшылдарының қағидаттарымен байланысты да байқаймыз. Күнфудзының «адамды сүю» деген мәселесі Абайдың «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», деген қағидасымен сай келеді. Дана-лар әр дәуірде өмір сүрсе де, олар көтерген идеялардың сәйкес келіп жатуы тарихта жиі кездеседі. Дана-лар адамзатқа ортақ мәселелер төңірегінде ой қозғайды. Олардың мәңгілік құндылықтар жайындағы пікірлері-

нің рухани сабақтасып жатуы себебі осыған байланысты сияқты.

Абай әділдік пен махаббатты үнемі дәріптеген. Абай дүниетанымындағы «адамды сүю» идеясының негізі «толық адам» концепциясының негізінде ұсынылады. Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек [2], – деп адамның жетілуіне қатысты тіректі мәселені ұсынады.

Адамның тумысында бар қасиеттерді ашып, қабілеттілікке жетілуі өз қолында. Бұл мәселені Әл-Фараби өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» еңбегінде көтерген. «Парасатты адам», «қайырымды адам» үшін қажетті сапаларды ұстамдылық, батылдық, қайырымдылық, әділдік, жомарттық ұғымдарын ұсынады. Осы сапалардың барлығы адамда тумысында бар, оны Жаратушыдан берілген деп есептейді ойшыл.

Абайдың отыз сегізінші қара сөзінің өн бойында кездесетін адам сапаларын айқындайтын ұғымдар: әділдік, қайырымдылық, ізгілік, шындық, ғылым. Абай: «Құдайтағала ғылымды, рахымды, ғадалатті, құдіретті еді. Сенде бұл ғылым, рахым, ғадалат үш сипатпенен сипаттанбақ: иждихатті (талапты) шарт еттің, мұсылман болдың, һәм хасләтпенен болар деген: сиддық (шындық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық)», – деп санамалап көрсеткен. Осы арқылы Жаратқанның адамды өзінің керемет сипатына ұқсас етіп жаратқанын және де адам баласы оған ұқсауға тырысқаны дұрыс деген ойды насихат етеді.

Ал, ойшыл, ақын Шәкәрім «әр ілімін» насихат етеді. Ұждан, ақжүрек, ақниет, қайырымдылық, әділдік, шындық, ізгілік ұғымдары арқылы «шынайы таза жан» ұғымын қалыптастырады.

Жоғарыда келтірілген үш ойшылдың адамның жетілуіне байланысты идеяларында үндестік, сабақтастық анық байқалып тұр. Жалпы Күнфудзы философиясында адам мәні «бес тұрақтылық» арқылы айқындалады. Адамды сүю – «жэнь» қайырымдылық, әділеттілік тұрғысында қарастырылады. Этикет, салт-ғұрып, сыпайылық – «ли», «чжи» –

парасат, ақыл немесе білім, «синь» – адалдық, сенімділік «и» – шындық. Абай еңбектерінде қайырымдылық, әділет, ақыл Күнфудзы философиясындағы «жэнь», «и», «чжи» ұғымдарымен сәйкестік байқалады. Адамның адамдық қасиеттерін жетілдіруді мақсат еткен ойшылдардың идеяларында сәйкестіктер жиі ұшырасады. Ойшылдар өздерінің ортақ идеяларында әрбір адам адамшылыққа өзінің жеке басының адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеуімен жетіле алады деген пікірге тоқталады. Адамгершілікке ие болу адамның өзіне ғана қатысты, – деп есептей тұра, адамгершіл адамның сапасын былай зерделейді: «Адамгершіл кісі ержүрек, бірақ ержүректің бәрі адамгершіл емес». Осындай қысқа ғана келетін ғибратты сөздерімен адам болмысының терең қырларының табиғатын ашады. Адамның сапалық қасиеттерінің әрқайсысының орнын реттілікпен қолданылудың маңыздылығын үйретеді.

Адам жүрегіндегі адами қасиеттерді жетілдіріп, дамыта алуы өзіне қатысты. Осы құндылықтарды адам күнделікті іс-әрекетте, қарым-қатынастарда орнымен, ретімен қолдана алса ғана қоршаған ортамен, табиғатпен үйлесімділік гармониясы туындайтыны анық. Осы тұста Абайдың он жетінші қара сөзіндегі жүректің қасиетін анықтайтын тағылымдық сөзін мысал етіп алсақ: «Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, ерітұғынмен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кеткенімен, әділет нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық, дейтұғын бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не?», – депті. Абай адами қасиеттер жүректе және оның тазалығына байланысты «адам болу» қағидасы туындайды деп есептейді. Абай жүректің сапасын ары қарай былай ашады: «Сенің үшеуіңнің басың қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ, сонда билеуші, әмірші – жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: Жақсылық айтқанына жаны, діні құмар болады, Көнбек түгіл, қуанады. Жаманшылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл, жиреніп, үйден қуып

шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – деп, ұқтырып айтушының аты ғылым екен»[3]. Осылайша Абай жүрек тазалығын сақтау үшін қажетті құндылықтарды сараптап көрсетеді.

«Өзің көркейген болуың үшін жүрек таза, түзетілген болуы керек (сіздің қазынаңыз қайда болса, жүрегіңіз де сонда болады). Жүрек таза, түзетілген болуы үшін ой шындығы мен саналылығы керек. Ой саналылығы үшін білімнің жоғары деңгейі керек. Білімнің жоғары деңгейіне жетуі үшін өзіңді-өзің білуің, зерттеуің керек», – деп, Күнфудзы өз ілімінде адам табиғатының күрделілігін аңғартады. Оның терең қырларын ашу үшін салыстыру әдістерін қолданады. Күнфудзы сұхбаттары ұстаз бен шәкірттің, яғни, айтушы мен тыңдаушының арасындағы терең философиялық толғамдардан тұрады. Осы толғамдар мен сұхбаттар арқылы адам табиғатын ашады және тәрбиелейді. Сұхбат арқылы адам болмысының қыр-сырларының терең картинасы көрінеді. Адамның жақсы сапаларымен қоса, жағымсыз жақтарын салыстырып, айырмашылықтарын көрсетеді. Сұхбат арқылы адамның болмысын айқындап, тәрбиелейді. Күнфудзы өз ілімінде сұхбат және салыстырулар арқылы адамның жоғарғы рухани деңгейге жетіле алатынын дәлелдеп шықты. Осының негізінде «дана адам» және «парасатты адам» бейнесін айқындады. Адамның үнемі жетілу үстінде болуын, үнемі білім іздеуінің қажеттілігін танытты.

Күнфудзы ілімінің басты ерекшеліктерінің бірі адамның жақсы қасиеттерін сараптай отыра, міндетті түрде жаман сапалардан аулақ болуды ескертіп, сақтандырып отырады. Адамның мінезінің бір қырын ғана көрсетіп отырып, басқа күрделі жағымсыз жақтарын жайып салады. Бұл әдіс-тәсіл кез келген адамның тәрбие алып, үйренуіне оңтайлы. Адам түсінігіне лайық, жатық, әрі түсінікті ыңғайлы етіп құрған насихаттың тәрбиелік мәні күшті.

Қазіргі ғылым, техника, технология тым дамып кеткен заманда адамның өзін жоғалтып алуы үлкен қайшылықтар тудыруда. Адамның өндірістің құрамдас бөлшегіне айналып кетуі орын алуда. Бұл дегеніміз, пайда мен ақшаға адам өмірінің бағындырылуы болып табылады. Осыдан қылмыскерлік, қатігездік, парақорлық, алауыздық, алдап-арбау сияқты адамгершілікке жат пиғылдар туындауда. Тек қана өз пайдасын көздеген өзімшіл адам ешкімді де аямақ емес. Батыс өркениеті жеткен тұтыныс қоғамының келбеті осы. Ақша мен пайданы ақылмен, мимен табамыз деп ойлайды көпшілік. Ал әділет пен жүрек тазалығы екінші орынға сырылуда. Адамзатқа келетін қайғы, қасірет, қайшылықтар осы құбылыстардан туындайды.

Күнфудзы мұрасы адамзатқа қауіпті рухани-мәдени азғындауға қарсы күреске бастайды. Ұлы Қытай ойшылы адам жүрегін тазалауды үйретеді. Адамның жүрекпен, таза қатынастар жасауы адами қатынастарда сенімді, өзара көмекті, әділеттілікті, өмірдің қымбаттылығын сезінуге әкеледі. Бірлік, достық, татулық сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды Күнфудзы насихаттаған жүрекпен танып, жүрекпен сезіну қасиеттерінен табамыз.

Сонымен, Абайдың рухани мұрасынан Күнфудзының негізгі ойларымен үндестікті байқаймыз. Абай дәріптеген Алланы сүю, адамзатты сүю, әділетті сүю идеялары да адамның “жылы жүректі” болуына негізделген. Абай көксеген қоғам халықты бірлік пен татулыққа жетелейді. Күнфудзы да осындай қоғамды көксеген.

Әдебиеттер

- 1 Конфуций Урок мудрости. – Москва: Фолио, 1999 г.
- 2 Абай Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2005 ж.
- 3 Әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975 ж.



Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс

А.С. Макаренко

ӘОЖ 8.82.1.39.396

Ж.А. Сейсенбаева

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
ҒЗИ директордың орынбасары, ф.ғ.к.,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Бұл мақалада интеллектуалды тұлға болмысын қалыптастырудағы қазақ әдебиетіндегі ана образының көркемделу ерекшелігі мен тәрбиелік сипаты сарапталады. Ерлік рухын ұрпағының бойына сіңірген, ері жоқта елін қорғаған, жауға намысын таптатпаған, ошағының отын өшірмеу үшін күрескен әйелдер жайында қарастырылған.

Түйінді сөздер: *ана образы, мәдениет, эстетикалық байланыс, көркем туынды, мақал-мәтелдер, қыз болмысы.*

В данной статье описывается образ матери в казахской литературе и ее роль в формировании интеллектуальной нации. О женщинах, которые воспитали целое поколение, защищали страну, не давали затоптать свою честь, не давали погаснуть огню в очаге.

Ключевые слова *образ матери, культура, эстетическая связь, пословицы и поговорки, природа девушки, литературное произведение.*

In this article character of mother in Kazakh literature and her role are described in forming of intellectual nation. About women, that brought up a whole generation, protected a country, did not give to trample down the honour, did not give to go out to the fire in a hearth.

Keywords: *character of mother, culture, aesthetic connection, proverbs and saying, nature of girl, literary work.*

Интеллектуалды тұлға болмысын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда өзекті тақырыптардың бірі. Білім бағдарламалары осы бағдарда жан-жақты қарастырылып, тұлғаның интеллектісін дамыту бағдарына жұмыстар қатары жөнге қойылуда. Жаңаша зерделенген танымдар мен эстетикалық құндылықтардың адам болмысын дамытудағы рөлін айқындай келе, халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы – ұлттық мәдениеттің тұлға болмысын дамытудағы маңызы ерекше екендігіне көз жеткіздік. Осы тұрғыда интеллектуалды тұлға болмысын дамытатын білім бағдарламаларын саралай келе, қазақ әдебиетінің рөлі ерекше екендігі анықталды.

Мәдени болмысты қалыптастыруда қазақ әдебиетінің рөлі ерекше. Қазақ әдебиетінің

мәдени эстетикалық байланысы, сол халық әдебиетінің көркемдік өміріне көз жіберуі, өзге әдебиеттің озық тәжірибесін дұрыс түсінуі ғасырлар бойы қазақ әдебиетінің дамуына нәр беріп келеді.

Елбасы Н.Назарбаевтың Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген мәжілісіндегі сөйлеген сөзінде: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана

басқаға танылады» [1], – деп атап өтті. Біздің қоғамда мәдениетті дамыту мен жоғары руханилықты нығайту мәселесі адам дамуының білімдік қырымен тығыз байланысты.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз.

Жалпы әдебиеттің мақсаты – адамгершілікке, адамдық, адалдық қасиеттерге баулу. Жазушы туындыларының қайсысын алсақта, олар – үлкен көркем рухани дүниелер. Сондықтан да, аналар образындағы шығармалар оқығанның өзінен-ақ жан тебіреніп асқақ армандарға жетелейді, адамдық ұлы қасиеттерді бойға сіңіруге зор септігін тигізеді.

Қазақ әдебиетіндегі мәңгілік тақырыптардың бірі – әйел мәселесі. Қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты зерттеулер көптеп кездеседі. Шын мәнінде, қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы күресте елдігін ерен еңбегімен, асқан парасатымен, шексіз шыдамдылығымен және сүйіспеншілігімен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына ақ сүті арқылы, бесік жыры мен туған тілі арқылы сіңіре білген әйел-аналар рөлі ерекше. Қазіргі таңдағы ұлт интеллектісін дамыту бағдарында бағзы замандардағыдай аналардың алатын орнын, атқаратын рөлін көрсету мен жаңғыртудың мәні ерекше. Себебі, ұлт қалыптастыруда ананың ойлау қабілетін, зейінзерде ерекшелігін, дүниетанымын, парасатпайым деңгейінің, мінезінің, еңбекқорлық, төзімділік, махаббат, сұлулық т.б. қасиеттерінің әдебиетте көркемделуін сипаттайтын ерекшеліктер ұлттық таным ақ-

паратының санада қалыптасқан мәнмазмұнын дамыту қажет. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын көркем әдебиет арқылы таныту, жаңаша зерделеу міндеті интеллектуалды қоғам қажеттілігі деп ұғынғанымыз абзал. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғатын, қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметімен сабақтас анықтау мәселесін ұлттық таным қорында көркем әдебиет негізінде жинақталған әйел болмысы арқылы дәлелдеудің мәні ерекше. Оның өміршеңдік сипатына сәйкес қазіргі қазақ қоғамындағы «қазақ әйелі» болмысының даму динамикасын, жаңару үрдісін анықтау интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізгі ұстанымы болып табылады.

Дүниедегі барша іс-қимылдар ең алдымен аналардың ақ адал пейілінен, әз-махаббатынан бастау алады. Ана қуанышы, әйел бақыты – үйдің, отбасының, Отанның мерейі. Қазақ әйелі – әуелі от анасы: шаңырақтың иесін, ошақтың киесін қашырмай ұстап отыратын құт дарытушы: сосын ұрпағын ұлы іске баулитын ұстаздық тағылымы бар жан – бесік жырымен емізіп, ертегісімен еліктірген, аңызымен уыздандырған, батырлар жырымен ерлік рухын ұрпағының бойына сіңірген: одан кейін ері жоқта елін қорғайтын батыл да жүректі, жауға намысын таптатпаған, ошағының отын өшірмеу үшін күрескендер. Міне, осындай бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін аналардың теңдік алуына бар күштерін салып, арашашы болған, теңдікке қолын жеткізген.

Ана тақырыбының кеше де, бүгін де, ертең де дабыл қақтыруы – уақыт талабынан туған қажеттілік. Көтерген тақырып – әйел тағдыры, әйел табиғаты болғанымен, әр жазушының тарихтың талқысына түскен әйел-аналар жүріп өткен жолды суреттеулеріндегі өзіндік шеберліктерін, өмір сүріп отырған дәуірінің талғамын, ұстанымын, идеясын, қаламгерлік қарымын тану.

Туған халқының өткенін, бүгінгісін жетік білетін, қазақ менталитеті бойында тұнып

тұрған әйел - Ана бейнелерінің галереясын жасаған.

Сонау ерте замандардағы наным-сенімдердің түп-тамыры да Ана. Ата бабаларымыз аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынатын. Ұмай ана-қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя, отбасының пірі. Түркілер түсінігінде әйел ана отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы. Түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев “Көне түріктер” деген іргелі зерттеуінде «Түркілер әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген» [2, 28], – деп жазған. Қазақ халқының «Жігіттің жақсы болуы нағашысынан» деген сөзінің мағынасы да тереңде. Оның түп мәніне үңілсек, ата-бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір-қасиетіне, оның шыққан тегімен байланыстырған. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жоғары, жауапты екендігін танытады.

Сөзімізді халық мақал-мәтелдеріндегі әйелдер образының көркемделу деңгейі жан-жақты. Ол біріншіден, әйел үйдің сәні, үй іші жұмыстарының билеушісі ретінде суреттеледі. Мысалы: «Қапқа түссе – қатындікі» деген мақал да үйдегі заттарға әйел иегершілік, жауапкершілік ететіні айтылса, «Әйел – үйдің сәні», «Әйелсіз үй оңбас», «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс» тағы басқа мақалдарда үйдің көркі, жақсы-жамандығы, тіпті отбасының болашақ бақыт ырысы да әйелге байланыстыра айтылып, әйел отбасының ұйтқысы ретінде суреттеледі. Екіншіден, әйел ерлердің сенімді серігі, жөн сілтер ақылшысы ретінде бейнеленген. Қазақ мақал-мәтелдерінде ерлердің дәуірге сай, жарамды азамат болып жетілуін әйелдерге байланыстыра бейнелейді. «Ерді ер қылатын да, жер

қылатын да – әйел» деген ұлағатты халқымыз ерлердің елі үшін еселі еңбек сіңіріп, «ер» атануын да, еңсесі түсіп жер болуын да әйел абыройымен сабақтастырады. «Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді», «Жақсы әйел жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар», «Жақсы әйел – зейнет, жаман әйел – бейнет» деп, ерлердің болашақ тұрмысының бақытты болу-болмауын да әйелдерге байланыстырған. Үшіншіден, әйел адам балалардың ең алғашқы тәрбиешісі, қамқор, қорғаны. Қазақ мақал-мәтелдерінің көпшілігі еңбекпен, шаруашылықпен байланысты болғандықтан, бала тәрбиесінің негізі де еңбекке, шаруашылыққа баулу. Қазақ әйелдерінің бір міндеті – үйде бала бағу болғандықтан, 5 жасқа дейінгі бала тәрбиесі негізінен аналарға міндеттелген де, бала тәрбиесінде ана негізгі орында тұрған. Мұны халқымыздың «Әке – айдын, шеше – ұя», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақалынан аңғаруға болады. Сондай-ақ, «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман», «Шешесін көріп – қызын ал», «Шеше көрген тон пішер», «Қыздың ұяты шешеді» деген халық мақал-мәтелдерінде ерлерге қарағанда әйелдерге талапты ауыр қойған. Отбасында бала тәрбиелеу, әсіресе, қыз баланы тәрбиелеу, оған өз өнерін үйрету – аналардың борышы іспетті болған да, қыз баланың әдепті, ибалы, көрікті болып өсіп жетілуі ана тәрбиесінен деп қаралған. Ал, «Келіннің жақсы болмағы қайын ененің топырағынан» деп, жас келінді тәрбиелеуді қайын енеге міндеттеген әрі «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деп, жаңа отаудың береке-құтын, ағайын-туыс арасындағы беделін, болашақ ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие беруін келіннің жақсы-жаман қасиеттерімен өлшеген. «Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқтығын» ерте түсінген халқымыз өз мақал-мәтелдерінде ана-бала махаббатын айшықты тілмен әсем де терең суреттеп берген. Мысалы: «Баласы бәйгеге шапса, шешесі үйде отырып, тақымын қысады», «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – бөк», «Орақ ұстап, әкең қалғанша, оймақ ұстап, шешен қалсын» деп, әке мен шешені

салыстыра тұжырымдап, бала үшін ананың аяулығын айтқан. Сондықтан да қазақ мақал-мәтелдерінде ана ұрпақ тәрбиешісі, ақылгөй ретінде көзге түседі. Төртіншіден, әйелдер ынтымақтың дәнекері ретінде бейнеленеді. «Ат сатсаң аймағыңмен» дейтін халқымыз ауыл, ру-ұлыстар берекесіне ерекше мән беріп, әйелдерді осы берекенің ұйтқысы, дәнекері ретінде қараған, бұны төмендегі мақалдардан көруге болады.

Қазақ халқы ана тәрбиесімен ісмер, әдепті, арлы болып өскен қыздарын алақанға салып әлпештейтін. Мұны «Қыз өссе – елдің көркі», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз» қатарлы мақалдардан аңғарсақ, түскен жеріне аяғымен құт әкелген көргенді келіндер есейе келе, ауылдың үлкен-кішісіне жібектей мінезі, ақылгөй шешендігімен жағып, ауылды аузына қарататын дана аналар болған. Мұны халқымыз «Ерін баққан әйел-елін де бағады», «Абысын тату болса – ас көп», «Алған жарың жақсы болса – үйіңнен қонақ кетпес, алған жарың жаман болса – досыңның да аяғы жетпес» қатарлы мақалдарымен тұжырымдап, бүкіл ауыл берекесінің, ағайын-достар татулығының ұйтқысы әйелдер етіп көрсеткен.

«Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы – қаһарман» дегендей, азаттық жолында жалындап жанып, тәуелсіздікке қолы жеткен халқымыздың қаһарман екендігін тарих шежіресі көрсетіп отыр. Ал тарих шежіресі қаншалықты бай болса, ұлттық тәрбиенің соншалықты құнды болатындығы және мәлім.

Жоғарыда қазақ мақал-мәтелдеріндегі ана бейнесін суреттеу ерекшелігіне тоқталсақ, сөзімізді ары қарай халық ауыз әдебиетіндегі ана бейнесінің суреттелу қырымен жалғастырсақ. Анаға деген риясыз құрметті Сегіз серінің «Гаухартас» әніндегі: «Анаңнан айналайын сені тапқан» - деген жолдан-ақ көруге болады. Жалпы, бұл тақырып қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі кездеседі.

Халық: «Алып анадан туады», – дейді. Аңыз, ертегі, әңгімелердің өзінде де әйелдердің неше түрлі образын табуға болады. Халықтың шешені атанған Жиреншеге

қысылған жерде жол тауып, өлімнен қорғап отыратын, ханның сұмдық пікіріне тор құрып, өзіне бас игізетін Қарашаш – айта қалғандай ақылды әйелдің образы. Халық оны өзінің ардағы еткен Жиреншеден де артық санайды. Жиренше ақыл таба алмай қалғанда, ақыл тауып беретін де, сөзден мүдіргенде ауызына сөз салатын да Қарашаш болды.

Әрі сұлу, әрі ақылды, әрі ел қорғайтын батырға жәрдемші әйелдерді біз батырлар эпосынан көп табамыз. Соның бірі - Құртқа.

Құртқа – халықтың ең таңдаулы, ақылды әйелінің образы. Құртқаны дәріптегенде, оны ақылды етіп көрсеткендегі мақсат – жас әйел, қыздарға Құртқаны үлгі ету. Әйелдің рөлі тек қана үй жұмысы, еркекті күту емес, әлеуметтік мәселеге қатысып, олардың да ел үшін қызмет етуін аңсағандық. Бұл жерде елдің көзқарасы мен үстем таптың көзқарасы екі басқа. Қазақтың үстемдік еткен феодалдар табы әйелді мал орнына ұстап, оларды тек еркектің құмары үшін деп ұқса, халық әйелдерді өзінің ақыл, ойын ел қорғауға жұмсайтын, елін жаудан қорғайтын, ел ардағы батырға көмекші, жәрдемші, ақылшы болатын өз балам деп ұғады. Жырда суреттеген әйелдердің ақылдылық, айлакерлік, алдын болжағыш қырағылықтары, тап сол қалыпта болмаса да, «сол болса» деген ұлы арманның ұшқыны, ел тілегі.

Қобыландыны елдің кейінгілер үшін үлгілі ұлы десек, Құртқа – үлгілі қызы. Қазіргі ұлттық әдебиетіміздің алдында тұрған ең басты мәселе – әйел-аналар бойынан кездесетін кері мінездерден гөрі, ертеден бойына құт, жолына нұр, алысқанда аруағын асырар сарқылмас күш иелері әйел - аналар бейнелері шебер сомдалған.

«Ел басқарған бабаларымыз аналарымен, жұбайларымен ақылдасып ел мәселесінің шешіп отырған жайттар тарих беттерінен белгілі. Қазақ әйел мәртебесін әрқашан жоғары қоя білген халық. Есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі – Домалақ анамен Бәйдібек бабамыз ел шаруасын да, отбасы мәселелерін де келісіп шешіп отырған. Әйгілі Мөңке бидің «Әйеліңмен дос бол, үйіңнің берекесі кіреді» деген нақылын,

Өз-Жәнібек ханның тұсындағы Жиреншенің Қарашаштың қара басын қара орманға балағанын, Қазыбек бидің «Аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат» деген кесімді сөздері халқымызда әйел затын ер азаматтардың қадір тұтып, қастерлеп бағалағанына көз жеткіземіз. Абайдың әкесі Құнанбайдың да көп жайттарды анасы Зере мен жұбайы Ұлжанның пікірмен санасып, ортақ мәмілемен келісіп отырғаны белгілі. Қазақтың «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген мәтелі де осы сөзімізге орайлас айтылатын сынды. Енді, одан бері тарих беттерін парақтар болсақ, «Алашорда» қозғалысының қайраткерлері азаматтар жынысына қарамай өз құқығын заңды саяси талаптар арқылы қорғауы мәселесін көтеріп, әйелдердің саяси құқығы ерлермен тең болуға тиісті деген қаулы қабылданғаны белгілі. Ұлы Отан соғысы кезеңінде ерлермен қатар, отанын қорғауға ерлермен бірдей аттанып ерлік көрсеткен қазақ қыздары Мәншүк пен Әлия еңбегін қайда қоясыз» [3,56].

«Қазақ әйелі» деген қасиетті ұғымның қалыптасуына негіз болған, біз сусындап өскен әдеби қазынамызға үңіліп көрейікші. Әрине, ой қармағына алдымен сөз зергері Ғ.Мүсіреповтың романтикалық әңгімелері ілігетіні рас. Оның «Ашынған ана», «Адамның анасы», «Ананың анасы», соның ішінде «Ұлпан» секілді шоқтығы биік шығармаларындағы қайталанбас мәнде сомдалған әйел үлгісінен, сондай-ақ, Б.Майлиннің «Зейнештің серті», «Күлпаш», «Әже», «Раушан – коммунист» еңбектеріндегі әйел бейнелерінен, М.Дулатовтың «Ақбілегіндегі» Ақбілектің, «Бақытсыз Жамалындағы» Жамалдың, С.Торайғыровтың «Қамар сұлуындағы» Қамардың, М.Әуезовтың «Абай жолындағы» Зере мен Ұлжанның бейнелерінен қазақ әйелдерінің сол дәуірдегі нағыз, шынайы бейнелерін айнадағыдай көре аламыз. Сол дәуірдегі әйелдерге қатысты әйел теңсіздігі, қалың мал секілді өзекті мәселелерден тыс, тек қана әйел бейнесіне көз жүгіртер болсақ, ол бейнелер – ибалы қыз, инабатты келін, жанашыр жар, тәрбиенің қайнар көзі іспетті

иманды һәм еңбекқор аналар. Мұндай құндылығы зор шығармалардың әлі талай келер ұрпаққа өткен ғасырлардан үлгі етер әйел бейнесін жеткізері даусыз. Ал енді сол келер ұрпағымызға келешекте қазіргі қоғамымыздағы әйел, аналарымыздың нағыз бейнесін өз деңгейінде жеткізе аламыз ба? Оларды қоя тұрып, біздің өзіміз дәуіріміздің тынысынан сыр шертетін әдеби әңгімелерден, көркем шығармалардан боямасыз өмір, бұқпасыз кейіпкерді, дәлірек айтсақ, замандастарымыздың шынайы кейпін көре алып жатырмыз ба?

Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі қазақ әйелдерінің өршіл де өжет, қажырлы да сабырлы, пайымды да ақылды қасиеттері барынша жарқын суреттелген. Жазушы әңгімелерінің көркем идеясы, сюжеттік құрылымымен тамаша сабақтасқан озық туындылар ретінде бағаланады. Әңгімелерінің бір ерекшелігі – адам психологиясына терең бойлататын қайсарлық, өжеттік, адалдық қасиеттерді ішкі күрделі көңіл-күймен шебер танытады.

Жазушының ана тақырыбына жазған әңгімелерінде ананы ардақтау, оның ұлылығы алдында бас ию басым болып келеді. Жазушы суреттеген әйелдер өз балаларының ғана емес, жалпы адамзаттың асыл анасы ретінде асқақ ардақталады. Өйткені, ол – адамға өмір сыйлаушы, қоғамдық өмірдің тірегі, қайнар көзіндей мәңгілік махаббаттың иесі. Жазушының ана әңгімелері оқырмандарын адамгершілікке үндейді, үлкенді сыйлауға, адамға мейірбан болуға тәрбиелейтін танымдық-тәлімдік, тәрбиелік маңызы жоғары туындылар.

Қазіргі әдебиетіміздегі әйел тақырыбына бағытталған көркем шығармалар жоқ емес, бар. Әйел, аналарға арнап қалам тартып жатқан жазушыларымызда бар, дегенмен, толыққанды образ жасалып, бүгінгі замандағы әйел келбеті ашылып, ұрпаққа еліктер образдар суреттеліп жатыр ма?

Бүгіндегі әйел болмысын зерделеп, қоғамдағы ащы шындықты көркемдей білген туындылардың бірі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қуандық

Түменбайдың «Ұябасар» атты шығармасын айтар едім. Әңгімеде соңғы 20 жылдағы тәуелсіздік алғаннан кейін, нарық заманы келіп, кәсіпорындардың, соның ішінде, АХБК жабылуы себебінен, жұмыссыз қалған жас қыздың күнкөріс қамымен тәнін саудалағаны ашық суреттеледі. Бұл сол әңгімедегі Салтанаттың ғана басынан өткен жайт емес, талай қаракөздеріміздің мына заманда өз орнын таба алмай жүргенінің дәлелі.

XX ғасырдағы аналар мен қазіргі таңдағы аналар образы екі дүние. Бұрынғы аналар бейнесі қайсар, отбасына берік, балаға деген мейіріммен ерекшеленген образдармен ерекшеленсе, қазіргі аналар басқа қырынан суреттеледі. Сондай-ақ, XX ғасыр аналары қиыншылық пен азапқа төзе білсе, қазіргі аналар оның біріне де төзбейді. Себебі қазіргі аналар мүгедек баланы дүниеге алып келсе, оны бірден жетімдер үйіне өткізеді. Бұл баланың мүгедек болып келуіне бірінші себепкер ол – Ана. Балаға аяғы ауыр болған жағдай да

аналар: темекі, есірткі және басқа да зиянды заттар қолданады. Міне, сондықтан дүниеге мүгедек балалар келеді. Мүгедек балалар ғана емес сондай-ақ дені сау балаларды да жетімдер үйіне өткізеді. Бүгінгі жастар «заман осындай» деген желеумен батыстық менталитетке ден қойған. Осындай жайттардан безіндіретін, жақсылыққа жетелейтін қоғамдық іс-әрекеттер қолға алынуы қажет. Сондай іс-әрекеттердің бірі көркем әдебиеттерде әйел образын қастерлейтін, құрметтейтін образдар қатарын көбейтіп, жақсылықтың болашаққа жетелейтін позитивті туындылардың қоғамның интеллектуалды болмысын дамытудағы ролі ерекше.

Қарға тамырлы қазақтың ұрпағын тәрбиелеп, өмірге ұлы тұлғалар әкелетін болашақ аналарымыз өзінің ертеңгі тағдырына селқос қарауы бүгінгі көркем әдебиетте өзекті тақырыпқа айналып, шығармадан оқырман өмірлік мәселелерді таба білгенде ғана біз, қыз – ана – әже бейнесін дұрыс көркемдей аламыз деп ойлаймын.

Әдебиеттер

- 1 <http://www.akorda.kz/>
- 2 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, 1994 ж. - 328 б.
- 3 Сейсенбаева Ж.А. Гендерлік саясаттың ұлт тәрбиесіндегі ролі. // Ұлттық тәрбие журналы. 1(9) 2012 ж.



Жақсы қыз – жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт – аспандағы жұлдыз.

Халық даналығы

ӘОЖ 8.82-1:82-15

А.Е. Садыкова

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ
пед.ғыл.магистрі*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДӘРІПТЕУДІҢ БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі жыраулар шығармашылығын дәріптеудің бүгінгі қоғамдағы маңызы жазылған. Жырау тұлғасының қазақ халқын қалыптастырудағы рөлі ашылған.

Түйінді сөздер: *қазақ әдебиеті, жыраулар поэзиясы, абыз, рухани-мәдени тәрбие, әлеуметтік-саяси көзқарас.*

В данной статье рассматривается роль и творчество жырау в казахской литературе и ее роль в современном обществе. Раскрыта роль формирования казахского народа в личности жырау.

Ключевые слова: *казахская литература, поэзии жырау, абыз, духовно-нравственное воспитание, социально-экономические взгляды.*

In this article the role and creativity zhyrau in the Kazakh literature and its role in modern society is considered. The role of formation of the Kazakh people in the personality zhyrau is opened.

Key words: *Kazakh literature, poetry zhyrau, abyz, spiritual and moral education, social and economic views.*

Заманалар жасаған көркем сөз кестелері, асқақ арман, ұшқыр қиял жемістері – халық өнерпаздары жасаған өлмес, өшпес мәңгілік мұра. Әр халық өзінің рухани мәдениетінің деңгейін көркемөнер туындыларының нәрлі қорлары, сан-салмағы, сән-сәулетінің аумағымен өлшейді, бағалайды.

Атадан балаға ауысқан, үрім-бұтаққа мұра болып жеткен шебердің бізі, шешеннің тілі туғызған өнер құдіреттерін рухани байлығынан санайды. Берік материалдық негізде дамыған рухани мәдениет адам баласы қоғамының жетіле түсуінде шешуші рөл атқарады. Адам баласы өзінің өсіп өркендеу жолында өмір сүруі үшін тікелей қажет нәрселерді алып қоймайды, соған қоса рухани азық болатын өнер мұраларымен де сусындап отырады. Барлық материалдық және рухани байлықтардың нағыз иесі халық кемеңгерлігі деген қағиданың маңызы да осын-

дай заңдылықтарын таныта білгендік болса керек. Әр тұста ағаштан түйін түйіп, қышпен тасқа ою ойып, мәрмәрдан мүсін салған шеберлер сияқты сөз кестесін құра білген, тіл құдіретін игерген асыл сөз шеберлері болған. Оларды халық әртүрлі атаулармен атап қадірлеген. Айталық, қапияда сөз тауып, өз сөзінің жүйелі логикалы күшінің арқасында асқынған дауды шешкен, бітіспес жауды бітімге жүгіндірген, жүрместі жүргізген өнерпазды халық – шешен деп атаса, заманының қоғамдық ойын жүйелеп, түйінді пікір айтып, асыл сөзді термелеп, афористік ақылдарға толы жыр шығарған сөз өнерпаздарын – жырау деген атауға ие еткен.

Қазақ халқының төл мәдениеті өркен жая бастаған XV ғасырдың орта шеңінен бастап көне, ортақ арнадан бөлініп, қазақ халқының дербес әдебиеті қалыптасты. Бұл тұста, әсіресе, дербес әдебиетті қалыптастырушы әдеби

мұра болып жыраулар поэзиясы танылды. Бұл жыраулар поэзиясы қазіргі Қазақстан қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алады. Ол ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде кемелденеді. Қазақ әдебиетінің ортақ арнадан оңаша жол тартқан алғашқы қадамдарының өзінен-ақ кемелдікті көркем келісімді аңғару қиын емес. Жыраулық поэзия сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Содан да болар жыраулық поэзияда мейлінше терең танымдық ойлар буырқанып, ұдайы философиямен шеңдесіп жатады. Онда өмір мен болмыс, заман мен адам туралы толғанады. Қоғам, дін, этика, адамгершілік, қарыз бен парыз, ерлік пен ездік, байлық пен кедейлік жайлы сан салалы ойлар тоғысқан философиялық туындылар жыраулық поэзияның терең дүниетанымдық сипатын аңғартады.

Әдебиетте де, тарихта да маңызды орын алар тұлғаға айналған жыраудың қазақ қоғамында атқарған қызметіне келетін болсақ – сөз өнерін сүйеніш етіп, шешендігін шебер пайдаланып жүрген жыраулардың аса бір ел тарихындағы халық қамы үшін маңызды рөл атқарған тұсы қазақ хандығы дәуірі болды. Бұл кезеңде әр жыраудың өзіндік тарихи орны, әр хан тұсында саяси-әлеуметтік маңызы болды. Қандай заманда болмасын кез келген хан, сұлтан тұсынан бірлі-жарым жырау табылып отырды. Олардың ханға жағымды, хан өзіне ақылшы тұтатыны да, ақылсыз келген хандар жұрт арасына іріткі салушы ретінде түсініп жағымсыз көретіндері де болды. Бірақ, жыраулардың қай-қайсысы да халық жанының жанашыры болып, барлығының поэзиясы бірге ең әуелі қазақ халқының құралу дәуіріндегі қыйлы күйді жеткізді. Жыраулардың арасында кейбірі хандарды мадақтап жыр арнаған болса да, халықты үгіттеп ханға жығып беру мақсатында жыр айтқандар болған жоқ. Жыраулар поэзиясының негізгі сарындағы туған жер, ұлт-азатық күрес, сонымен қатар насихат, өнеге ғибрат, нақыл сөз үлгілерін көптеп кездестіреміз. Және осыған орай,

жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы да – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі болды. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан Қайғының Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшір деген ақылгөй сөзі сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да Қайран менің Еділім! деп еңіреп өткен, Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап деп Доспамбет жырау армандаған, Ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған.

Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы кеткен Сыпыра жырау Сұрғылтайұлы, Асан қайғы (Хасан), Қазтуған Сүйенішұлы, Доспамбет жырау, Тіленішұлы Шалкиіз, Жиёмбет жырау, Марғасқа, Бұқар жыраулар жаңа әдебиеттің ізбасарлары ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар деп саналады. Себебі, өз жанынан суырып шығарып жырлайтын жыраулар XV ғасырда ғана туа салған жоқ. Жырау тұлғасының тарихы тереңде. Бұл жөнінде: «Сәугейлік, батагөйшілдік, түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына т.б. жайларға қарай болжам жасау, абыздың бір міндеттерін атқару – көне дәуір жырауларына тән қасиет», – деп «Қазақ әдебиетінің энциклопедиясында» жазылған. Демек, жыраулық мектеп өзінің түп негізін абыздардан алады. Ал, абыздардың, философтар мен шешендердің рөлі ежелгі дүниедегі саяси кеңес беруде ерекше болды. Ал, ел ертеңі жайлы болжам жасап, данышпандығымен дараланып жүрген жыраулар хан сарайында отырып, алдағы болар қауіп-қатерді болжап отырды. Хандардың түсін жорып, халық арасындағы қарым-қатынастардың қалай бағыт алатынын болжап, оны жыр жолдарымен жеткізіп, абыздық дәстүрді әдебиетпен байланыстыра дамытты. М.Қашқаридің осы жыр және жыраулар туралы деректер кездесетін «Диуани-лугат-ат түрк» еңбегінде еңбегінде Шөже жырау (XI ғасыр) туралы сөз болады. Онда Шөже жырау – жырау әрі

көп жыр білетін жыршы екендігі жайлы айтылады. Сонымен қатар, Қорқыт (IX ғасыр), Сыпыра жырау (XIV ғасыр) есімдері арқылы біз жыраулық поэзияның тамыры әріде жатқандығын білеміз. Сонымен қатар, өз заманының ойшылдары халықтың мәдени-рухани, әлеуметтік-саяси көзқарастарын қалыптастыруға мол үлесін қосты. Бұл жерде Қорқыт ата – қазақ ойшылы, иісі түркіге ортақ дана ретінде бүкіл түркі жұртына мәшһүр болды. Қорқыттың басынан өткен қызықты оқиғалар XV ғасырда «Қорқыт ата кітабы» деген атпен жазылып, хатқа түскен. Қорқыт атаның ел аузында қалған көптеген нақыл сөздері әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпайтыны анық. «Құмды қанша үйгенмен төбе болмас, Қара есектің басына жүген таққанымен тұлпар болмас», «Күңге сарыпай шапан жапқанмен, бәйбіше болмас», «Тозған мақта боз болмас, ежелгі жау ел болмас», «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада», «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Ең сүйкімді әйел – отбасының құты болған әйел» [1], – секілді қанатты сөздері қазақ халқының мақал-мәтеліне айналды. Осы нақыл сөздердің жолдары арқылы отбасындағы ананың рөліне ерекше назар аударылғандығын байқаймыз.

Ал, XV-XVII ғасырлар жыраулар поэзиясының дамып, жетіліп кемелденген шағы болып табылады. Елге, ер азаматқа ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін айқындап кетті. Осы тұста өмір сүрген және әдеби мұралары бүгінгі күндерге там тұмдап болса да жеткен ақын-жыраулар творчествосы сол заманның тұтас бір шежіресін құрастырады. Оларда ел өміріндегі елеулі оқиғалар, халықтың әдет-ғұрып, салт санасы бейнелі тілмен көрініс тапқан. Сол арқылы өз заманындағы нағыз халық жанашырлары бола алды. Олар ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар, қайғылы қазаға байланысты азалы сөз, естірту жоқтау немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы, я болмаса табан асты тапжылмастан сөз бастап, терең оймен жұртты ұйытқан ақыл

иелерін қошамет тұтар арнаулар арнап, жыр шығарып, толғау айтып, тек өнер иесі ғана болып қойған жоқ, жаугершілік заман болып, ел басына күн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасы болды. Сол қызметтерді атқара жүріп, ел қорғау, халықты азат ету мақсатын паш ететін сарбаздарын жігерлендіретін, патриотизмді насихаттап немесе хан, уәзірлерге пікір қосып, кемшіліктерін бетіне басып, қаймықпай ашық жеткізетін міне осы жыраулар болды. Бұл пікірге мысал келтіретін болсақ, Доспамбеттің:

Арғымаққа от тиді,
Қыл мықынның түбінен.
Аймедетке оқ тиді,
Отыз екі омыртқаның буынынан,
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмады жонның уақ тамырынан.
Сақ етер тиді саныма
Сақсырым толды қаныма

Деген жолдарынан жыраулардың қолбасы, батыр болып, әрқашан алғы шепте жүріп, жау оғынан жараланып, елі үшін жан аямағанын байқаймыз. Солардың бірі Сыпыра жыраудың келер ұрпаққа арнаған жыры бата іспеттес және онда болашаққа деген сенім мазмұны да ұялаған.

Көп ішінде сөйлесем,
Жас жігіт саған қарасам –
Қара лашын тұйығынсын
Асылыңа қарасам –
Құс алатын қырғисың
Қызыл тілге келгенде
Сар садақтың оғындай
Көлденеңдеп сырғисың
Көрмегеннен сұраймын,
Асылыңды білдірші
Қай ұлыс елдің, жарқыным?!

Сөзді жұптап, түйдектеп

Бәйге атындай шұлғысың! – деп келетін жыраулар поэзиясының ауқымы шектеулі емес. Өз заманының үздік үгітшісі Бұқар жырау қалың қазақтың рухани талабына қызмет етті. Ол үгіттеу жолында адалдыққа, адамгершілікке, ерлікке, бірлікке шақырып, күнделікті өмірдің мерейлі де шуақты қағидаларын уағыздады. Сонымен бірге,

қазіргі тілмен айтсақ ол Абылай ханның саяси имиджін қалыптастырумен қатар, оның өткен өмірі жайлы жырлады. Оны төмендегі өлең жолдарынан байқаймыз: Әй, Абылай, сен он бір жасыңда, Әншейін-ақ ұл едің. Он бес жасқа келгенде, Арқада Әбілмәмбет төренің Түйесін баққан құл едің. Абылай атың жоқ еді, Сабалақ атпен жүр едің... [2]. Тағы бір жырында Бұқар жырау бейбітшілікті үндейді: Абылай ханның қасында Бұқарекен жырлайды. Жырлағанда не дейді? Соғыспа деп жырлайды... [2, 35]. Жалпы қазақ жыраулары хан ордаларында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа ақыл-өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп жыр айтқан. Соғыс кезінде жыраулар ханның әскери кеңесіне қатысып, жауынгерлердің рухын көтеріп отырған. Ақындардай емес, олар тайпалар шежіресін аса жақсы білген, батырлық эпос пен тарихы жырларды орындаған. Жаумен қиян-кескі ұрыс басталар алдында жауынгерлердің рухын көтеріп жыр төккен жыраулардың шығармаларына өсиет және жорық сарындары тән [3, 158-159]. Қазтуған жырау өмір туралы, атамекен, туған ел мен әскери тақырыптағы туындылар жазса, Доспанбет жырау шығармаларында көшпенді жауынгерлердің бейнелік тұлғасы, батырлық кейпі көрінеді. Жорық жыршысы болған Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа біріккен мықты феодалдық мемлекет құру идеяларының ұраншысы қызметін атқарса, шонжарлар тұқымынан шыққан Жиымбет жырау хан үкіметіне қарсы болады. Ақтамберді толғауларында атқа қонуды, ойраттарға қарсы соққы беруге, жұртшылықты ерлікке үндеп, қарсы келген жауға қорықпай шабу насихатталады.

Бұдан байқайтынымыз, қазақ данышпандарының қоғам мүшелеріне өз шығармалары арқылы ынтымақтастыққа, бейбітшілікке, ізгілікке, сауатты болып, ғылым қууға кеңес бергендіктері байқалады. Сондықтан,

қазақтың барша ғұлама ғалымдарының пікірлері бүгінгі күнде де құндылықтары мен өзектілігін жоймайтындығы анық. Бұл пікірлерден жыраулар поэзиясының жоғарыдағыдай баға жетпес құндылығына көз жеткіземіз. Мысалы, «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, – дейді М.Әуезов, – ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады». Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні мен құндылығы терең ашылған. Сонымен бірге, «Бес ғасыр жырлайды» кітабында Асан туралы мынадай деректер кездеседі: «Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болған Асан қазақ руларының орда көтеруін жақтайды, қазақтар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң ел іргесі берік, ағайын ұжымы күшті болуын үндейді. Өз өлең, толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды. Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтереді. Өзінің ақындық күшін туыстас руларды бір орталықты, қуатты мемлекет етіп ұйыстыру жолына арнайды. Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алғаны көрінеді» [2].

Сондай-ақ, халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырып салма жағы артық,
Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай
Алды-артына қарамай,
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландай.

Осы арқылы Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір құдың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ

кезеңі» – бар-баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәтікара жырлағанда
Толқынды тұңғиық боп төгілді жыр, – деп
қадіріне жете біліп өзіндік баға берген.

Осылар сияқты қазақ әдебиетінде есімі ел аузында сақталып, аңызға айналып жүрген жыраулар өте көп.

Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұра.

Әдебиеттер

- 1 Қорқыт ата кітабы. – Алматы: «Жазушы», 1986.
- 2 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989.
- 3 Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Жазушы, - 197 б.

ӘОЖ 37.03:032.574

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.Б. Мединеева

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру FЗИ қызметкері
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Бұл мақалада экологиялық мәселелерді шешудегі экологиялық білім мен тәрбие берудің түрлі бағыттары арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: экологиялық білім, экологиялық құқық, экологиялық мәселелер, қоршаған орта, табиғатты қорғау.

В этой статье рассматриваются решения экологических проблем с помощью различных методов образования и воспитания, с целью формирования интеллектуальной наций.

Ключевые слова: экологическое знание, экологическое право, экологические проблемы, окружающая среда, охрана природы.

This article discusses the solution of environmental problems through a variety of methods of education and training, in order to form the intellectual nations.

Keywords: *ecological knowledge, ecolaw, ecological problems, environment, conservancy.*

Мемлекетіміздің қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі және дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды ізгілікке, парасаттылыққа баулитын экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы артуда, себебі қазақ қоғамының дамуындағы басты бағыты – зияткерлік ұлттың құрылымы болып табылатын адами құндылықтарды арттыру мәселесі болып табылады. Қарым-қатынастың шиеленісуі жыл сайын күшейіп, экологиялық зардаптар жердегі тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Үшінші мыңжылдықта адамзаттың ғаламдық экологиялық мәселелерінің шешілуі ЖОО-ғы болашақ ұстаздардың қоршаған орта туралы сапалы білім алуына байланысты. Сондықтан да білім алушы жастарға экологиялық білім беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес мәселе екендігі «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында» және «Қазақстан Республикасында көпшілікке үздіксіз экологиялық білім берудің ұлттық стратегиясында», «Білім туралы» заңда көрсетілген [1]. Осынақтыланған құжаттарда экологиялық білімді үздіксіз білім беру арқылы ғана жүзеге асыруға болатыны баса айтылды, яғни олар: биосфера тұрақтылығын сақтап қалу үшін бұл салада оқу-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы; адам баласына туылғанынан бастап, өмір бойы экологиялық білім беру; экологиялық білім беруге мемлекет тарапынан қолдау көрсетті.

Экологиялық тәрбие мен ағарту – адамды қоршаған табиғи ортаны ұғынып қабылдауға, табиғатқа ұқыпты қараудың қажеттілігіне сендіруге, оның байлықтарын жоғары саналылықпен пайдалануға дағдыландыру [2]. БҰҰ мемлекетіміздің экологиялық хал ахуалы төменгі деңгейдегі елдердің санатына жатқызады. Бүгінгі күні табиғи байлықтарды пайдалану тонаушылықпен жүргізілуде. Табиғатты қорғау туралы, қорғалатын аймақтар туралы заңдар, қажетті нормативтік-құқылық базалар, экономикалық механизмдер болғанымен іс жүзінде

ол заңдар, ережелер керекті деңгейде жұмыс істемей жатыр. Осының бір себебі, азаматтардың экологиялық мәдениетінің төмендігі. Экологиялық мәдениет дегеніміз – бұл адамзаттың экологиялық білімділігі, ақпараттармен хабардар болуы, табиғатты тиімді пайдаланудың нормаларын күнделікті орындау белсенділігі мен сенімділігі. Қазіргі таңда экологиялық білім беру мен тәрбие мәселелері жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының кезек күттірмес бағыттарының бірі. Экологиялық сауаты жоқ қоғаммен экологиялық сана құру мүмкін емес.

Экологиялық тәрбие – бұладамдардың ішкі жан дүниесіне, санасына, көзқарастарына әсер ету жолдары. Ол білім алушылардың саналық деңгейінің артуына, қоршаған ортаға қарым-қатынасының өзгеруіне, табиғат ресурстарына ұқыптылықпен, үнемшілікпен қарауға, оның жай-күйіне жаны ашып қарауға, табиғи ортада өзін өнегелі ұстауға әсер етеді. Сөйтіп экологиялық тәрбие қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып бірнеше деңгейлерде жүргізілуі керек. Жеке тұлғаның тәрбиеленуі негізінен отбасында жүреді. Сол себептен әке шешесі баланың қоғамдағы негізгі мінез-құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениеттің де негіздерін қатар үйрете бастауы керек. Қазіргі кездегі көбіне, балалардың экологиялық білімділігі ата-аналарының ақыл деңгейінен әлдеқайда жоғары болатынын көреміз. Ата-аналары мен балалары өздерінің зерттеулерінің нәтижелері бойынша, қоршаған ортаға ешқандай жамандық жасамай-ақ тіршілік ортасына белгілі бір дәрежеде зиян тигізіп жатқанымызды байқауға болады: қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды оңды-солды шашудамыз, суды, ауаны ластаудамыз, көптеген тұрмыстық қоқыстарды шығарып жатырмыз. Табиғатты қорғауды өз шаңырағыңнан бастауға болады – бұлағың суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон бұзатын заттары аз (аэрозольдарды) қолдану және т.б. Сөйтіп экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды [3]. Бұдан кейінгі экологиялық тәрбиенің қалыптасу үдерісі қоғамның қатысуымен

байланысты болуы керек. Бұл көбіне елдің басшыларына, олардың экологиялық мәдениетінің деңгейіне, қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсаттарына қаншалықты көңіл бөлініп жатқанына байланысты болады. Ал жалпы экологиялық тәрбие экологиялық білім берумен толықтырылады: балабақшада, мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, колледждерде, ЖОО-да үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі.

ЖОО-да білім беру деңгейін әлі де дамытуды қажет етеді. Әсіресе экология мәселелері тереңдетіліп оқылатын сол маман студенттеріне ғана емес жалпы экология, экологиялық білім негіздерін, табиғат қорғау пәндерін қарастырумен шектелетін мамандықтардағы студенттердің білімін арттыру керек. Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңа түсінікпен қарайтын болсақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары - өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі жоғары гуманистік ойлауы басым, адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Жоғары кәсіби білім берудің алдында тұрған неғұрлым маңызды, мәнді міндеттерге келсек, мыналарды айтуды керек деп есептейміз: ол – білім жүйесін жетілдіру; оны үздіксіз әрі көпсатылы құрылым ретінде енгізу; халықаралық білім кеңестікке кіру [4]. Сонымен экологиялық білім берудің негізгі мақсаты: қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу; жастардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру; қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту; экологиялық білімді насихаттау; болашақ ұстаздардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа деген үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын қалыптастыру; экологиялық білім беру мазмұнын пән аралық байланыс, студенттердің тұлғалық даму, өз бетінше нәтижеге ұмтылу сияқты ерекшеліктері негізінде қарастыру; экологиялық білімді арттырудағы теория мен практиканың байланыстылығын сақтау; студенттің өз бетінше ізденушілік шешім қабылдау, қоршаған ортаға дұрыс көз қарас және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын тұлға ретінде қарауы. Міне осы білім мен тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
- 2 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника/ Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдаламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. - 456 б.
- 3 «Гуманизация учебно-воспитательного процесса на современном этапе» Сборник научных трудов. – Караганда, 1998. - 112 б. Экология (оқулық). – Алматы, 2008. - 223 б.

ӘОЖ 37.03:032.574

Б.Ж Шілдебаев

*Магистратура және PhD докторантура
институтының кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., п.ғ.д., профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Бұл сұхбатта интеллектуалды тұлға қалыптастырудағы экологиялық тәрбиенің маңызы қарастырылып, қазіргі адамзат алдында тұрған экологиялық мәселелер талданды.

Түйінді сөздер: *Экологиялық тәрбие, экологиялық білім, интеллектуалды тұлға, су, қоғам, табиғат.*

В этом интервью рассматривается экологическое воспитание при формировании интеллектуальной личности и обсуждались экологические проблемы.

Ключевые слова: *Экологическое воспитание, экологическое образование, интеллектуальная личность, вода, общество, природа.*

In this interview, discussed environmental education at formirovaine intellectual personality and discussed environmental issue.

Keywords: *Environmental education, environmental education, intellectual personality, water, society, and nature.*

Қазіргі уақытта бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде, экологияны қорғау мен ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлу керек. Әлемдегі күнсайын туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру жолдары экологиялық білім беру процесінде жастардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілік етеді. Өйткені қоршаған орта адамның денсаулығын сақтаудың ең маңызды құндылықтарының бірі болып табылады. Экологиялық білім мен тәрбие мәселелеріне адамзат тарихында табиғатпен саналы қарым-қатынас жасап, оның құндылығын бағалауда адам – қоғам – табиғат дамуының философиялық заңдылығын, сабақтастығын ғылыми тұрғыда негіздеуде зиялылар, ғұлама ойшылдар үлкен үлес қосқан. Көптеген ғалымдардың еңбектерінде экологиялық тәрбиенің тұжырымдамаларын анықтап, жан-жақты зерделеген.

Солардың бірі экология ғылымын зерттеп келе жатқан, көптеген экология оқулықтарының және бағдарламаларының авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., п.ғ.д., профессор *Шілдебаев Жұмәділ Байділдәұлы* ағамызбен сұхбаттастық.

Төменде Жұмәділ ағамыздан алған шағын сұхбатымызды ұсынып отырымыз:

1. Жалпы экологиялық тәрбие туралы ойыңыз?

Экологиялық тәрбие – жалпы ұлттық тәрбиемен астарласып жатқан тәрбиенің бірі. Экологиялық тәрбие деп, «ресми сөз, ұғым ретінде қалыптасқаны кештеу болғанымен, бұл қазақтың сан ғасырлар бойы ана сүтімен ұрпақтан – ұрпаққа беріліп келе жатқан тәрбие». Экология – тұрақ, мекен, қоршаған ортаны бір-бірімен байланыстыра отырып, зерттеулер жүргізетін кешенді ғылымға

айналды. Яғни, «табиғат – адам – қоғам» жүйесінің қалыптасуының негізіне экологиялық тәрбие арқау болды. Табиғат аясында барлық тыныс-тіршілігі біте қайнасқан қазақ елі өзінің тұрақты мекенін, табиғат қорларын көзінің қарашығындай қорғап қас-терлей білді. Тіптен, көшіп – қонып жүріп кең далада көшкендегі жұрт орнын, қазан – ошақтың ізінде қалдырмай тегістеп, айналасын тап-таза етіп қалдырып ұрпақтарына даналық үлгі-тәрбие көрсетті. Нәтижесінде, «Бұлақ көрсең көзін аш», «Көкті жұлма – көктей соласың», «Құстың ұясын бұзба», «Шыбықты сындырма, гүлді жұлма» т.б. мақал-мәтелдер өмірге келді. Осының бәрі экологиялық тәрбиенің ұлттық сипаты болып табылады.

2. ЖОО-да экология бағыты бойынша типтік бағдарламаның мазмұны мен сапасы қандай деңгейде?

- ЖОО-на арналған типтік бағдарламалар алғаш рет 1998 жылы

Қазақстан Республикасында үздіксіз экологиялық білім және тәрбие берудің ұлттық бағдарламасы құжаты негізінде шыға бастады. Аталған бағдарламаның мақсаты – жасөспірімдерге, жалпы көпшілікке экологиялық көзқарас қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын құндылықты, мінез-құлықты, іс-әрекетті қамтамасыз ету болатын. Бұған дейін 1991 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде А.С.Бейсенованың ұйымдастыруымен «География – экология» факультеті, 1993 жылы Әл-Фараби атындағы қазақтың мемлекеттік университетінде «Экология» ғылыми – зерттеу институты, ал Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Өскемен қалаларында экология бағытындағы факультеттер ашылып, эколог мамандарын дайындай бастады. ЖОО-на арналған экологияның типтік бағдарламалары 2004 жылы «СО-РОС – Қазақстан» қорының демеуімен жеке жинақ болып шықты. Негізгі авторлар қатарында профессор А.С. Бейсенова, А.Б. Бигалиев, А.Г. Сармурзина, М.Н. Сарыбеков, Ф.Қазыбаева, Ж.Б. Шілдебаев, К.Ш. Бакирова,

Б.Н. Мынбаева, Д.Б. Джусупова және т.б. атауға болады. Әрине, типтік бағдарламалардың сапасы мен мазмұны жылдан – жылға мемлекеттік стандартқа сәйкес толықтырылып келеді. Бұл бағытта Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура институтының ғалымдары профессорлар А.Т. Қанаев, Ж.Б. Шілдебаев, К.Ш. Бакирова, Д.Б. Джусупова, Б.Н. Мынбаевалар 2013-2014 оқу жылында типтік оқу бағдарламаларының жаңа мазмұндағы нұсқасын ЖОО-на ұсынғалы отыр.

3. Интеллектуалды тұлға қалыптастырудағы экологиялық тәрбиенің маңызы?

- Әрине, рөлі өте қомақты. Өйткені, интеллектуалды тұлға дегеніміз – тұлға бойында имандылық пен ізгілік, адамгершілік пен адалдық, ұлылық пен қарапайымдылық, еліне, жеріне деген патриоттық сезімі толыққанды қалыптасқан, бәсекелестікке қабілетті мінез-құлқы қалыптасқан толерантты азамат. Осы аталған адами қасиеттер тек ұлттық салт-дәстүрмен бірге қалыптасып келе жатқан экологиялық тәрбие мен экологиялық білімнің жемісі болып табылады.

4. Экологиялық мәселелер, соның ішінде, болашақтағы су тапшылығы туралы ой – пікіріңіз?

- Экологиялық мәселелерді – ғаламдық, аймақтың және жергілікті деп топтастыру дәстүрге айналған. Бірақ, бір нәрсені ұмытпауымыз керек. Ол – экология мәселесі – бүкіл жер шарының адамзат қоғамына ортақ. Сондықтан экологиялық мәселелерді мемлекетке, ұлтқа, шекараға бөлмей қарастырған жағдайда ғана адамзат қауымы өзінің жер шарындағы экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Бізде барлық экологиялық мәселелер бар және жәй ғана емес, өте күрделі. Соның ішінде су тапшылығы – қазірдің өзінде тұрғындарды алаңдатып отыр. Бәріңізге белгілі Қазақстанның інжу – маржаны аталған Каспий, Арал, Зайсан, Марқакөл және т.б. су айдындарының экологиялық жағдайы жылдан – жылға нашарлай түсуде. Ал, үлкенді-кішілі өзендеріміздің жылдан – жылға

суы азайып, ластанып, ішуге жарамсыз күй кешуде. Оның үстіне негізгі сулы өзендеріміз Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық трансшекаралық сипатта. Яғни, негізгі су көздерін Ресей, Қытай, Қырғыз елдерінен алады. Сондықтанда, болашақта аталған өзендердің тағдыры саясаттың тәлкегіне түспеуіне кім кепіл. Қазірдің өзінде ауыз су мәселесі бүкіл оңтүстік облыстарды қамтып отыр. Мұны қалай шешуге болады? Әлі белгісіз. Су тапшылығын шешудің бірден-бір жолы суды үнемдеу, су қоймаларын реттеу, суды мол қажет ететін күріш, мақта басқада көкөністерді шектеу керек сияқты.

Ең бастысы өзендеріміз бастау алып отырған Ресей, Қытай, Қырғыз, Өзбекстан мемлекеттерімен ұзақ мерзімді ізгілікті, саяси – әлеуметтік, экологиялық маңызы бар ортақ мүдделі келісім – шарттар жасау қажеттігі бар деп ойлаймын.

5. ЖОО-да экологиялық білім берудегі жаңаша көзқарасыңыз?

- Бұл бағытта Қазақстанның Білім және Ғылым министрлігі өркениетті елдерге тән көрегендік танытуда. Қазір барлық жоғары оқу орындарында «Экология және тұрақты даму» арнайы курсы оқытылады. Көптеген ЖОО-да экология факультеттері бар. Атап айтқанда эколог, инженер – эколог, агроном – эколог, химик – эколог, эколог – сараптаушы, эколог – биолог, географ – эколог, эколог – ғалым және т.б. арнайы мамандар дайындауда. Сол сияқты техникалық лицей, колледждер мен арнайы мектеп – гимназияларда экология пәні оқытылады. Ал, 2003 жылдан бастап, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ұсынып бекітуімен 9 сыныптарға арналған «Экология» оқулығы 4 кешенімен жарық көріп, оқу жүйесіне енгізілді. (Авторлары А.С.Бейсенова, Ж.Б.Шілдебаев).

Экологиялық білім берудегі жаңаша ұсыныстар көпшілік. Солардың ішінен бірнешеуін атауға болады. Олар:

- 12 жылдық мектепке көшуге байланысты 11-12 сыныптарда «Экология негіздері және қоршаған орта» арнайы пәнін оқу бағдарламасына енгізу;

- ЖОО-да экологиялық білім берудің интерактивтік – ақпараттық технологияларын барынша дамыту;

- Қазақ тіліндегі экология оқулықтары мен оның электронды нұсқаларын кеңінен шығаруды жолға қою;

- Барлық облыстарға арналған «Аймақтық экологиялық мәселелер» атты оқулық пен оның қосымшасы «Аймақтық қызыл кітапты» шығару.

- Көпшілік арасында экологиялық бағыттағы ғылыми жобалар, экологиялық акциялар, қоғамдық экологиялық ұйымдар құру;

- Мемлекеттік телерадиолар арқылы экологияның білім мен тәрбие және экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы және Еліміздегі экологиялық ахуалды көпшілікке хабардар етуге арналған «Экологиялық арна» тұрақты хабарын жолға қоюға ұсыныс беруге болады;

- Жергілікті мұғалімдердің ұйымдастырушылық қасиетін жетілдіру керек. Мысалы: Жылына наурыз және қараша айларында мектеп оқушыларын сенбілікке алып шығуы тиіс. Ауылдың әр көшесіне белсенді топтан құралған оқушылардан бөліп беріп, сол аймақтың тазалығын қадағалап жүруі тиіс.

Сонымен экологиялық білім беру әлеуметтік және тарихи экологияның негізгі қағидалары арқылы түсіндіріледі. Яғни, адамзат тарихында табиғатпен саналы қарым-қатынас жасап, оның құндылығын бағалаудағы адам-қоғам-табиғат дамуының философиялық заңдылығын, сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негізделген ұлы ойшылдар еңбектерін негізге ала отырып, бұрынғы тарихи білімдер жүйесіне сүйену қажеттілігі туындайды.

Дайындаған: Мырзаханова И.А.

ӘОЖ 37.371.398.2

Б.Қ. Ахметова, А.Қ. Ахметова

Алматы облысы, Көксу ауданы, «Ақын Қабан Жырау атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімдері

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БІР ТҮРІ ЕРТЕГІЛЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Бұл мақалада халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегілер арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеуге арналады. Мақалада балаларды тәрбиелеуде ертегілердің алатын орны сөз болады.

Түйінді сөздер: *ауыз әдебиеті, ертегі, аңыз-әңгіме, ұлтжандылық, тәрбие, оқушы, ұлттық дүниетаным.*

В данной статье рассматриваются сказки народной литературы, с помощью сказок детям дается воспитание любви к наций. Главное воспитание детей развивается через народные сказки.

Ключевые слова: *народная литература, сказка, легенды, любовь к наций, воспитание, ученик, национальное мировоззрение.*

The fairy-tales of folk literature are examined in this article, by means of fairy-tales given children to education love to nations. Main education of children develops through folk tales.

Keywords: *folk literature, fairy-tale, legends, love to nations, education, student, national.*

«Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай ертегілердің де балалардың қиялын дамытуда, сөздік қорларын, ұлттық дүниетанымдарын, көзқарастарын байытуда әсері мол.

Ертегілер әр уақытта да қай баланы болмасын қызықтыратын, қиял әлеміне жол ашатын кілт іспеттес. Ол өмірде кездеспейтін кейіпкерлерімен, мүмкін емес жағдаяттарымен ерекшеленеді.

«...Әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі, өрнек етіп аламыз? Әрине... жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, өлеңдерді, ертегілерді, тағы-тағы осындайларды» [1], – деп Ахмет Байтұрсыновтың айтқан сөзінен ертегілердің ел аузындағы, яғни халықтан – халыққа ауыз-

ша тараған ауыз әдебиетінің бір түрі екенін, әдебиеттің негізі екенін аңғара аламыз.

Қазіргі дамыған кезеңде балаларды елітіп, назарын аударатын, көз қызықтыратын дүкендер, компьютерлік ойынханалар өте көп. Одан қалса ұялы телефондарды да ата-ана балаларына еркін ұстауға рұқсат етуде. Бұл бір жағынан дамуымызға, өсіп-өркендеуімізге ашылған жол болғанымен, балалардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылықтарын жоюда. Сондықтан да, әсіресе бастауыш сынып балаларына ертегіні қызықты етіп жеткізе білу және ертегілердің шындыққа жанасымды екенін, ондағы шыншылдық пен адамгершілікті бала бойына сіңіре білу үлкен шеберлікті қажет етеді.

Ертегілерде халық басынан кешкен ғасырлар ізі жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік

тарихы, қилы-қилы қиын асулары халықтың мұң-шері, арман-мұраты бейнеленген. Әрине ертегілерді оқыта отырып тәрбие нәрін бала бойына егу үшін, ең алдымен оқушылардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру қажет. Мысалы «Ер Төстік» ертегісіндегі Төстіктің атына «Ер» сөзінің қосылып айтылуының өзі оның ержүрек, батыр екендігін көрсетеді. Онда кездесетін Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтаусарлар бұл өмірде кездеспейтін кейіпкерлер. Ендеше, балаларды қызықтыру үшін осы кейіпкерлердің суреттерін салып, көрнекілік ретінде балаларға көрсетсек балалар көз алдарына бейнені елестете отырып, «енді не болар екен?» – деп қызығып шығарманы оқиды.

Толағайды алып қарайтын болсақ, өмірде тау көтере алатын бала мүлде жоқ. Бірақ осы ертегі дастанды оқи отырып, Толағайдың жанашыр, елге деген сүйіспеншілік сезімі, адамгершілік қасиеті, ерлік істері бала мінезіне, көзқарасына талабына оң әсер етеді. Толағай тек ата-анасының ғана көзқуанышы емес, ол бір ауылдың еркесі.

Қайтсем жауын жаудырамын,

Ел сусынын қандырамын [2], – деген жолдардан Толағайдың елін жақсы көретін, ел қамын ойлайтын азамат болып өскендігін аңғаруға болады. Яғни, бұл болашақта балалардың ел қамын ойлайтын азамат болып тәрбиеленуіне өз үлесін қосары анық. Ертегілер баланың сөздік қорын молайтып, тіл байлығын арттырады. Ертегіні бала тек оқып қана қоймай, сонымен бірге, оны қызыға, таласа айтып беруге тырысады.

Мысалы, «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісіндегі «Бір тауды бір тауға соғып, бір тауды бір таудың жанына көтеріп қойып жүрген алып», «Жерге құлағын төсеп, тың тыңдап жатқан тыңшы», «Екі көлдің суын екі ұртына ұрттап алып жүрген – алып», «Бір аяғына қазандай қара тасты байлап алып, ерсілі-қарсылы зымырап жүрген желаяқ» [3] секілді кейіпкерлер баланың қиялын шарықтатып, ойлау, елестету, есте сақтау сияқты қабілеттерін дамытады. Өмірде кездесетін қиындықтарды жеңуге болатынын осы

кейіпкерлер арқылы да үйретуге болады.

Балаларға арналған хрестоматияға енген ертегілер адамгершіліктің, еңбектің, тазалықтың маңызын көрсетіп, үлкенді сыйлауға, еңбекті қадірлеуге және сүйуге, өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеу мақсатын көздейді. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділет пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенетін болса, осы іс-әрекеттер ертегілер арқылы балаларды ақ пен қараны ажырата білуге үйретеді.

Қай кезеңде болмасын үлкендер жастарды жақсы іске, қайырымдылық жасауға үнемі үндеп отырған. Міне, сол жақсылықтың, маңызды тәрбиенің қайнар көзі, тәрбиенің бастауы ертегілер десек те болады. Қазақтың мақтанышы, Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың да жастайынан әжесі Зеренің ертегілерін тыңдап өскенін өмір жолынан көре аламыз. Ал қазіргі таңда ертегі айтатын әжелеріміз аз секілді, тіпті жоқтың қасы. Бауыржан Момышұлы: «Ертегісіз өскен бала – рухани мүгедек бала» деп айтқан. Ертегіні бала өмірінің негізгі азығы ретінде қарау керек деп ойлаймыз. Ертегілердің рухани тәрбиелік мәні зор. Ертегілерде ұлттық дүниетаным, тәлім-тәрбие мол. Ол балаларға еңбектенуді, шыншыл болуды, өзін қиыншылық көрсең де біреудің ала жібін аттамауды, шыдамдылықты үйрете білетін зор маңызға ие.

Адамзат баласы әсіресе бақыт, байлық бәрі де еңбекпен келетінін жас буынға ерекше түсіндірген. Жастарға қашанда еңбек етсең жемісін жейтінін, еңбек арқылы қуаныш пен бақытқа бөленетінін атап айтқан. «Еңбек түбі – береке», «Еңбек етсең емерсің», «Еңбектің наны тәтті», «Еңбек ер атандырады» [4], – деген сияқты қазақтың мақал-мәтелдері де баршылық. Яғни еңбексіз өмір бақытты да, қадірлі бола алмайды. Міне бұл еңбектің тәтті дәмін ертегілерден көре аламыз. Еңбекті дәріптеу ертегілерде қарапайым қойшы баланың, аңшылықты тұрмысқа қажетті кәсіп деп түсінген қарапайым халықтың, алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды аңның, құстың етімен асыраған ержүрек батыр жі-

гіттердің бейнелері арқылы берілген. Мал баққан, еңбек сүйген, қару-жарақ асынып, ел-жұртын мергендікпен асыраған қарапайым шаруа адамдарының адал еңбегі арқасында қиындық біткенді жеңіп шығып отырған. Ендеше ертегілердің өсіп келе жатқан жеткіншектерді еңбекке тәрбиелеуі шындық.

Әдебиеттер

- 1 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004.
- 2 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2005.
- 3 Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1995.
- 4 Қожахметова К.Ж. Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы, 1993.

ӘОЖ: 355.233.231.1

Г. Испанкулова

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
e-mail: gul-isp@mail.ru

СЕН ӨЗ ЕЛІҢНІҢ ПАТРИОТЫСЫҢ БА?

Менің бұл мақалам студенттерді патриоттық рухта тәрбиелеуде атқарған тәрбие жұмыстарым туралы ой бөлісуге арналады.

Түйінді сөздер: патриотизм, тәрбие, Отан, ұлттық құндылықтар, ана тілі, туған жер, салт-дәстүр, студент.

Моя статья посвящается какие воспитательные работы проводила о воспитании студентов в патриотическом духе.

Ключевые слова: патриотизм, воспитание, Родина, национальные ценности, родной язык, обычаев и традиций, студент.

My article is devoted what kind of brining up activities I spent with the students about brining up in patriotic spirit.

Keywords: *patriotism, education, Homeland, national values, native language, obychaiya and traditions, student.*

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Отанға құрмет көрсету тұрғысындағы патриоттық сезім жалпы адам баласына тән туған түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған көрсеткіші болып табылады. Патриоттық сезімнің жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты. Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы керек. Кімде кім халыққа, оның болашағына сенбесе, өз тағдыры үшін де үрейленеді, өз Отанын жат жұрттықтардың жаулап алуынан қауіптенеді. Бір сөзбен түйгенде, Отанының патриоты, батыры бола алмайды. Жалпы, патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасынан бастау алады. Алайда ХХІ-ғасырда, жаһандану дәуірінде қазақ халқын тағы бір үлкен сын күтіп тұр. Ол – қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалу және Қазақстанды әлемдегі озық мемлекеттердің алдына шығару. Бұл – ұлы мақсат. Қазақстан мемлекеті мен қазақ ұлтын дамыту мен гүлдендіру мақсаты. Оған жетудің оңай емес екені де белгілі. Бұл идеология Қазақстан болашағы үшін, қазақ ұлтының келешегі үшін жаны ашитын, тілі мен діні, жарқын болашағы, ертеңгі алаңсыз өмірі, келешек ұрпағының бақыты үшін күресетін, берік бірлігін сақтай отырып, бір мақсатқа жұмыла әрекет ететін, «Мен қазақып, мен қазақ екенімді мақтан тұтамын, ұлтым үшін у ішуге дайынмын», – деген адамдарға арналады.

Мен бұл мақаланы жазуда көп ойландым. Патриотизм жайында көп нәрсе жазуға бо-

лады. Алайда өзің қалай патриот болдың, жастарды патриотизмге қалай тәрбиеледің. Сенің оларды өз еліңнің патриоты болуға қандай септігің тиді, елге, жерге, тілге, ділге деген сүйіспеншілігің тудыра алдың ба және т.б. Сондықтан да, мен аз да болса өз тәжірибеммен ой бөліскім келді. Ұрандатып өз еліңнің патриоты болу үшін мынаны-мынаны істендер, былай жүріп тұрындар деп жалаң сөздерді айтқаннан жас патриоттарды тәрбиелей алмаймыз. Оны күнделікті тәжірибеде өмір сүзгісінен өткізіп, олардың бойына бірте-бірте қалыптастыруымыз керек. Менің ойымша жастарға жалаң тәрбие сағаттарынан көрі, өмірлік тәжірибесі мол, қиынқыстау өмір кешкен, көпті көрген, өзіндік айтар ойы бар адамдармен көптеген кездесулер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер өткізуіміз керек. Сонда ғана нағыз патриоттарды тәрбиелей аламыз деп ойлаймын.

Елге, туған жерге деген сүйіспеншілік жас кезімнен, 5-ші сыныптан еңбекке баулып, патриоттық рухта тәрбиелейміз.

Отан дейміз туған жер, атамекен,

Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

О, Отан құлыныңмын қойнындағы,

Өзіммен өмірім өзің де ойым да.

Болашағың күлімдеген ертеңгі

Отан-Ана мына менің мойнымда, – демекші оқушылардың өндірістік бригадасында – далада жұмыс істеп жүргенімізде жеріміздің кеңдігіне, әсемдігіне қызығатынымын. Дала гүлдері, жусан исі, көк шалғындағы шегірткенің шырылы, шыбын шіркейдің ызыңы, бозторғайдың әні әлі күнге дейін жадымнан кетпейді. Осының бәрін көріп, естіп өскендіктен отанға деген сүйіспеншілік арта түсті. Кең далада небір армандар, ойлар кино лентасындай көз алдымыздан өтіп жататын. Кітапқа деген құмарлығым, мектепке бармай тұрғанда үлкен апаларымыз ағаларыма кешкісін Батырлар жырын оқытатын, түсінбесек те ұйып тыңдап отыратынбыз. Қозы бағып жүріп, уақыт көп болғандықтан әдеби кітаптарды көп оқыдым. Әсіресе революция кезіндегі, соғыс туралы, оның ішінде, барлаушылар, партизандар туралы, ұлы адамдардың өмірі туралы және де өзіміздің

классиктеріміздің кітаптарын оқыдым. Әлі есімде Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабын ағам кешкісін біреуден сұрап алып келіп, үйге тастап кетті де, өзі туған күнге кетіп қалды. Әке-шешем біліп қоймасын деп сыртын Лениншіл жас газетімен қаптап алып, түнгі төртке дейін оқып шықтым. Әкем қайта-қайта жат, шамды өшір деген соң, суреттеген жерлерін тастап кеттім.

Топта оқитын қыздар мені оқу залы ашылғаннан – жабылғанша отырады деп күлетін. Демалыс күндері, кейде сабақтан соң Пушкин атындағы республикалық кітапханаға баратынмын. Ол жер маған тақ сияқты көрінетін. Сол кезде сол кітапханадан Араб әліпбиін үйрендім. Студент кезімде де газеттер сатып алып оқитынмын. Өздері сатып алуға ақшаларын қымай басқа бөлмедегі қыздар да келіп оқитын. Болашақ жұмысыма керекті кітаптарды да сол кезде сатып алатынмын.

Кітапқа деген құмарлығым – елге деген патриоттығымды арттырды. Патриоттық сезімнің артуы Алматыда көптеген ақын-жазушылармен, әртістермен болған кездесулер. Есте қалғандары Сара Есова – ақын, Құсайынбек Әміров – жазушы. Жалынды революционер Ғани Муратбаевтың серігі, Қалаубек Тұрсынқұлов, Тұманбай Молдағалиев, Кәкімбек Салықов; Әзімхан Нұршайықов және т.б. Генерал Панфиловтың қызы Валентина Панфиловамен кездесу де естен кетпейді. Әкесінің және 28 панфиловшылар дивизиясының ерлігі туралы айтқанда Отанға деген патриоттық сүйіспеншілігіміз одан бетер артты. Осындай кездесулер өткізген Алматы Шетел тілдері институтының сол кездегі оқытушыларына алғысым шексіз. Баурыжан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің зайыптарынан Әлия Молдағұлова туралы «Шығыс шынары» атты кітаптың авторы Әзизә Нұрмахановадан, Ш.К.Бектұров, М.Қараев, Әмеди Хасеновтан, Қазіргі сенатор – Әділ Ахметұлы Ахметов және т.б. оқытушылардан дәріс алғанымды мақтан етемін.

«Көпті жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» – демекші, көп оқығаным,

көпті көргенім мектепте, университетте оқушылармен, студенттермен тәрбие жұмысын өткізуіме көп көмегін тигізді. Үзілісте, кейде сабақ арасында көрген-білгенімді, ойға түйгенімді студенттерге айтып отырам. Ондағы ойым студенттердің бойынан намысшылдықты, отанға деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді ояту, рухани байлықтарын дамыту. Себебі қазіргі жастар ойлаудан қалып бара жатыр, көбі кітап бетін ашпағалы қашан, кітаптар оқу залдарының сөрелерінде қаттаулы тұр. Университетте екінші жылы жұмыс істеп жүргенімде тіл мерекесіне орай қала ортасында орналасқан Абай ескерткішінің жанында поэзия кешін өткізбекші болғанымда, кейбір әріптестерім, онда не бар, ешкім бармайды деп күлген еді. Алайда кеш өте тартымды өтті. Соңы ән-күймен жалғасты. Сол маңда тұратын тұрғындар көп алғысын білдіріп, келесі жолы тағы келуімізді өтінді. Ол кеш туралы студенттер көп айтып жүрді. Олардан Абайға, поэзияға, тілге деген сүйіспеншілігінің артқанын байқадық. Сол кезде өлең оқыған студенттердің бірі «Шабьт» фестивалінің лауреаты Сәндібеков Олжас қазір Астанада жұмыс істесе, Саятхан деген студентіміз «Арай» газетінде, Айнұр ҚР Ішкі Істер Департаментінде Баспасөз хатшысы, Эльмира – Астанада министірлікте, нағыз жүрегі қазақ деп соққан жүргізуші, ұлтжанды тәжік қызы Гулбахор Алматыда «Азаттық радиосында» тілші болып жұмыс істейді. Осы студенттермен «Жамбыл Жастары» ұйымы арқылы облыс аудандарында ауыл жастарына арнап семинар-тренингтер өткіздік. Тараз қаласы Демократияны қолдау орталығында қаланың зиялы өкілдерімен бірігіп, «Тілім менің – тірегім» атты дөңгелек үстел өткіздік. Оған факультет деканы, ф.ғ.к., доцент Ә.О. Ыбырайым да шақырылды. *«Ағылшын тілінің жасағандануы және оның қазақ тіліне әсері»* атты дебатымыз өте қызу тартыспен өтті. Содан кейін көптеген оқытушылар мені ұлтшыл екен деп ойлады. Кейбір орыс тілді мұғалімдердің маған деген көзқарасы өзгеше болды. Студенттердің рухани байлығын арттыру үшін *«Рухани*

байлығымыз төмендемесін» атты дөңгелек үстел өткіздім. Оған сол кезде, бізде жұмыс істеп жүрген Абайтанушы ғалым ағамыз Мекемтас Мырзахметов, облыстық білім басқармасынан, тіл комитетінен, теледидар өкілдері және Қайнар университетінің студенттері қатысты. Театрдан, облыстық кітапханадан да өкілдер шақырғанбыз. Олар келмеді. Студенттерге бұндай кездесудің ұнағаны соншалық үш сағат отырыппыз. Онда қазіргі кезде адамдардың рухани байлығы төмендеп, материалдық құндылықтардың артып бара жатқандығы туралы келелі әңгіме қозғалды. Жастар тәрбиесін жетілдіру үшін «Ел болам десе, бесігіңді түзе» атты дөңгелек үстел де студенттерге көп ой салды. Оған Смағұлова Г.С. – Университеттің Әлеуметтік және тәрбие бөлімінің бастығы, Байгелді Н. – Тараз қалалық Әділет басқармасы АХАТ бөлімінің бастығы, Стамбекова З.Т. – №2 емхананың жоғары санатты акушер-гинекологы, Алишері Алтыншаш Бейсенбекқызы – Жамбыл облыстық «Үміт» сәбилер үйінің әдіскері, Рахымжанқызы Б. – университет баспасөз қызметінің жетекшісі, Ыбрайым Ә.О. – ҒӘҒИ-ның деканы, ф.ғ.к., доцент. Бодықова А. – «Қазақ филологиясы және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы. Иржанова Г.Т. – Университет ғылыми кітапханасының директоры, Боранбаева Ғ. – «Университет тынысы» газетінің бас редакторы, Нұрболат Әлдибеков – «Ар-Ай» газетінің тілшісі, Шымырова Б. – Төле би атындағы гимназияның директоры, Байарисов Е. – Философия және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы қатысты. Алғаш студенттер отбасы, бала тәрбиесі, әке қадірі туралы шағын баяндама, презентация жасады. Философия және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы Байарисов Ережеп Шабденова Арайлымның әке туралы сөзіне қарсы шықты. Арайлым әкелердің балаларын тастап, олардың не істеп жүргеніне қызықпайтынын айтқан. Байарисов Ережеп тәрбиенің үш түрлілігін айтты, яғни ата-ана, әке, немере тәрбиесі. Стамбекова Зоя Тәжібайқызы – №2 емхананың жоғары санат-

ты акушер-гинекологы «Денсаулық – салауатты өмір сүру кепілі» атты баяндама жасап қыздарға отбасын құрмай тұрып, дәрігерге қаралуын, кез-келген жағдайда жыныстық қатынасқа бармауын, өздерін күтіп ұстауы туралы кеңінен айтып өтті, жастардың сұрақтарына жауап берді. Ал, Жамбыл облыстық «Үміт» сәбилер үйінің әдіскері Алишері Алтыншаш Бейсенбекқызы қазіргі кезде сәбилер үйінде қазақ балаларының көбейіп бара жатқандығын (82 баланың 60-ы қазақ) айтты. Оның 36-сы мүмкіндігі шектеулі балалар. 2 курс студенті Сатыбалдиева Алуа тастанды балаларға атты кім қоятынын сұраса, Кеңесхан Ақтоты балаларды кімдердің көп асырап алатынын сұрады. Алтыншаш Бейсенбекқызы кейде көшеден полицейлер тауып алған балаларға атты өздері ойдан шығарып қоятынын, балаларды өзіміздің еліміздің адамдары асырап алатынын айта келіп жастарға өздеріне ие болып, болашақта балаларын тастамауын өтінді.

Әрі қарай дөңгелек үстелдің негізгі сұрақтары талқыланды.

1. Әке қадірі төмендеп кетпеді ме?
2. Аналар жүгі неге ауыр?
3. Келешек ұрпаққа кім жауапты?

Сатыбалдиева Алуа базардан әкелер туралы сауалнама жүргізгенін, қорытындысында 80 жанұяда әкелердің жоқтығын, жанұясын тастап кеткендігін, жауапкершілігінің өте аз екенін айтып қынжылды. Әкелерге сенбейтіндігін айтты. Байарисов Ережеп әкелер қадірінің төмендемемендігі, әкелеріміздің арқасында елімізде орасан істердің атқарылып жатқандығын айтты. Төле би атындағы мектеп-гимназиясының ұстазы Иманалиева Заһан болашақ әкенің беделін көтеру керек, қыздар ерлерді жоғары көтеріп, сыйлау керектігін ұсынды. «Ар-Ай» газетінің тілшісі Нұрболат Әлдибеков қыздарды шеше емес – көше, балаларды дана емес – дала тәрбиелеуде, бірақта әкелердің қадірінің төмендемемендігін айтып, қыздардың сөзіне қарсы шықты. Қазіргі жастардың ішпейтіндігін айтып қуанды. «Шетел филологиясы және аударма ісі» ка-

федрасы араб тілінің оқытушысы Жолшин Ахат Жолшин Абдулланың әйелдер туралы айтқанын мысалға келтірді. Ер мен әйел тең болса 2 басты жылан деп, 50-ші жылдары әйелдер орамал салған, 60-шы жылдары орамалын шешкен 70-ші жылдары шайтанға жақындап, ерлер тұңғыш ұлға ұқсаған. 80-ші жылдары жігітке иман кірді. Қазақ әйелдері ерлерін пір тұтқанын айтты. Университет ғылыми кітапханасының директоры Иржанова Гүлжан Тұрғынбекқызы ердің қадірін көтеру әр әйелдің қолында, баланы әр бағытта тәрбиелеу керек, жас аналарға нәрестесімен 3 жасқа дейін отырса, дені таза ұрпақ тәрбиелеуге болады деді. Дөңгелек үстел барысында басқа қонақтар және көптеген студенттер де өз ой-пікірлерін ортаға салды. Соңында қатысушылар өз ойларын қысқаша тақырып бойынша түйіндеді.

Жастарды болашақта жар таңдауда қателеспеу, отбасын сақтап қалу *«Отбасын қалай сақтап қалуға болады»* атты дөңгелек үстел өткіздім.

Акын «шамал» деген созді отмо мааниде алат да, бир кезде апасына да тийген шамал, ага окшош тагдыры бар кызынын абалын беріі ічін колдонулуп, шамал аркылуу аянычтуу тагдырлар ыры ырдалат. Ыр терен

поэтикага эгедер болуп, адам тагдыры, анын бир учурдагы психологиялык ал-абалы эн сонун таасирдіі, конкреттіі чагылдырылат.

Ш.Дійшеевдин ырларында образдуулук, чексиз терең сезим, мааниліі мазмун, ошо мазмунга жараша табылган форма бар, алар анын ырларына жан киргизип, тиріі организм сыяктуу кан жігіртіп турат. Акындын поэзиясындагы жонокой эле создор тан калаарлык тактык менен орундуу колдонулуп, тір-тісполін озгортіп, кулпуруп чыгат да, эмоционалдуу, образдуу, коп мааниліі кепке айланып окурманды ырдын ичине кірііго жетелеп, анын жан дііносіно отот. Акындын мындай чеберчилиги «Шакен азган» (2004), «Туз» (2011) аттуу жыйнактарында да даана корінді.

Кылт этип кырдан кочормін,

Кылт этип кырдан кочкочо.

Кыргыз деп ыйлап отормін [3, 79], – деген саптар менен башталган акындын «Шакен азган» деген жыйнагына Ш.Дійшеевдин мурунку жарыяланган мыкты ырлары, кара соз тіріндогі чыгармалары топтолуп, мында да акын заман темасына басым жасап, анын ийги жана терс жізін корсоткон чыгармаларын тартуулады. Немецтин XX кылымдагы атактуу жазуучусу И. Бехер жазгандай: «Литература только тогда может обрести могущественную власть, когда она с мощной силой убеждения выразить исторически носущенные проблемы эпохи и тем самым поможет росту самосознания нации и её самоутверждению. Литература приобретает могущественную власть, когда в ней находят свое выражение лучшие черты народа и когда она, таким образом, воспитывает людей, формирует характеры». Ш.Дійшеевдин поэзиясы так мына ушундай касиетке эгедер. Себеби, акын кандай гана темага кайрылбасын бігінкі кін чындыгы терен ой – толгоолор, нукура сезимдер жуурулушуп, талашсыздыгы жана корком жугумдуулугу менен окурманды кайдыгер калтырбай аны ойлоноууга, кайгырып же кубанууга мажбурлап, ички психологиялык чыналууга алып келет. Акын балким, тээ бала кезинен турмуш азабын коп тартып ошого болгон бугун, андан

сон жаныдан адабият дйносіно аралашкан-да кайра куруу деген «балээ» башталып, мурдатан козі коріп, бирок айта албай келген турмуш чындыгына болгон арманын, андан отіп, откоол мезгилдеги элдин болуп корбогондой жакырланганда бугуп жаткан сырларын сыртка чыгарып жаткандай сезилет. Себеби, акын заман чындыгын жылмалап, кооздоп отурбайт, ал тібін тішіро кашкайта ачык жазат. «Акын тагдыр кітмойінчо акын боло албайт» деген соз бар эмеспи.

Ал эми Ш. Дйшеевдин жеке тагдыры элдин тагдыры менен жуурулушуп, эконооні боліп кароого мімкін эместей элестелет. Акындын озінін минтип жазганы бар: «Эл деген – мазар, элден кеткен азар» дешчі экен. омір бою ушул мазарда болдум. Сыйрылып сыртка чыкпадым, айрылып артка тартпадым. Кесириме кетпедим, кемегеме теппедим. Адал иш кылдымбы? Ал эсимде жок. Балким кылгандырмын. Качан эле кыргыз кылганын моюнга алчу эле. Анткен менен калк карегинен кан акканда да, май акканда да мазарым сынбасын, мазарым сынса назарым сынар, назарым сынбасын, ниет-куйу бузук бироолор кандап кетпегиле, заңдап кетпегиле деп бойрогім боکیلдогон, заманым закылдаган кінім далай болду. Аттин!.. Бары бир бууп булгутпай, жээн тепсетпей коё албадым.

Мазарым сен элен – Кыргыз Жерим!

Сага билип откондор, кіліп откондор, іріп откондор, сийип откондор болду. Ушунун баарын коріп туруп кор болдум, угуп туруп ділой болдум». Баарын коріп, билип туруп эч нерсе кыла албай келген акын ыр-

ларына сырын токті, ырларына дилин берди. Ошондуктан, акындын ырларында жасалма ой, жасакерлеген мамиленин жыты да сезилбейт. Мына ушундай жагдайлар, сапаттар Ш.Дйшеевди кыргыз поэзиясынын Владимир Маяковскийи менен Пабло Нерудасы сыяктуу барандуу, карааны алыстан корінгон албан фигурага айлантип турат.

Белгилүү адабиятчы жана журналист Э.Нурушевдин сөзү менен айтканда: «Шайлообек өз чыгармаларында азыркы турмуштун кадимки эле кара фактылырына, саясий, экономикалык, социалдык жана гуманитардык маанидеги конкреттүү, күндүн күйүп турган актуал проблемаларына арбын кайрылды. Болгондо да ошол карандай фактыларга эстетикалык бийик ырай берип, окуган же уккан адамдын көңүл көкөйүндө кыттай уюп калгандай кыяпка жеткирип, анын поэзияга айлантты. Дал ушул касиет аны башкалар-дан аттын кашкасындай айырмалаган акындын эн белгиси болуп калды. Атүгүл улуттук поэзиядагы жаны агымга нук салды. Көз алдыда болуп жаткан же жаңы болуп өткөн күнүмдүк жаңылыктан, окуядан, фактыдан коомдук резонанска ээ болгудай жогорку сапаттагы ыр жасай алган акындар кыргыздын жазма поэзиясынын тарыхында буга чейин жолуга элек болчу, жолукса да адабий теорияда «публицистикалык поэзия» деп аталып жүргөн жанрды Шайлообектей көркөм деңгээлге көтөрө алышкан эмес» [4], – деген пикири тура міноздомо эле.

Адабиёт

- 1 Артыкбаев К. 20-кылымдагы кыргыз адабиятынын тарыхы. – Бишкек, 2004.
- 2 Дйшеев Ш. Арабадагы ыр 2. – Бишкек, 2001, 65 б.
- 3 Дүйшеев Ш. Шакен азган. – Бишкек, «Учкун», 2004, 1 б.
- 4 Бехер И.Р. О литературе и искусстве. – Москва, 1981. – С. 222-223.

ӘОЖ 141.33.7.046

Б.М.Аташ

*Алматы энергетика және байланыс университеті, әлеуметтік пәндер кафедрасының
доценті, философия ғылымдарының докторы*

Н.Б.Маханова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі

АРҒЫҚАЗАҚТАРДЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада арғықазақтардың мифологиялық дүниетанымының ерекшеліктері туралы нақты дәйектермен, автордың өз ойымен талқыланған. Мифологиялық оқиғаларды мазмұнына қарай бөлу жолдары қарастырған.

Түйінді сөздер: *арғықазақ, түркі-қазақ мифтері, ғарыш, философия, дүниетаным.*

В этой статье обсуждается мнения автора и даются конкретные факты об особенностях мифологической мировоззрений протоказахов. Также, автор разделяет мифологические события по их содержанию.

Ключевые слова: протоказах, мифы турки-казаха, космос, философия, мировоззрение.

This article discusses the opinions of the author and gives specific facts about the features of the mythological worldviews of protokazakhs. Also, the author shares the mythological events by their content.

Keywords: *protokazakh, myths of the Turks Kazakh, space, philosophy, worldview.*

*«Біздің кіндігіміз жеті атамызбен ғана
жалғасып жатқан жоқ, онан арғы Үнді
мен Ніл, Еділ мен Дон жағалауларына қазақ
даласының рухын жеткізген бабаларымыз-
бен жалғасып жатыр»*

Назарбаев Н.Ә.

Түркі-қазақ философиясының түп негіздері тым көне дәуірлерден тамыр тартатындығын ескерсек, миф адамзат танымының ең көне және алғашқы сатысы екендігін негізге алсақ, ұлттық философияны саралау барысында оның түп бастаулары да осы мифтік сарындардан бастау алады.

Философияда миф кеңірек ұғым ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, оған байырғы әфсаналар, алғашқы наным-сенімдермен байланысты оқиғалар, қазіргі заманғы орныққан дәстүрлі діндердегі қиял-ғажайып көріністер, ертегілер мен аңыздар, көне эпикалық туындылар т.б. жатқызылады [1]. Мифтің пайда

болуы, мазмұнымен мәні жөнінде философияда әртүрлі көзқарастар бар: ол – ұмыт бола бастаған оқиғалардың бұрмаланған түрі, адамзаттың қиял-ғажайыпқа еліктеушілік арман-мұраттары, адамның ішкі көңіл-күй сезімін сыртқа шығаруға ұмтылыстан туғандықтан, оларды шынайы өмірде кейіптеуден пайда болған, миф көне салттармен дәстүрлерден туған т.б. Дегенмен, ең бастысы, миф адамзат үшін не берді, оның бүгінгі күнге дейін ұмыт болмай, сабақтасуының сыры неде, ұрпақтардың рухани жетілуі үшін қандай пайдасы бар деген сауал бұл тұста маңыздырақ болып шығады. Ендеше, түркі-қазақ мифтерінің ішкі мағынасына, түпкі айтатын деген идеясына, бүгінгі күнгі танымдық маңызына аса маңыз берілуі қажет.

Мифтер кең мазмұнды болғандықтан, оны шартты түрде бейнелейтін оқиғаларына байланысты былайша бөліп көрсеткен дұрыс: ғарышпен әлемнің пайда болуы және оның заңдылығы туралы (космогенез), құ-

дайлардың жаратылуы мен олардың өмірі хақындағы (теогенез), адамзаттың пайда болуы мен дамуы туралы (антропогенездік), ұлт пен ұлыстардың қалыптасуы мен дамуы жөніндегі (этногенездік), тұрмыс-тіршіліктегі өмір мәнділік жағдаяттар туралы (экзистенциалистік).

Байырғы түркі-қазақ мифтері де осы ыңғайдан тыс емес және бұнда байыпты терең ойтолғамдар түзілісі мен ұрпақтарына үлгі қылып қалдырған адамгершілік қағидалары жинақталған. Бұл сипаттарды ашып көрсету үшін философиядағы әдіснамалардың бірі – түсіндірмелі талдаулар (герменевтика) қолданылады.

Ғарыш заңдылығы туралы мифтердің бірі – сақалы қырық қарыс, бойы бір қарыс шал туралы көне ертегінің өзі рәміздік түрде, яғни, белгілі бір құбылысты салыстырмалы түрде оған қатыссыз құбылыс арқылы, қандай-ма болмасын белгілі бір қырлары бойынша ұқсастырып барып бейнелеу арқылы берілген. Ол – аспан әлеміндегі құйрықты жұлдыздың (комета) тұспалды көрінісі. Немесе, керісінше, кей жағдайда аспан денелерінің қозғалысы жердегі өмірдің шынайы бейнесі мен ұқсастырылады. Оқиға желісі мынадай аңызды мысалға алуға болады. Түнгі аспан денелерінің қозғалысы негізінде «Үркер» аталатын шоғыр жұлдыздың қызын «Жетіқарақшы» деп аталатын шоғыр жұлдыздар қоршап алып аңдиды, олардан қашқан Үркер аспан бойында жылжып қашып жүреді. Шолпан жұлдызы да қашып жүріп, жылына бір рет Айдың бауырына паналайды. Оның сенімді күзетшісі ретінде «Темірқазық» жұлдызы бекітілген [2].

Бұндағы Шолпан мен Үркер беттерін жел қақпаған нәзік жанды сұлу қыздардың бейнесін берсе, Жетіқарақшы тікелей мағынасындағы қарақшылар болмаса да, қызға көзін сүзетін, олардың теңі емес барлық қарсы жыныстылардың жиынтық рәмізі, ал жеті саны шартты түрде алынған, олардың бірлі жарым ғана емес екендігін білдіретін белгі. Бұл құбылыс қазақ қоғамындағы, тіпті жалпы адамзатқа ортақ тіршіліктің өзіндік бір маңызды қайталанып тұратын белесі.

Оқиғаның Жердегі тіршілікке өнегелік үлгісі ретінде берілгендігі – Аспан әлеміндегі жұлдыздардың қозғалысының тұрақты түрде мәңгі сақталуына, күн сайын түнде көрінетін бейнесі арқылы үнемі еске түсіріп отыруға ыңғайластырылғандығына сүйеніп, ой-санаға әсерін күшейте түседі. Ол тек ауызша айтылумен ғана емес, ғарыштан нақты бейнесі көрінетін визуальді көрініс болғандықтан, ұрпақтарға ықпал ету мүмкіндігі де айқынырақ құбылыс. Сонымен қатар, қыз бала үшін әрбір түннің мүмкін болатын қаупін ескерткендей сыңай да бар. Бұндай сәйкестендіру кейіннен халқымызда қыздардың есімін «Шолпан» деп қоюмен шешімін тапқан немесе керісінше, жұлдыздарға бұл есімді таңған.

Ал, бүлікші «Жетіқарақшы» мен тірекші «Темірқазықтың» өзара ұқсастандырылуы мен бір-біріне берілмес бәсекелестігі жер бетіндегі ізгілік пен зұлымдықтың өзара теңдігін, қатар жүріп отыратын арналастығын білдіріп тұр.

Түркі халықтарында және қазақтарда да кездесетін аңыздардың бірі – есте жоқ ескі заманда жер бетіндегі әділетсіздіктен қорлық көрген қыздың ғарышқа самғап кетіп, Ай толысқан шақта оның бетінен сол қыздың кескінінің көрінетіндігі туралы оқиғаны қамтиды. Қыздың Ай бетінде отыруының ішкі мағынасы бір сарынды емес, сан түрлі түсіндірмелермен шешімін табады. Жер бетіндегі патриархалдыққа (ер адам отағасы ретінде билікке ие), гендерлік теңсіздікке қарсылықтың әйелге тән әлсіз түрі немесе адамзат қоғамындағы әділетсіздікке қарғыс айтып, жеке отырып мұңаюдың, жалғызсыраудың бейнесі; «қырық үйден тыйылмаған қызға» берілген жаза – Аспан әлемінде «қамауда отырғандай» болатын қыздың тұспалды көрінісі; өзінің теңін күте білудегі тұрақтылықтың, тазалықтың, сабырлылық пен ұстамдылықтың келтірілген мысалы; Ай нұрына бөлендіріп қыздардың сұлулығын ескертіп отыратын өнегелік үлгі; халқымыздағы «Қыз сыры», «Қыз намысы» сияқты қасиеттердің құрметін арттыру үшін алыстағы бейне арқылы қол

жеткізілмейтіндік пен асқақтықты көрсетуге арналған; жаугершілік замандағы ұрыстардағы өзінің ерін немесе ғашығын күте білудің құндылығын әйгілеу т.б.

Бұның Жердегі қайталанған нұсқасы «Қар қызы» деп аталатын аңыздағы ешкімге көрінбейтін, үнемі даланы жаңғыртып ән салып жүретін жалғыз қыз бойынша берілген. Сондықтан екі аңызда да оқиға қарт кемпір немесе тұрмыстағы әйел емес, үнемі қыз бейнесінде сипатталады. Бұлардың түп мәні халқымызда қыз баланы құрметтеуге, сыйлауға, қорламауға үгіттеуді мақсат еткен философия. Себебі, аталған көріністерде, өмірден түңіліп, өз-өзіне қол жұмсау немесе жермен тылсым байланыс орнататын мистика жоқ, керісінше, қыз баланың да өзіндік өршіл рухының үлгісі айқын берілген. Бұндай қыздардың, керісінше, қарама-қарсы кейпі, сәйкесінше, түркі-қазақ және әлемдік мифтерде – су перісі, перінің қызы т.б. түрінде көрсетіледі.

ҮІІІ-ХІІ ғасырлардағы рухани өрлеу дәуірінің бастамасында оғыз-қыпшақ ұлысының ойшылы – Қорқыт Ата жатыр. Қорқыт тек данышпан ғана емес, қобызшы, жыршы, хан кеңесшісі, бақсы т.б. көпқызметті және тарихи тұлға, әрі аңыз кейіпкері. Сондықтан оның дүниетанымы және өзінің өміріндегі оқиғалар бізге мифтік сарында жеткен. Оның философиясының қайнар көздері – 12 жырдан құралған «Қорқыт ата кітабы» мен оған енгізілген даналық сөздерінен, Қорқыт туралы аңыздар мен күйлерінің шығу тарихының мазмұнынан құралады. «Қорқыт ата кітабындағы» жырлар әрбір кезеңдегі оқиғаларды тұтастындыратын түркі халықтарының жалпы тарихы мен дүниетанымының жинақталған мұрасы іспеттес. Ондағы әрбір жырының мазмұны терең рәміздік, бейнелік, тұспалды мағынамен байыпты философиялық ойтолғамдарды береді.

Кең тараған Қорқыттың өлімнен қашу туралы аңызындағы оқиға желісінің негізгі идеясы – өлгісі келмеген, өмірді қимаған бабамыздың өлмейтін өмірді іздеп, желмая мініп шартарапты шарлап, ақыры Сыр бой-

ына келіп тоқтап, суға кілем жайып алып, қобызымен үздіксіз күй тартып, оның үні арқылы өлімді жақындатпай, ақыры шаршап қалғып кеткен сәтінде өлім жылан кейпінде келіп, 99 жасқа қараған шағында оны шағып өлтірумен түйінделеді.

Бұл аңыздағы философия: әлемде бар болу мен болмау, өмір мен өлім, мәңгілік пен өткіншілік, тән мен рухтың қайшылығы сияқты мәселелерге келіп тоғысады. Бұл құбылыс – өлімнің өмірдегі барлық қайғылардың ішіндегі ең басты, ақырғы, болмай қоймайтын субстанциялық қайғы екендігін негіздеп, адамзатқа өмірсүйгіштік мұраттарын паш етеді, өмір сүру, бар болу құндылығы мен бақытын әйгілейді, түркі ұрпақтарын өмірдің құндылығын бағалай білуге үйретеді. Бүгінгі таңдағы жастар арасында өршіп келе жатқан жағымсыз құбылыс – өзін-өзі өлтіру мәселесінде Қорқыт ұсынған өмірге құштарлықтың осындай көрінісін түйсіну аса маңызды болып отыр.

Қорқыт Атаның өлімнен қашу туралы аңыздарының тағы бір нұсқасында оның тартқан күйіне ұшқан құс, жүгірген аң т.б. барша тіршілік иелері құлақ қойып, мүлтіксіз тыңдап тұрады. Рәміздік түрде олар, барша өткінші тіршіліктің барлығы өз басынан өткізетін өлім қайғысына ортақтасып тұр: жалпыға ортақ өлім мәселесі туралы бірге толғанып, мәңгілікті аңсап, өткіншілікке қарғыс айтады, мәңгі өлмеудің жырын тыңдайды. Аңыз терең философиялық дүниетаным болғандықтан, ондағы әрбір көрініс те рәміздік мағынаға ие. Су үстіндегі жайылған кілемде қобыз тартып отырған Қорқыт Ата бейнесінде: ағып жатқан су – өтіп бара жатқан өмір мен уақыт ағымын, кілем – батыс, шығыс, солтүстік, оңтүстік болып құрылған дүниенің төрт бұрышын, жылан – мәңгілікті бейнелейді. Себебі, жыланның табиғатта кезең сайын сыртқы қабығын тастап түлеп отыратындығы әлемдік мистерияда да, көне түркілік танымда да, ол реті келгенде жаңарып-жасарып отырады және мәңгі өмір сүреді деген сенімді қалыптастырған. Ендеше, бұдан мәңгілікпен өткіншіліктің қайшылығы анық байқалады.

Қорқыт Атаның жылқы емес, желмая мініп, басқа аспап емес, қобыз тартып ел кезуі – қобыз үні мен түйенің боздауындағы дыбыстардың үндестігі, екеуінің сазы жөнінен бір-бірінен ажырағысыз екендігі, сайып келгенде, Қорқыт бабаның мұңына тоғысады да, «түйе – қобыз – иесінің» бірлігін тұспалдайды. Себебі, қобыз аспабынан көп жағдайда қайғылы күйлер шығарылады, түйенің боздауы да қобыздың күңіренген даусына ұқсайды, Қорқыттың өлім қайғысы да ішкі жан дүниенің толғанысын білдіреді.

Бірақ, Қорқыттың бұл әрекеті, түптеп келгенде, пессимистік өлім философиясы емес, оптимистік өмір философиясы. Баба әрекеті бір қарағанда сарыуайымшылдық сияқты болып көрінгенмен, түп мазмұны шабытты ғұмыр кешуді білдіреді. Себебі, бұнда өмірден түңілушілік пен оны жек көру жоқ, керісінше, жарық дүниеге деген тойымсыздық пен күштарлық, өмірдің әрбір сәтін бағалай білу, уақыттың құндылығын ардақтау сияқты мұраттар паш етіледі. Қорқыттың бұл әрекетінде «ең басты бакыт – дүниеде бар болу» деген тұжырымның ым-ишарасы жатыр.

Нақ осы ұрпақтар сабақтастығы мәселесі бүгінгі күні өркениетті мемлекеттерді алаңдатып отырған маңызды түйткілге айналып бара жатыр және ол түптеп келгенде, сол ұлттың тарих сахнасынан өздігінен-ақ мүлде жойылып кетуіне алып келетін ұлы қайғы болып табылады. Сондықтан да осы тұста Қорқыт Атаның мифологиясындағы оқиғалардың тек түркі халықтарына ғана емес, жалпыадамзатқа арналған мәңгілік өсиетнамасының қаншалықты мағыналы екендігі ұғынылады.

Арғықазақтардың мифологиялық дүниетанымы көнеден сабақтасып, қазақ хандығы құрылар тұсқа дейін және одан кейін де жалғасын тапқан беталыс [3]. Соның бірі – Асан қайғының «Жерұйықты» іздеуі туралы аңыз. Бұның мазмұны жыршы, жырау, көріпкел, хан кеңесшісі болған Асан қайғы «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» бейбітшіл дәуірді, барша халық дәулетті тұрмыс кешетін заманды іздеп, жайлы қоныс

іздеуі және қазақ даласындағы әрбір жерге баға беруі туралы болып келеді. Асан қайғы алға қойған мақсатына жетті ме, жетпеді ме – негізгі мәселе онда емес, бұл тұста «Асан қайғы ел кезіп не істеп жүр және оның мәні неде» деген сауал маңызды.

Біріншіден, Асан қайғының қазақ даласын шарлауы, оның баға берген жерлерінің қазіргі еліміздегі жер-су аттарымен тұтастай сәйкес келуі «мемлекетіміздің сол кездегі территориясын» белгілеушілік қызметін білдіреді. Әрине, ол өзге халықтың мекендеріне барып, баға беріп жүруі мүмкін емес екендігі түсінікті жайт. Сондықтан, аңызда Асан ата өзінің даласын еркін шарлай отырып, «болашақ ұрпақтарына қазақ даласының шекарасын белгілеп кеткендігі» туралы тұспалды ойлар жинақталған.

Екіншіден, осындай сайын даланы еркін кезіп өскен, ғұмырын өткізген халқына өмір сүретін аймақтарын белгілеп бере отырып, болашақ ұрпақтарына «оны мәңгілікке сақтай біліндер» деген ұлтжандылық-тәлімгерлік өсиет тастаған.

Үшіншіден, оның қазақ сахарасына берген бағасының көпшілігі оңды, жағымды. Осыдан оның туған даласына деген сүйіспеншілігі, шексіздігі мен кеңдігіне деген ынтықтық сезімі анық байқалады. Бұл – әрбір қазақ халқының өкіліне «менің далам» деген ішкі психологиялық-сезімдік терең түйткіл орнататын сана түкпіріндегі көңіл-күйді оятады. «Өз елімнің әрбір аймағы, әрбір топырағы «Жерұйық», -деген нақты тұжырымның тұспалды ойлары беріледі.

Төртіншіден, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» іздеуді өзінің мақсатының діңгегі ғана емес, мұраты ретінде де таңдап алды. XX ғасырдың басындағы Кеңес Одағында коммунистер ол заманды келер уақыт бойынша іздеп, болашақта болуы тиістілігіне, тіпті XX ғасырдың аяғында жүзеге асатын нақты уақытының да белгілі екендігіне сенді. Ал Асан қайғы оны кеңістік бойынша іздеді. Қияли тұрғыдан алсақ, екеуінің басты айырмашылығы мынада: коммунистер Асан Қайғының олардан бес ғасыр бұрын ондай қоғамның болуы мүмкін

емес екендігін дәлелдеп кеткендігіне қарамастан, оған сенгендігінде болса, Асан Қайғының оны кеңістік бойынша да, уақыт бойынша да табу және орнату мүмкін емес екендігін дәйектеп, оған сенбегендігінде және оған өзінің көзін жеткізгендігінде.

Бесіншіден, бабамыздың бұл тұжырымының жалпыадамзаттық рухани-ақпараттық кеңістіктің сабақтастығы тұрғысынан үлкен тарихи-әлеуметтік маңызы болды. Идея, жалпы алғанда, оптимистік (дүниеге үміт көзімен, үмітсіздіктен аулақ болушылық) сипатта, өміршендік пен шабыт, үміт пен болашаққа сенімнің қажеттілігін толықтыратын жалпылама үлгі. Демек, бұндағы негізгі мәселелердің бірі – адамзат қандайда бір игі мұраттар мен мақсаттар, армандар мен үміт құшағында қалуы тиіс және ол жекелеген адамдарға да қатысты дегенді меңзейді.

Алтыншыдан, қазіргі кезеңдегі ел кезуші велосипедшілер, мотоциклшілер, «керуеншілер» т.б. осы типтес нышандарды қайталайды, бірақ олар құрғақ формада және өздерінің мүддесін ғана көздейді. Осыдан ақ бабамыздың ел мен жер, халқының бейбітшілігі мен жарқын өмір туралы толғағандығы анық көрінеді. Асан қайғы іштей тереңнен өз мүддесін көздейтін ел кезуші дәруіш те, «зеріккен» саяхатшы да, уақытша хабар айтушы жаушы да, бітістіруші елші де, ел қыдырған әжуалаушы алдар көсе де, қожанасыр да, сауықшыл сал-сері де емес, ол – «көшпенділер философы» деген мәртебеге ие болған парасатты дала адамының нақты бейнесі, қазақ даналығының жиынтық кейіпкері.

Түсіндірмелер үшін мысалға алынған бұл мифтер қазақтардың байырғы дүние-

танымдарының терең мағыналы екендігін дәйектеу үшін алынған үлгілер ғана. Ендеше, қазақ халқының арғы-бергі рухани танымындағы әрбір миф осындай философиялық ойтолғамдарды жамап жатқандығын аңғаруға болады. Әрбір дала аңыздарының ауыздан-ауызға тарап, сан ғасырлар бойы сабақтасып, бүгінгі күнге дейін келіп жетуінің, бұлжымай сақталуының өзіндік себебі де – қоғам дамуы үшін сұраныстарға ие болып келгендігінде, яғни, әрісі әрбір түркі, берісі кез-келген қазақ ұрпақтары үшін сусындайтын рухани азық қызметін атқарғандығында болып отыр. Сондықтан, жыршылар, ертекшілер, шежірешілдер т.б. мифтердің ұмыт болып жоғалып кетпеуі үшін қазақ қоғамында өзіндік мәртебесі бар, есте сақтау қабілеті жоғары арнайы дайындалған кәсіби тұлғалар болып есептелген. Мысалы, ертекші қарттар кешке қарай ауыл балаларын жинап, оларға ертегі айтып берумен шұғылданған.

Арғықазақтық мифологиядан бізге жеткен осы тарихи фактілерден туындаған болмыстар рухани ілімнің идеялық негіздерінде жатқан намыстылық, отансүйгіштік, ұлтжандылық, арлылық, адалдық, әділдік сияқты рухани-мәдени қасиеттердің өзара тарихи тамырлас екендігін ашу ғана емес, олардың қазіргі біздердің де діліміздің арғытектілік негізін құрайтындығын көрсету ғана емес, ең бастысы осы құндылықтарды дұрыс түсініп, олардың діліміздегі рөлін қайта жаңғырта алсақ ғана ұлтымыздың келешегін нағыз арғытектілігімізге сәйкес дамытып, әлем алдындағы этнотектілігімізді аса абыройлы деңгейге асқақтата алатынымызды дәлелдеу болып табылады.

Әдебиеттер

1 Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 1-том. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: «Арыс», 2008.

2 Тоқсанбаева Г. Қазақ дүниетанымындағы махаббат феномені. Филос.ғыл.канд.дисс. – ҚР Алматы, 2009. – 120 б.

3 Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратуштралық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2009.

4 Назарбаев Н.Ә. Тарих толғанында. – Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.

ӘОЖ 821.512.122-1.0

А.Б. Шормақова

Абай атындағы ҚазҰПУ PhD

*Докторантура және магистратура
институтының 2 курс магистранты*

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ АСТАНА БЕЙНЕСІ

Бұл мақалада ірі тұлға Кәкімбек Салықовтың Астанаға арналған өлеңдері жайлы жазылған. Ақын жанының қоршаған орта әсерімен, ең бастысы, уақыт пен заман лебімен жанды байланысынан пайда болған поэзия туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: *жаңару мен жаңғыру, поэзия, шабыт, өлең жазу.*

В данной статье рассматриваются стихи поэта Какимбека Салыкова посвященные городу Астана. Стихи поэта К.Салыкова описываются впечатлениями окружающей среды и главное живой связью со временем и эпохой.

Ключевые слова: *обновлять, процветание, поэзия, вдохновение, сочинять стихи.*

This article examines poems about Astana written by Kakimbek Salykov. The verses of poet K.Салыкова are described by the impressions of environment and main living connection in course of time and by an epoch.

Keywords: *update, prosperity, poetry, inspiration, writing poetry.*

Әдебиетте әр заманның өз жыршысы болуға тиіс. Рас, ұлы ақындар ұлт өмірінде өшпес із қалдырып, жырлары мәңгі жасайды. Солай бола тұра, әр заманның сыры бөлек, ендеше жыры да бөлек қой. Қазір заман да, қоғам да, соған орай өмір де, адам да өзгерген шақ. Жалғыз қазақ еліне ғана емес, жер жүзінде ғажайып жаңалықтар, ғаламат өзгерістер бар. Ендеше, сол уақыт көшінің алмағайып заманның аңсысын аңсап, ақиқатын аңғартып, өлеңде өрнектейтін өзгеше сипаттағы жаңа ақындар керек. Бұл орайда қазіргі қазақ әдебиетінің орға жығылып, орта жолда қалып қоймайтындығы көңілге медет, ойға азық. Ескі және жаңа замандардың арасындағы өлара мезгілдің өзінде-ақ қазақ поэзиясына сыры да, жыры да бөлек жаңа ақындар толқыны келіп қосылып, ұлтымыздың көркем ойының көшін түзуде.

Шын ақын – қашанда өзгеріс, қашанда жаңару мен жаңғыру. Әрине, ол өзгерістер, ол жаңару мен жаңғыру өзінен-өзі пайда бо-

лып, өзінен өзі түзіліп жатпайды. Олар ақын жанының қоршаған орта әсерімен, ең бастысы уақыт пен заман лебімен жанды байланысынан пайда болары белгілі. Ақын толысып, кемелденген сайын оның бойындағы құбылыстардың ошағы кеңіп, отыны молая түседі. Заманмен байланысты о баста басталғандай әлсіз бір талшықтармен емес, білем-білем күре тамырлармен жалғасып кетеді. Мұнан да дәлірек айтсақ, ақын бара-бара өмірдің, уақыт пен заманның қызығы мен мұңын төбе үстінде отырып қадағалап, бақылаушыдан сол өмірдің, сол заман мен уақыттың қызығымен гүлдеп, мұңымен өртенушіге айналады. Бұл – енді ақынның уақыт пен заманмен тағдырлас болып кетуі.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты қазіргі қазақ поэзиясында алдыңғы буын ақындары тоталитарлық тәртіп қысымымен айта алмаған тақырыптық желілер бой көтерді. «Қазақ ұлтының келешегін ойлайтын, оның экономикалық

тәуелсіздігін алуы мен өркениетке қол созуын, дүние жүзіндегі басқа ұлттармен тең өмір сүріп, ғылымы мен мәдениетінің дамуын тілейтін көзқарастар мен прогресшіл идеялар қазіргі қазақ ақындарының шығармаларының басты ерекшелігін танытады» [1, 9]. «Ақын атаулының жетем деп қиял еткен қия шыңы болады. Онсыз ол ақын емес. Жету, жетпеу сол шыңға – талант пен тағдырдың ісі. Ол екеуі қос қанаттай егіз қатар болуы шарт. Талантты тағдыр қостамаса, талант – тұл. Сондай-ақ, тағдырды талант қыздырмаса тағдыр мүзбен тең».

Ақын боп өмір кешіру оңай деймісін, қарағым, Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның, – деп, Төлеген Айбергенов жырлағандай, ақын жүгінің ауыртпалығын белі қайыспай көтере білу тума талантқа ғана тән нәрсе.

Қазақ халқының маңдайына біткен ірі тұлға, ел-жұрты жалғыз сұлу сезім, сырлы ырғақты шоқтығы биік поэзиясын ғана емес, ел бастап, көсем сөйлер зор қайраткерлік қарым-қабілетке толы еңбек жолын да ерекше мақтан тұтатын ақындардың бірі де бірегейі – Кәкімбек Салықов. Кәкімбек Салықов сезінгенін іркіп қала алмайтын, қуанышын да, ренішіне де оқырманын ортақтастыра алатын шынайы сезім ақыны. Оның жырлары өзі туған Көкшенің саф ауасындай таза, қайыңдары мен қарағайындай биік және әдемі, көлдеріндей айдын, бұлақтарындай мөлдір. Туған табиғаты сүйікті ұлына құйылып тұрған сұлу жыр сыйлаған. Оған Ақан әндерінің сұлулығы мен сыршылдығы, Ыбырайдың өрлігі, Мағжанның сезімталдығы дарыған. Сезім шыңшылдығы оның өлеңдеріндегі ойды ашып, нақтыландырады [2, 3].

«Әдебиет – қай заманда болса да өмір айнасы. Демек, қоғам болмысындағы саяси-әлеуметтік өмір шындығын сәулелендірмей тұра алмайды», – деп көрнекті әдебиетші-ғалым Мекемтас Мырзахметұлы айтқандай, қоғамдағы әлеуметтік жағдай қай кезеңде болмасын әдебиеттен өз көрінісін табады. Сондықтан болар Кәкімбек Салықовтың өзі

өмір сүрген қоғамдағы соны өзгерістер мен игі бастамалар өлеңдерінен көрініс табады да, одан соң да әрбір ақынды мұндастыратын, қуантатын жағдайларды жырға қосады. Бұл орайда Астана жөнінде:

Ортақ табыс Астананың толғағы,

Ол – біздің ел сәулеттірек болғаны.

Ол – Қазақтың ақ маңдайы жарқырап,

Нығайғаны бақ-дәулет пен қорғаны [3, 98], – деп жыр төккен.

Ақын К.Салықов поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы еліміздің бұрынғы астанасы – Алматы мен қазіргі астанасы – Астана қалаларын жырлауымен ерекшеленеді. «Алматыда тәуелсіздік алаңы» өлеңінде Алматыда ашылған тәуелсіздік алаңына деген ыстық ризашылығын білдіре отырып, одан соң тарихтың сара беттерінен сыр шертеді:

Тәуелсіздік кепіліндей алаңда

Ел ажары – бас мұнарам бар менің [4, 199]...

Бабаларым, басқан ізің өшпейді,

Құт жайлады

Жұт шарпыған төскейді.

Кең далаға бақыт тілеп Алладан

Қоныстанды, қазақ енді өшпейді.

Құлаш жайса азаттықтың заманы,

Ашылсын де тағдырдың кең қабағы.

Барша қазақ қасиетті төрі ғой

Алматыда Тәуелсіздік алаңы [4, 199].

Осы арқылы ақын өзінің бұл игі бастамаға деген қуанышын жеткізеді. «Тоғысқанда қос ғасыр» өлеңінде де Кәкімбек Салықов өзінің жүрек түкпірінен шыққан ақ тілек-ниетін білдіреді. Ақын тәуелсіз еліміздің астанасы Ақмолаға ауысатынын өлеңдерінде құптай жырлайды.

Ақмоладан жасағандай Астана

Жайнай түссін ауыл төрі, басқа да.

Тәуелсіз ел мал мен басы көбейсін,

Қазынада алтын мен ақша да [4, 168].

Кәкімбек Салықовтың телегей ойға толы өлеңдерінің бір тобы еліміздің маңдайына біткен жарқын да шоқ жұлдызы Астанаға арналады. Ақын Төлеген Қажыбай: «Кәкен Ақмола Астанаға айналмастан-ақ арқа төсіндегі ару шаһарға қоныс аударған адам. Туған топырақ айбарлы Айыртау, сырлы Сырымбет, қымбатты Қамсақты, жыр тұнған

жалғыз тауға бір табан жақындасам дегені де болар» [5, 3], – деп толғанады. Бір қарасақ, шынында да айбынды Арқаның баурайында орналасқан «Азияның ару қызы» – Астана қаласына деген шексіз махаббат, ықылас ақынның жақсылықты танып, сезе білетін көрегендігі десек те қателеспеспіз. Жер жауқазындары «Астана – Азияның ару қызы» деп басталып, әсем астанамыз Астана қаласына арналған бір топ өлеңдері: «Әлемнің сегізінші ғаламаты», «Астана – тәуелсіздік тақ-тұғыры», «Аруақ қонған Ақ орда», «Алға баста Астана», «Аққу қала – Астана» және т.б. жыр туындыларының тұсауын кессе, сонымен қатар, ән оралған өлеңдері де баршылық. Олар: «Жұлдызың жансын Астана», «Есілдегі Астана», «Беу, Ақмола – Астана», «Шарықтай бер, Астана», «Астана таңы» және басқа да терең пәлсапаға, айшықты ойға, тұңғық терең ықыласқа, риясыз мақтанышқа, рухқа толы әндерін атап өтуге әбден болады.

«Астана – Азияның ару қызы» деп аталатын өлеңінде халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігінің нышанына, армандаған асқақ қиялына қанат бітіріп, жан берген ару Астананың көркемдігі сұлу сөзбен сипатталады.

Кей қала кемпір көзбен қызығардай,

Астана – сұлу қызы Азияның, – дейді автор. Астананы сұлу бойжеткенге, ал өзге қалаларды жасы келіп, әрі тайған кемпірге теңейді. Бұл ұтымды салыстыру тек оқырманның назарын ғана аударып қоймай, сонымен бірге, көркем сөзді ойната білген өз ісінің майталманы, арқалы ақынның талғампаздығын да танытады.

Ақын «ай қабақты, жүзі шуақты» қызға, үлбіреп өсіп тұрған ақ гүлге де Астананың әсемдігін еспеттейді:

Ай қабақ, жайма шуақ жүзі қандай,

Ақ гүлдей сүйгің келер үзіп алмай.

Астана – Азияның ерке қызы,

Марқайған келіншектер қызығардай, – дейді де, Астананың айбынын:

Қазақтың сан ғасырлар арман еткен,

Астана – Азияның ару қызы [6, 8], – деп кестелі, көркем сөзбен көмкереді. Тәуелсіздігіміздің тұғырына айналған Астананың

қадір-қасиетін ақын К.Салықов «Астана – тәуелсіздік тақ-тұғыры» атты өлеңінде айқындайды:

Ақ жарқын жас маралдай жаны асылға,

Сүйсінді елдің тау мен даласы да.

Халқымның талай ғасыр жазылмаған,

Астана шипа болды жарасына, – дейді де, Астананың атақ-даңқы, мерейі жөнінде:

Тез білсе әлем біздің Астананы,

Жоқ болар ақ тілектен басқа мәні.

Астана – тәуелсіздік тақ-тұғыры,

Бар қазақ арман жолын басқарады [6, 11].

Асқақ пафоспен жазылған «Беу, Ақмола – Астана» өлеңінде қазақ халқының басынан кешірген талай ауыртпалықтарын, азаттық жолында аянбай күресіп өткен сара жолының жемісі – осы Астананың өмірге келуі. Арман қала Астананың қазақ халқының арманын жүзеге асырған құбылыс дейді ақын. Бұл ретте ақынның мына жолдары, әсіресе, маңызды:

Әлдеқалай түспейді адасып нұр,

Ақ тілек пен болашақ санасып тұр.

Тұтастығын сақтауға байтақ елдің,

Ақмолаға «Ақ Орда» жарасып тұр [6, 119].

Осы бір ой К.Салықовтың «Шарықтай бер, Астана» өлеңінде жалғастық табады:

Азаттық биігіне шақырады,

Көгілдір туы жайнап қуаныштың.

Шарықта, Қазақстан жас қаласы,

Астана – бар қазақтың Бас қаласы [6, 126].

Ақынның жоғарыда талданған елордамыз Астанаға арналған бір топ өлеңдері: «Астана – «Әлемнің сегізінші ғаламаты», «Астана – тәуелсіздік тақ-тұғыры», «Аруақ қонған Ақ орда», «Алға баста Астана», «Аққу қала – Астана» және т.б. сонымен қатар ән жазылған өлеңдері: «Жұлдызың жансын Астана», «Есілдегі Астана», «Беу, Ақмола – астана», «Шарықтай бер, Астана», «Астана таңы» т.б. терең пәлсапаға, айшықты ойға, тұңғық терең ықыласқа, риясыз мақтанышқа, рухқа толы. Кәкімбек ақын өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіrentкен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларының бетіне маржандай төгілдірді, оның әрбір өлеңінен, әрбір жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жақын леп

естіледі. Ол леп тәуелсіз қазақ елінің бүгінгі жарқын күндерінен сокқан тынысының, үнінің жаршысы жүрегімізге қонымды, рухымызға жақын жаңа өріс. К.Салықов өлеңдеріндегі сыр-сипаттар, көркемдік ерекшеліктері бір ақынның ғана емес, жал-

пы қазақ поэзиясындағы жаңашылдық ізденістерін, өзгеше өлең өрнегін танытады. Ақынның шеберлігі сол, «әлемнің сегізінші ғаламатына» айналған алаш елінің ақ Астанасының әсемдігі мен тәуелсіз қазақ елінің асқақ бейнесін көз алдымызға айрықша образдылықпен елестетеді.

Әдебиеттер

- 1 Қажыбай Т. Жезкиік ақын // «Қазақ әдебиеті», 19 қаңтар 2008 ж. - 11 б.
- 2 Бекеева М. Сырымен сыйлы ақын // К.Салықов туралы «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2006 ж.
- 3 Тілеубаев С. «Астана жұртын айналған ақын» // Кәкімбек Салықовтың «Әлемнің сегізінші ғаламаты» жыр жинағы туралы. / «Арқа ажары» газеті, 20 мамыр 2008. - 5 б.
- 4 Арыстанбек А. / «Бұқпа» газеті, №6, 23 ақпан 2006 ж. - 10 б.
- 5 Салықов К. «Әлемнің сегізінші ғаламаты». – Астана: «Фолиант», 2007 ж.

ӘОЖ 37.034

Д.Д.Байдалиев

Тараз мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Бұл мақалада ұлттық тәрбие және Тараз мемлекеттік университетіндегі аталмыш мәселенің жай-күйі ашылған. Адамды отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту жайлы қарастырылған.

Түйінді сөздер: патриотизм, ұлттық тәрбие, ұрпақ тәрбиесі, отбасындағы тәрбие, халықтық тәрбие, этникалық тәрбие, ана тілі, мінез-құлық.

В этой статье рассматривается национальное воспитание и его состояние в Таразском государственном университете. Воспитание личности патриотизму, научить радному языку, установить национальный характер, научить сохранять национальные обычаи и традиций, забывать своих предков и помнить свой род.

Ключевые слова: патриотизм, национальное воспитание, воспитание подростающего поколения, воспитание в семье, народное воспитание, этническое воспитание, родной язык, характер.

In this article national education and his state are examined in Таразском state university. Education of personality to patriotism, to teach to the радному language, to set national character, teach to save national обычаи and traditions, забывать of the ancestors and to remember the family.

Keywords: *patriotism, national education, education of generation, education in family, folk education, ethnic education, the mother tongue, character.*

«Ел болам десең, бесігіңді түзе», – дейді ұлы жазушымыз М.Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс [1].

Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизмді жастарға қалыптастыру – келелі мәселелердің бірі. Осыны ұстанған бағыт-бағдар да баршылық. Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың өтелер өлшемі – Отан. Оны таратып айтсақ, бұл туған жер, оның табиғат байлықтары, ұлттық тілі, дәстүрі, мәдени ерекшеліктері, тарихы жасалған өлкедегі киелі орындары. Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алатыны айқын. Сәбиді отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту – ата-ана парызы. Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай-ақ, туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе ары қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс-әрекет ұйымдастыру, отбасы, балабақша мен мектептердегі оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Сондықтан, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бұрынғы тәжірибе мен бүгінгі практиканы және болашақ жоспарларды байланыстыру қажет. Сонда ғана балалардың бойына ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыруға қол жеткіземіз. Ұлттық патриотизм – жеке тұлғаның өз тарихи дәстүрі сияқты категорияларға байланы-

сты әртүрлі деңгейде көрініс береді. Соған карамастан, осы рухани ерекшеліктерді білу, оны қалыптастыру – патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты.

«Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – депті Әл-Фараби бабамыз [2]. Осыдан өз тағдырын өзі шешуге қолы енді жеткен халқымызға ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екендігін байқаймыз.

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі – рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет. Рухани тәрбие, моральдік ұстаным, Отанын, халқын, елін сыйлауға тәрбиелеу оқыту жүйесінің басты мақсаты болып келген.

Халқымыздың аса бай тарихы ерлік, азаматтық дәстүрлерді жалғастыруды керек етеді. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан ата-баба салты, сыйластық, жомарттық, азаматтық және батырлық қасиеттер бүгінгі жас ұрпаққа ауадай қажет. Өмір ағымы талап етіп отырған жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, үйлесімді жетілген жеке тұлғаны дайындау бүгінгі мектеп алдында негізгі міндет. Осыған байланысты, мектепте және жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие жұмыстарын жан-жақты толықтырып, халықтың тәлім-тәрбиенің озық үлгілерімен сабақтастырып қаруландыру, бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі дамыған азамат тәрбиелеу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Жалпы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерде, халықтық педагогика

құндылықтарын ескере отырып тәрбиелеудің тұтас жүйесін жасауда өткен ғасырдағы көрнекті ағартушы - педагогтардың, соның ішінде Ш.Уалихановтың, А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, М.Жұмабаевтың және т.б. да маңызды ой-пікірлері, отансүйгіштік, патриоттық туралы қағидалары қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Бүгінгі таңдағы мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі Қазақстан Республикасы азаматтарының патриоттық рухын көтеру болып табылатындығын ескерсек, Елбасы Н.Назарбаевта жыл сайынғы Жолдауында патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азамат өзін-өзі айқын билеуін қалыптастырады», – деп көрсеткен болатын.

Ал осы бағытта М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті мемлекеттің саяси бағдарламасы аясында өсіп келе жатқан жас буынның патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиесіне үлкен назар аударуда. Оқу жылының басында тәрбие жұмысының негізгі базасы болып табылатын негізгі нормативтік құжаттар енгізіліп, бекітілген. Университеттегі тәрбие жұмысы ТарМУ-дың Даму Концепциясына сәйкес құрылып, соның негізінде тәрбие үрдісінің негізгі бағыты – университеттегі тәрбие жұмысы жүйесін ұйымдастыруды жетілдіру ісін басшылыққа алады.

Қай қоғамда болмасын ел ертеңі болып саналатын жастардың қоғамда алар орны ерек-

ше. Осыған орай, бүгінгі күні алғыр да, парасатты жастардың мемлекет, қоғам өміріне белсене араласуы – уақыт талабы. Сол себепті де, жастар саясаты олардың патриоттық сана-сезімінің қалыптастыру мәселелерінің жиі сөз болуы заңды құбылыс. «Болашақ жастардың қолында», – деп ұрандатып, елімізде осы мақсатта қолға алынып жатқан әлеуметтік маңызды жобалар да аз емес. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде әртүрлі дәрежедегі «Дөңгелек үстел», «Конференция» акциялардан бастап университет қабырғасындағы республикалық форумдар мен пікір-сайыс турнирлерін атап өтсек болады.

Белсенді студенттер бастамасымен жүйелі түрде жергілікті және республикалық басылымдарда мақалалар, ғылыми ізденіс жұмыстары жарияланып тұрады.

Сондай-ақ, университетімізде ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту мақсатында «Саз-әуен», «Хореография», «Халық аспаптар», «Музыкалық дыбыс», «Студенттік сән» студиялары үздіксіз жұмыс атқарып, республика дәрежесінде толағай табыстарға жетуде. Бұларға белсене қатысқан студенттерге арнайы куәлік беріледі.

Жоғары оқу орындарында жастар саясаты және патриоттыққа тәрбиелеуде ерекше рөл атқаратын бөлім – жастар ісі жөніндегі комитет десек, университетімізде бірнеше ресми түрде бекітілген ұйымдар, клубтар жұмыс атқаруда. Аталмыш іс-шаралар тәрбиелік мәні және жастардың оң көзқарасына, жастарды дұрыс тәрбиелеп, оларға дұрыс білім алуына әсер етеді. Осы жастардан жоғары мәдениет иесін тәрбиелеу, кәсіби маман етіп даярлау – сіздер мен біздердің еншімізде.

Әдебиеттер

- 1 Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика: Оқу құралы. – Астана: «Фолиант», 2008. - 99 б.
- 2 Дәрісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: «Рауан», 1995, - 12 б.

ӘОЖ 37.8.371.3

М.Саниязқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің студенті

ЖҮРЕГІМНІҢ БАСЫНДА МҰҢ БАР

Бұл мақалада қазіргі қазақ қоғамында қордаланып қалған шешуі күрмеулі мәселелер төңірегінде ақындардың көп ойланып толғаныстары мен өлеңдері туралы айтылған. Бүгінгі өмірдің қатпар-қатпар, бел-белестерін ақындық сезіммен барлай білуі жайында қарастырылған.

Түйінді сөздер: *ақын, поэзия, өлең, шабыт, шығармашылық, әдебиет, өнер.*

В статье рассматривается творчество, песни и о размышлениях писателей. А так же, о умений всем писательским чувством рассматривать весь расклад жизни сегодняшнего дня.

Ключевые слова: *писатель, поэзия, песни, вдохновение, творчество, литература, искусство.*

Work is examined in the article, songs and about the reflections of. And similarly, about abilities to examine all laying out of life of today all writer sense.

Keywords: *writer, poetry, songs, inspiration, work, literature, art.*

Мен – оң мен солымды енді танып келе жатқан тым жаспын. Өмірлік тәжірбием де шамалы. Жазуды да енді бастап жүрмін. Сондықтан болу керек, мені соңғы кезде үш ұйықтасам түсіме кірмеген қызық ойлар мазалайтын болып алды. Мысалы мынадай: осы ақындар өлеңді не үшін жазады? Кім үшін жазады? Неге тығырыққа тірелгенде өлеңнен таяныш іздейді екен? Оның қандай құпиясы бар? «Жүрегімнің түбіне терең бойла, мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла...». Бұл – Абай. Жидебайдағы қыстауда, қыстың ұзақ түнін жамылып, майшамның жарығымен жападан-жалғыз мұңайып отырып жазған өлеңі. «Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын, айта бермей». Бұл да – Абай сыр, Абай мұңы. Сонда өлеңді не үшін жазады?

Мұның шын сырын бір білсе, сол хәкім Абай, Абай бастап берген «кеудесінде шері, жүрегінде оты бар» ақын шәкірттері ғана білетін сияқты. «Атадан қалған асыл сөздің шер толқытса шығатыны» жүрегі қазақ деп соғатын көкірегі ояу әрбір азаматқа қашаннан белгілі жайт қой.

Меніңше, қазақ балаларының арасында ақын болуды армандамайтыны кем де-кем. Осыдан екі-үш жыл бұрын мен де біраз уақытқа дейін «ақындықпен ауырғанмын».

Ақын Болат Шарахымбай ағамыздың жыр жинағын сол кезде қолыма түсіріп едім. Жинақты оқып шығып, шын ақындықтың жолы ауыр екеніне көзім анық жетті. Әсіресе, поэзиядағы өз орнын айқындап алған ақын ағамыздың өмірдегі өз орнын әлі күнге іздеумен келе жатқаны мені біраз ойландырып тастады. Шынында да, кеудесінде тіршілігі бар әрбір адамның өмірден өз орнын табуға, тіпті, ойып тұрып өз орнын белгілеуге ұмтылатыны рас қой. Бірақ, «өз орнында отырмын» деп есептемейтіндердің көпшілігі сол өз орнында отырмаған» болып шықса ше?.. Ойландыратын сұрақ па? Ойландыратын сұрақ, әрине.

Енді ақын өлеңдерінен қандай сыр аңғардым, соған келейік. Алдымен байқағаным, ақын поэзиясы таразысының бір басында мұң, қайғы-қасірет, күйініш жатса, екінші басында романтикалық өршілдік, махаббат, арман, мақсат, үміт жатады екен.

Ол жай жатпайды, адам жанына салмақ түсіріп, миға сан мың ине болып қадалып жатады. Тарих тұңғығына үңілу, өткеннен өнеге алу, өнеге алып бүгінгінің ақиқатына көз жеткізу, сөйтіп, болашақты болжап білу сияқты терең мағыналы толғаныстары қазіргі әрі-сәрі заманның астаң-кестең келбетімен астасып жатады. Ақынның жан-жағын барлай білетін, байыптай, таразылай білетін көкірек көзі ояу, рухы таза, жаны адал адам екенін танысың.

Кесемнің ішінде шер бар.

Көзімнің ішінде шөл бар.

Көңілім тұсында көк бар.

Кеудемнің тұсында от бар.

Құшағым ішінде гүл бар.

Қаламым ұшында жыр бар.

Қағазым қасында сыр бар.

Жүрегім басында мұң бар...

Өлең – ойлы, идеясы тылсым. Бір қарағанда, сөз түсінетін жұрттың бәріне баяғыдан таныс өлең жолдары сияқты. Бұл өлеңнің ерекшелігі де осында жатыр. Бәріне белгілі, бірақ ешкім ештеңе білмейді... Өлеңнің бірінші жолына қараңызшы, «Кесемнің ішінде шер бар», – дейді. Кесе, бұл қай кесе? Бәлкім, көне түркіден жеткен балбал-кісінің күміс кесесі ішіндегі шер ме? Мүмкін, адам жанын шайқаған шер шығар?! Екінші жолдың жүгі одан да ауыр. Көзіңе шел бітсе, ештеңе көрмейсің, көр-соқыр боласың, Ал, егер көзді шөл басса ше, не болады? Оны болжаудың өзі ауыр. Өлеңнің үшінші, төртінші жолдары мүлде басқа әлем. «Көңілім тұсында көк бар. Кеудемнің тұсында от бар» дейді. Қазақ үшін «көк» те, «от» та қасиетті. Ойға ой қосып, жігерлендіріп тұр. Бесінші, алтыншы жолдарда «құшағының іші гүлге, қаламының ұшы жырға толған» шатшадыман лирикалық кейіпкерге жолығасың. Осы тұста «Е-е, жалғыздықтан жерудің жауабын тапқан екен ғой» деп ойланып қалуыңыз да мүмкін. Бірақ, «Қағазым қасында сыр бар» деген жетінші жолды оқып, одан әрі «Жүрегім басында мұң бар...» деп сегізінші жолға жеткенде кенет жүрегіңіз өзінен-өзі тулап ала жөнеледі. Сондықтан, бұл өлең алағай да бұлағай жай айтыла салған өлең

емес. Ол – ақын жүрегінің шері мен шөлін, сыры мен мұңын бойына сіңіріп алған уақыт рухы, дәуір үні.

Біздің әдебиет пәнінен дәріс оқитын ағайымыз шын ақын өзі өмір сүрген қоғамнан бөлек сүре алмайды, деп үйретеді. Солай болуы мүмкін. Өлеңде ақын өз басындағы шер мен мұңды жырлап тұрған сияқты. Бірақ, тереңіне үңіліп қарасаңыз, өзін жырлау арқылы барша қазақтың шері мен мұңын қозғап тұр. Бұл да Болат ақынның өлеңдеріндегі өзгеге ұқсамайтын өзгешілігі дер едік. Қазіргі қазақ қоғамында қордаланып қалған шешуі күрмеулі мәселелер төңірегінде ақынның көп ойланып толғанатыны оның осы жалғыз өлеңінен-ақ байқалады. Ол бүгінгі өмірдің қатпар-қатпар бел-белестерін ақындық сезіммен барлай біледі дей аламыз. Білетіндердің айтуынша, шын ақын мұңсыз болмайды. Ақын қашанда мазасыз болу керек. Ақынның мұңы таусылған күні оның өзі де, сөзі де таусылады. Бұл әлгі ақын жүрегі мазалаған мазан мұңнан да қауіпті.

Поэзия дегеніміз – өзіңнің жан дүниенің үңілу, өзіңнің жан-дүниенің түпкіріне үңілу арқылы өзің өмір сүріп отырған қоғамның тыныс-тіршілігін көрсету, соны паш ету. Адам жанының түкпірін аша алмаса, ол поэзия емес. Осы тұрғыдан келгенде Болат ақын өз принципіне қашанда адал. Ол ұлт тағдыры дегенде жүрегі суырып беруге дайын. Алайда, ұлт тағдыры талан-таражға түсіп, қазақы қасиет қазіргі алабажақ қоғамның иірімінде адасып, өзін-өзі таппай тынысы тарылып бара жатқанда, оған жайбырақат қарай алмайды. Басы даң-дұң, ойы астаң-кестең. Қынжылыс та, қыжыл да бар. Өлеңге кезек берейік.

Көз көрмеске кетер едім, кеш енді,

(Кімнен ғана алсам екен есемді).

Өзгермеске, түсінетін кімім бар,

Нақақ жасқа у шылаған кесемді?...

Кетем енді, кетпесіме қойды ма,

Тойымы жоқ, қойымы жоқ Той мына.

Бұл өмірде қиын екен жүру де,

Біз сияқты пешенелі, ойлыға.

Айтты да тастады. Өзі де қиналған жоқ, оқырманды да қинаған жоқ. Бұл өлеңнің көлемі қысқа болғанымен, көтерер жүгі

қоғамды «тойымы жоқ, қойымы жоқ Тойға» теңеген ақынды, Мағжанша айтқанда, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайраттынын» нағыз өзі десек болады.

Бірақ, қазақ поэзиясындағы өз орнын айқындап алған акын Болат Шарахымбай ағамыздың, өмірдегі өз орнын әлі күнге іздеумен келе жатқаны мені шынымен ойландырады...

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. – А., 1961 ж.
- 2 Қазақстан Жазушылар одағы. «Уақыт және әдебиет», АН Артыс, 2012 ж.
- 3 Шарахымбай Б. Қазығұрт ғазалдары. Лирика. – «Жазушы», 2018 ж.
- 4 [www. Google.kz](http://www.Google.kz) Селжук қорғаны. 14 желтоқсан. 2010.
- 5 Медетбек Т. Уақыт – Заман ағыны. – А., 3-том, 2011 ж.

А. А. Байтасов

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистрі

Бұл мақалада интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы – адам капиталының құндылықтары, рух тәрбиесі мен адамгершілік қасиеттерінің басты факторы жайында қарастырылған.

Түйінді сөздер: интеллектуалды ұлт, қоғам, жастар, білім, ғылым, студент, ұрпақ тәрбиесі.

В данной статье рассматривается воспитание интеллектуальной нации с помощью главного капитала высших ценностей человека и его качеств и свойств духовно-нравственной личности.

Ключевые слова: интеллектуальная нация, общество, молодежь, знание, наука, студент, воспитание потомства.

This article focuses on nurturing intellectual Nations using the main capital of higher human values and its qualities and properties of the spiritual and moral person.

Keywords: *intellectual nation, society, young people, knowledge, science, student, education of posterity.*

номикалық-инновациялық дамуының кілті еліміздің рухани түлеуі мен жаңғырылуында. Интеллектуалдық қоғам жолында дамып

келе жатқан Қазақстанда аталып отырған мәселелер бізге жаңаша міндеттер жүктеуде. Қазақстанға ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды құбылыс қажеттігі осыдан үш жыл билік тарапынан бұрын атала бастады. Және ол аяқсыз қалмастан мемлекеттік саясаттың басты векторына айналады деген үміт бар. Сондықтан да, жалпыадамзаттық ізгілікке, ұлттық құндылықтарға негізделген руханиятты қоғам құру әрбіріміздің міндетіміз. Интеллектуалды ұлт болу тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі мақсатында ұлттық негіз, ұлттық рух, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, бұл жерде рух тазалығын тәрбиелеудің де маңызы зор. Ал оның түп негізінде инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы тұр.

Интеллектуалдық қоғам қалыптасуының басты тетігі – жастар. Ұлттың интеллектуалдық капиталы мен халықтың менталдық капиталының дамуы еліміздегі жастардың аталған мәселелерге жаңа көзқараста «қоғамдық санасының» қалыптасуын күн тәртібіне қойды.

Қазақстандағы интеллектуалдық қорлардың басты көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды сақтау, дәріптеу дәстүрге айналуы тиіс. Ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыруда басты құндылықтар ретінде жастарды дамыту басты орында тұруы заңды. **Жастар – қоғамның басты жемісі.**

Елімізде «интеллектуалды жастар» қалыптасуы жолында олардың қоғамдық санасына ықпал етерлік гуманитарлық технологиялардың кешенді зерттелуі, нәтижелері стратегиялық мақсатта орындалуы тиіс. Қазақстандағы ғылым жаңа технологияның дамуына, атап айтқанда, қоғамның ізгіліктіру рухани құндылықтары қалыптасуына негіз боларлық жаңа сала – гуманитарлық технологиялар саласының дамуы қордаланған мәселердің жауабы деп қарастырған жөн.

Жаһандық талаптарға сай әлеуметтік-

гуманитарлық, қоғамдық-саяси ғылымдардың шоғырлануы нәтижесінде гуманитарлық ғылым мен білімнің осы бағытта дамуы бүгінгі жастардың өркениетті құндылықтарды сақтауға, ізгілікті қоғам құруға деген ұмтылысынан.

Интеллектуалды қоғам қалыптастыру еліміздегі білім мен ғылым дамуына бағытталған «ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасының» әлеуметтік-экономикалық тиімділіктерді қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың, «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасының білім беру мен ғылыми әлеуетті арттыруға бағытталған кешенді жобасының орындалуына қажетті гуманитарлық ілім мен құндылықтарға негізделген әдістерді зерттеумен, орындалу құралдарын әзірлеу мен коммуникациялық стратегияларды ұсынумен айқындалып отыр.

Елбасы Н. Назарбаев 2009 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» атты актілік дәрісінде «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың үш аспектісін атап өткен болатын.

«Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектіге, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту. Бізге ұлттық интеллектінің діңін құру қажет, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудициялы адамдар керек», – дейді Елбасы.

Президент ұсынған Жоба негізінде үш аспекті бар. Біріншісі, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпіліс.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылымды дамыту және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру. Ғылым инновациялық экономиканың негізі болуы тиіс.

Жобаның үшінші аспектісі – елімізде инновация жүйесін дамыту. Жобада аталған білім беру мәселесі – интеллектуалды ұлтқа барудың, өсудің алғашқы да іргелі баспалдағы. Елімізде Елбасы негізін қалап берген интеллектуалдық құндылықтар мен білім беруге бағытталған реформалар бұл бағыт-

тағы әлеуетті серпінді шаралардың бастамасы болып отыр.

Интеллектуалды ұлт қалыптастырудың екінші аспектісі ретінде ғылымды дамыту, ғылыми зерттеулерге жаңа серпін беру. Бұл бағытта мемлекеттік қолдауға ие болған жобалардың қатарында ұлттық зертханалардың құрылуы, қаржыландыру көлемінің ұлғаюы – дәлел. Қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасының мәні осындай. Мұнсыз біз Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыра алмаймыз.

«Интеллектуалды ұлт» жобасының үшінші аспектісі – бұл инновация жүйесін дамыту. Елімізде инновациялық даму бағытындағы мемлекеттік шаралардың қатарында инновациялық-индустриалдық даму бағдарламасын атауға болады. Аймақтар мен ірі өндіріс кешендеріндегі жаңа нысандардың пайда болуы, олардың экономикалық секторға жаңа қарқын беруі аталған жобаның іске асуының айғағы [1].

Интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу ісі терең білім, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік, ұлттық мүддеге қызмет ету, ел алдындағы парыз ұғымына сүйену, рухани құндылықтарға негізделген жасампаз күш аясына жұмылдырылуы тиіс. Ұлттық жобаны жүзеге асыруда заманның озық жоғары технологияларын жетік меңгерумен қатар, елімізде индустриялық дамудың ақпараттық өркендеуіне белсенді әрі қабілетті, көзқарасы дұрыс, діні мен ділі және рухы жоғары ұрпақ қалыптастыруға қол жетеді. Осы тұрғыда ұлттың интеллектуалдық капиталы – бұл барлық жинақталған ғылыми, кәсіптік, мәдени ақпараттар, өмірдің барлық салаларының мамандарының білімі мен біліктіліктері, әрбір жеке адамның интеллектуалдық, моральдық және мәдени дамуы, ұлттың позитивті психикалық және моральдық ерекшеліктері екені белгілі. Интеллектуалды даму бағдарында тұлғаның әлеуметтік-танымдық салты мен әдеттері, сондай-ақ, халықтың салт-дәстүрлері; жақсы кәсіптік дағдылар, білімділік, тәрбиелілік, па-

триотизм, азаматтық белсенділік, тәртіптілік, табандылық, шыншылдық, еңбексүйгіштік қасиеттерін жан-жақты дамыту сынды қасиеттері қамтылады. Осы айтылған қадір-қасиеттің барлығы дерлік ұлттың байлығы мен игілігіне жұмылдырылады. Қысқасы, интеллектуалды ұлт білімді, ғылымды жетік меңгерген, мәдениетті тәрбиенің бастауларын толық қамтыған тұлғадан қалыптасады.

Интеллектуалды тұлғаны төмендегі көрсетілген құндылықтарды бойына сіңіру арқылы қалыптастыруға болады:

- Танымдық бағыты: таным мәдениеті, интеллект, білім, ақыл-ой мәдениеті, шығармашылық, сындарлы ойлау, сананы жетілдіру, ой-өрісінің кеңдігі т.б.

- Адамгершілік бағыты: жеке тұлғаның қасиеттері: сыйлау, мейірімділік, әділдік, т.б, адамгершілік ұстанымдар: қадір-қасиет, ұқыптылық т.б.

- Әлемдік бағыт: азаматтық, патриотизм, белсенді өмірлік позиция, ұйымшылдық, адам құқықтары т.б.

- Ұлттық бағыт: салт-дәстүрді, тілді, дінді, әдет-ғұрыпты құрметтеу, ұлттық сана, ұлтжандылық, елін, жерін сүю және т.б.

- Саламатты өмір салты: экологиялық мәдениет, спорт, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, жағымсыз қылықтардан арылу, дене шынықтыру т.б.

- Дүниетаным бағыты: ғылыми, білімділік дүниетаным, танымдық дүниені қабылдау, дүниені түсіну, әлем туралы ойлану, ойтолғаныс т.б.

- «Теңіз тамшыдан құралады» дегендей, интеллектуалды, жан-жақты жетілген тұлғаларды қалыптастыру арқылы ғана біз бүкіл ұлтты интеллектуалды ұлтқа айналдыруға қол жеткіземіз. Болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда әлемдік дәрежедегі ғылым мен білім саласындағы жетістіктерді қамти отырып, ұлттық әлеуетті дамыту бағдары негізге алынады. Елбасы «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы идеясын «Оның басты мақсаты – жаңа қалыпта қазақстандықтарды тәрбиелеу, сондай-ақ, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адамдық ка-

питалы бар мемлекетке айналдыру», – деп, нақтылап берген болатын. Осы тұрғыда республикамызда ұлттық интеллектің негізін қалауға бағытталған ғылым мен білім жетістіктерін дамыту тұрғысына назар аударылғаны жөн. Өйткені, елімізге халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті білімді адамдар қай кезде де өте қажет.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасының мақсаттарының бірі жастарға рухани тәлім-тәрбие беру. Яғни, әлемді жаулаған жаһандану үрдісіне біз мықты ұлттық, мәдени құндылықтарымызды, ұрпағымыздың имандылығын қарсы қоюға тиіспіз. Демек, терең білім, кәсіби алғырлық, жоғары біліктілік ұлттық мүддеге қызмет етпесе, ел алдындағы парыз ұғымына сүйенбесе, рухани құндылықтарға негізделмесе, жасампаз күшке айнала алмайды екен. Бүгінгі білім беру саласында тәрбие мен білімді әр қырынан дамыта отырып оқыту және білім алушыны интеллектуалды түрде дамыту жолдары негізге алынады.

Интеллектуалды ұлт – моральдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті, барлық ақпараттардан хабары бар, өзінің ғылыми, мәдени, біліми ақпараттарын еркін тарататын әлеуеті бар қоғам.

Жеке интеллектуалды тұлға қалыптастыру және дамыту жолында біз халқымыздың және бұрынғы өткен ғұламалардың еңбектеріне сүйене отырып, оның мәнін ашып алуымыз қажет. Еліміздің тарихындағы ойшылдар мен даналардың, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің өз заманына сіңірген еңбегінде болашақтың бақытты болуына қосқан үлесімен ұлттың даму сипатын көрсету бағдарын айқындап алуымыз керек. Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин секілді ағартушылар ұлттың дамуына таным-түсінікті кеңейту арқылы жету бағыттарын айқындап отырған. Олардың атқарған істері мен айтқан өсиеттері күні бүгінге дейін халық тәрбиесінде жоғары бағаланады. Жаңа ұрпақ тәрбиесінде солардың ой-өлшемдерімен өмір сүруге күш салып келеміз. Біз ғана емес, бүкіл әлемде қанша ұлт, қанша мемлекет болса, солардың барлығы да өздерінің ежел-

гі данышпандарының немесе жалпы адамзатқа ортақ Сократ, Аристотель, Конфуций секілді тұлғалардың айтып кеткен өсиеттерін басшылыққа алуда. Қазақ даласындағы ойшылдардың айтқандары да бүкіл ұлттың «Қайтсе жақсы өмір сүруге болады? Ұлттың қадір-қасиетін жоғалтпау» деген мәңгілік сұрағына жауап беріп тұрған жоқ па?!

Осы тұрғыда алдымен «интеллект», «интеллектуалды капитал», «интеллектуалды ұлт» ұғымдарының мән-мағынасы қазақ билерінің, шешендерінің, Әл-Фарабидің, Абайдың, Шәкәрімнің, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың ұрпақ тәрбиесіне қатысты еңбектеріне сүйене отырып, «толық адам», «сегіз қырлы, бір сырлы» түсініктерімен салыстыра отырып ашылады да, оларды қауымдастықта қалай біріктіруге болатындығы көрсетіледі; білім беру жүйесін инновациялық дамыту, ақпараттық қоғамды дамыту, ұлттық тәрбие беру, ұлт денсаулығын күшейту интеллектуалды ұлт қалыптастыру факторы ретінде қарастырылады. Ал енді интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бастайтын интеллектуалды тұлға қалыптастырудың кезеңдері отбасы, мектепке дейінгі тәрбие, мектептік, кәсіптік және жоғары білім беру жолында деңгейленіп қарастырылғаны жөн. Көпсатылы білім берудегі сабақтастық тұлға қалыптасуының дұрыс бағдарын қамтамасыз етеді. Ғылымның, білім берудің және инновацияның тығыз байланысы ғана жаһандану принципі негізінде жоғары біліктілікті қамтамасыз етеді.

Білім беру жүйесін модернизациялау арқылы қойылатын мүдде – жоғары кәсіптік және интеллектуалдық деңгейдегі тұлға даярлау. Қазіргі таңда білім беру үдерісінде жаңа заман талаптарына сай білім жүйесі жасалынып жатыр. Оның негізінде отандық ең басты дәстүр – рухани және интеллектуалды күш-қуаты, азаматтық жауапкершілігі, қоғам игілігіне еңбек етуге деген талпынысы бар зиялы қауым, еліміздің белді азаматтарын даярлау міндеті жатыр [2].

Қорыта айтқанда, интеллектуалды ұлтты қалыптастыру үшін үш мәселені ескеруіміз керек деп ойлаймын. Аталған идея жүзеге

асуы үшін ұлттың білімі жоғары деңгейде болуы шарт. Бұл жұмыстар өз кезегінде балабақшадан бастау алып, мектептерде, одан әрі университеттерде жалғасын табуы қажет. Бұл тұрғыда Елбасының бастауымен жүзеге асырылып жатқан «Балапан» бағдарламасын атап өткім келеді. Екінші мәселе – тілдік қатынастар қолданысының кеңейтілуі. Яғни, қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз қажет.

Біздің мыңжылдық тарихымызбен байланысымыздың, ата-бабаларымызбен сабақтасығымыздың үзілмеуі тек қана қазақ тілімен байланысты. Үшіншіден, қазақтар іскерлікті, прагматикалық қасиеттерді түбегейлі меңгеруі керек. Меніңше, осы аталған үш мәселе интеллектуалды ұлт идеясын жүзеге асырудың негізгі алғышарттары болуы керек.

Әдебиеттер

1 Сұлтанбаева Г.С. «Интеллектуал қоғамына қарай түзелген көш» // ҚР Білім және ғылым министрлігі гранттық қаржыландыру 1585ГФ «Интеллектуалды ұлттан – интеллектуалды әлеуетке: бұқараға ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологияларын әзірлеу» жобасы аясында.

2 Пірәлиев С.Ж. «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру – инновациялық даму кепілі» // Егемен Қазақстан. 18 мамыр 2012 ж.

ӘОЖ 373:39

Н.Б. Әужанова

I.Жансүгіров атындағы ЖМУ доценті
Талдықорған қаласы

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА
ҚОЛДАНУ**

Бұл мақалада этнопедагогикаға негізделген қазіргі заман талабына сай сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану жолдарын зерделеу жұмыстары ашылған. Осы жұмыстар барысында оқушылардың дүниетанымын дамытудың жолдары көрсетілді.

Түйінді сөздер: этнопедагогика, сыныптан тыс жұмыстар, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ұлттық тәрбие, педагогика, оқушы, мектеп.

В этой статье представлены результаты исследования о возможности организации и проведения внеклассной работы на основе использования этнопедагогики. В связи с развитием этих работ рассматривается развитие мировоззрения учеников.

Ключевые слова: этнопедагогика, вне классная работа, обычай и традиций, национальное воспитание, педагогика, ученик, школа.

This article reveals basic methodological knowledge and skills necessary to manage extracurricular work in biology. In connection with development of these works development of students is examined.

Keywords: *pedagogics, outside class work, custom and traditions, national education, pedagogics, student, school.*

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, аңыз әңгімелері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең жырлары ұлттық тәрбиеде мәні бар, баға жетпес қазына болып табылады. Оқушыларды биология ғылымының заңдарымен, қоршаған ортада жүріп жатқан биологиялық құбылыстармен таныстыруда, оны көруге, сезінуге, түсінуге халықтық салт-дәстүрлерін пайдаланудың маңызы зор.

Ұлттық тәрбиені зерттеудің Кеңестік дәуірдегі маңызы мен мәні, қажеттілігі мен көкейкестілігі жөнінде және оны ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың керектігі туралы педагог-ғалымдар: И.Т.Огородников, В.М.Коротов, А.Г.Гордина, М.Ф.Шебаевалар да кезінде келелі пікірлер айтқан еді. Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдерінде XVII-XVIII ғасырлардан бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жайы, ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз еткенде, оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз [1]. Қазақ ұлттық тәрбиенің (этнопедагогика) туу кезеңі (XIX ғ. 2-жартысы), оның белсенді қайраткерлері. Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі (1920-1930 жж.) және ол кезеңдегі қайраткерлері. Қазақ этнопедагогикасының даму кезеңі (1970-1995) және оның қайраткерлері: Ш.Уәлиханов Ы.Алтынсарин А.Құнанбаев [2].

Орыс, батыс саяхатшы-ғалымдары: П.С.Паллас, Э.С.Вульфсон, А.Вамбери, А.Левшин, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд, В.В.Радлов т.б.

Қазақтың зиялы оқымыстылары: С.Торайғыров, Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Б.Адамбаев, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, И.Бөлеев, З.Ахметова, М.Құрсабаев, М.Смайылова, М.Оразаев, К.Қожахметова [3].

Тақырып бойынша жүргізілген педагогикалық тәжірибелік зерттеу жұмыста мектептерде халық тағылымдары негізінде оқушы дүниетанымын дамытудың жәй-күйі зерттеліп, мына міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар жүргізілді:

а) Оқушылардың эксперимент кезіндегі халық тағылымдарын меңгерілгені бастапқы және соңғы деңгейі көрсетілді.


б) Мектеп тәжірибесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың олқылықтары мен себептерін атап анықталды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешуде өз тәжірибемізде сыныптан тыс шарада өткізілген жұмыстар негізінде оқушыларға сауалнамалар қою, пікірлесу, танымдық сын сайыстар өткізу, бағдарламалар, әдістемелік құралдарды талдау, т. б. жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысында байқалғандай бүгінгі қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарда халық тағылымдары негізінде дүниетанымын дамыту мәселесіне онша көп көңіл бөлінбеген. Соңғы жылдары ғана зерттеу жұмыстарына арқау болып жүргендігі байқалды. Осы тұрғыда өткізілген сыныптан тыс шараларда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда ұйымдастырылған шара барысында байқалды [4].

Тек эксперимент жүргізілген сыныптарда нәтиже көрсеткіштері төмендегіше сауалнама жүргізген уақытта оқушылардың 19% пайызы ғана ұлттық дүниетаным туралы білсе, «Атадан қалған асыл сөз» деп аталатын сыныптан тыс шарада оқушылар бойында өзіне деген сенімділік пайда болуда, ойпайымдаулар жасауға дағдыланды. Сынып оқушылары сапа көрсеткіш тұрғысында 10-оқушысы толыққа жуық дағдыланды. Яғни, сыныптың 38% пайызына жетті. Сонымен бірге өткізілген «Менің Республикам» атты шарасыда сыныптың 20-оқушысы ұлттық дүниетаным туралы толық меңгеріп шықты, оны анықтау қиынға соқпайды, оқушылардың рухани жан-дүниесі молайып, өзін, өзгені құрметтеуге, санаса білуге деген саналы көзқарастары байқалады. Осы

аталған шарада оқушылардың сапасы 77% пайызға көтерілді. Осындай сынып оқушылары арасында көрсеткіштер көрсетіп отырды. Бұл нәтиже төмендегі 1-диаграммада келтірілді.

1-Диаграмма



Зерттеу барысында үш деңгей есепке алынды.

Олар: жоғары, орта, төмен.

Жоғары деңгей – халық тағылымдарын қызығушылықпен қабылдап, оның әлеуметік түрлерін іс жүзінде пайдалану дағдылары біршама қалыптасқан және тәрбиелік мүмкіндіктерін түсініп бағалай алуы.

Орта деңгей – халық тағылымдарының танымдық, тәрбиелік мәнін түсінуге құлшынысы бар, бірақ тұрмыс-тіршілікте пайдалануы жүйелі қалыптаспаған.

Төмен деңгей – халық тағылымдарының танымдық мәніне көңіл бөлмейді, тұрмыс-тіршілікте пайдалану дағдылары қалыптаспаған.

Аталған деңгейлердің нәтижесін шығаруда 8-ші сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілген болатын.

Сауалнама

- 1 Әр халықтың сәлемдесу мәнерін қалай түсіндірер едің?
- 2 Отбасы туралы түсінігің?
- 3 Әке мен анаға байланысты туыстық атауларды ата?
- 4 Тыйым сөздер не үшін қажет?
- 5 Ырымдарға сенесің бе, неліктен?
- 6 Бата түрлерін ата, бата алу неге қажет?
- 7 Отбасыдағы перзенттің орнын ескерудің мәні неде?

8 Қара шаңырақ, отау шығару ұғымдарын қалай түсінесің?

9 Ұлттық қол өнер түрлерін ата?

10 Халықтың қарапайымдылық, көмектерін атап бер?

11 Маусымдық мерекелерді ата?

12 Бір мүшел (13 жас) жасқа байланысты рәсім, жоралғыларды білесің бе?


13 Той түрлерін ата?

14 Наурыз мейрамының ерекше белгілерін атап бер?

Сауалнама мақсаты – оқушылардың дүниетанымын анықтау бағытында таратылды. Оған 83 оқушы қатынастырылды. Соның ішінде 8-В сыныпта 26 оқушы тапсырған болатын, нәтижесі 2-диаграммада көрсетілді.

Нәтижесінде оқушылар дүниетанымын халық тағылымдары негізінде қалыптасудың мынадай олқылықтары байқалды: қоғамда, отбасындағы тіршілікте баладан сұраныс болмауы, әрі тұтынуға деген қажеттіліктің туындамауы.

2-Диаграмма



Халықтың салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпын, ырымдар мен тыйымдарды атап беруде, танымдық тәрбиелік мәндерін ашыуда өзіндік пайымдаулары төмен көрінді. 26 оқушының 5 озаты ғана жауап берді. Нәтижесі сапа көрсеткіш пен көрсетсек 26 оқушыдан 19% пайыз болды.

Халық педагогикасы материалдарын пайдалану эксперимент барысында байқалған ерекшелік оқушылардың сабақта да, үй тапсырмасын орындауда да шығармаларды, ауыз әдебиетін, аңыздарды білуге ынталанғаны анықталды. Егер оқу-

шылардың алғашқы қызығушылығы 11 пайыз болса, эксперименттің нәтижесінде ол 52 пайыз болды, сонда өсу көрсеткіші 41 пайыз құрады. Сөйтіп, халықтық педагогика материалдары оқытудың тиімді түріне айналып, оқушылардың биологияға қызығу деңгейін және білуге ынтасын, оның сапасын тиянақтап, сабақ үлгерімін арттырады.

Тәрбие сағаттарының тақырыптары келесі болуы мүмкін: «Ас адамның арқауы», «Жан сұлулығы – тән сұлулығы», «Қызы бардың қызығы бар, ұлы бардың ұлығы бар», «Салт-дәстүрді білесің бе?» т.б.

Мақсат-міндеттері: Білімділік мәні: Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың басты құндылығы – дәстүрлерінен үлгі алу. Олардың киген ұлттық киімдері жайлы білімдерін толықтыру. Оқушыларды дастарқан басында сақталатын рәсімдермен, ырым-тыйымдармен таныстыру. Ұлттық тағамдарымыздың қасиетімен және ұлттық ыдыс-аяқтармен таныстыру. Оқушыларды қазақ жігіті мен қызының бойына тән өнерлік тәлімдік қасиеттермен қалыптастыру.

Тәрбиелік мәні: Оқушыларды ұлтжанды, ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. Қыз бала мен ұл бала тәрбиесі қашан да халық назарында екенін естен шығармауға, мейірімділік, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Оқушыларды дәстүрді сақтауға, нанды, басқа да тағамдарды қастерлеуге, ас ішу тәртібін есте сақтауға тәрбиелеу.

Дамытушылық мәні: Оқушылардың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстырып тілдерін, сөздік қорларын байыту, қазақ жігіттері мен қыздарының дағдыларын дамыту

Көрнекіліктер:

1 Нақыл, қанатты сөздер, мақалдар жазылған плакаттар.

2 Қазақтың ұлттық қолөнерлері.

3 Тұрмысқа қажетті заттар.

4 Буклеттер, альбомдар, сөзжұмбақтар, сөзөрімдер, ыдыс-аяқ суреттері, суреттер көрмесі.

«Тамақты тарта жесең, сананды ашар, көп жесең ұйқы басар»

«Таспен атқанды, аспен ат», «Дүниедегі байлықтың түрі көп, солардың ішіндегі ең негізгісі де осы нан байлығы» [5].

Тәрбие сағаттарының соңында «Сыр сандық» ойыны ойнауға болады. Оқушылар салт-дәстүр, ұлттық салт, музыкалық фольклор, қол тума, т.б. ұлттық таным бойынша сайысқа түседі. Осы сайыстарға қажетті материалдар 1-ші кестеде келтіріледі.

Ырымдар мен нанымдар. Он және теріс бата, жылан арбау, күн жайлату, ауруды емдеу, кәрі жілікті іліп қою, отқа май салу, дуалау, бәдік, алғыс-қарғыс, бақсылық және т.б.

Діни рәсімдер. Намаз оқу, ораза ұстау, зекет-садақа беру, қажылыққа бару.

Діни мейрамдар. Ораза айт, құрбан айт

Жалпы халықтық тойлар. Наурыз мейрамы, Қымызмұрындық, Сабантой (мизам), Соғым басы.

Кәсіптік мейрамдар. Биебайлау, сіргежияр, жүн қырқар, тулақшашар, күйек байлау, шашыратқы, уызқағанақ және т.б.

Қазақтың төрт тойы.

Наурыз мейрамы – күн мен түн тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланады. Наурыз мерекесінде көпшілік бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, игілікті жұмыстар атқарады. Бұл кезде мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңара бастайды. Сондықтан да, наурыз тойын «тепе-теңдік», «игілік», «жаңару», мейрамы деп атайды.

Қымызмұрындық – жаз тойы болып, мамыр айынан бастап маусым айына созылатын үлкен той. Осы кезде мал отығып, биелер желіге байланып, қымыз жиналып, ағайын-жекжаттар бірін-бірі қымызға шақырады. Құран оқып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар, жарыстар ұйымдастырылады. Осы кезде түрлі той-томалақтар да өткізіледі.

Мизам (Сабан той). Күз айында диқандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойын-сауықтар өткізілді.

Соғым басы – қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін-бірі қонаққа шақырады. қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады [6]. Үш санындағы ұшқыр ой 2-ші кестеде келтіріледі.

Ақтайлақ би Қарауыл Қанай шешеннен: Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу? – деп сұрайды. Сонда шешен былай деп жауап берген:

Ер басында бақыт – бесеу, құлазу – төртеу, кемдік – үшеу.

Астындағы атың жүрдек болса – жалғанның пырағы.

Алғаның жақсы болса – үйің мен қонағыңның тұрағы.

Балаң жаман болса – көріңгеннің мазағы. Міне, үш кемдік осы [8].

«Кім жау?» деген сұраққа Малайсары би былай жауап беріпті:

Жаман болса – жақын жау,
Шабан болса – атың жау,
Шайпау болса – қатын жау,
Кетеген болса – түйең жау,
Төбегең болса – биең жау,
Күнде келсе – күйеу жау,
Жымысқы болса – жиен жау,
Тіл алмаса – ұлың жау.

Қаржас Шорман бидің баласы Мұса Қанжығалы Саққұлақ шешенге:

– Ағат деген немене,
Санат деген немене,
Қанат деген немене,

Кесте 1

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» тәрбие сағаттарына материалдар

Салт-дәстүрлердің түрлері					
Діни әдет-ғұрыптар		Отбасылық той-томалақтар мен жиындар		Маусымдық халықтық мерекелер	
1	Ырымдар мен нанымдар	1	Үйлену тойы	1	Жалпы халықтық тойлар
2	Діни рәсімдер мен мейрамдар	2	Бала тәрбиелеу	3	Кәсіптік мейрамдар
		3	Жерлеу салты		

Балаң жақсы болса – екі көздің шамшырағы.

Әкең – асқар тау, шешең – аққан бұлақ.
Міне, бес бақыт осы [7].

Жайлаған ел кетсе – көл құлазиды,
Жайылған мал кетсе – бел құлазиды,
Нарқын танымаған – сөз құлазиды,
Қатарынан айырылған – шал құлазиды.
Міне, төрт құлазу – осы.

Атың шабан болса – дүниенің азабы,
Алғаның жаман болса – өміріңнің тозағы,

Жанат деген немене?
– деп сұрақ қойыпты.

Сонда:
Екі жаман ұрысса,
Ағат емей немене!?
Екі жақсы сөйлессе,
Санат емей немене!?
Міңген атың қажытпай.
Мәрелі жерге жеткізсе,
Қанат емей немене!?
Тоқтымақтың терісі
Тондырмаса суықта
Жанат емей немене!? [9].

Үш санындағы ұшқыр ой

№	Түрлері	Атауы
	Үш жұрт.	1. Ағайын жұрт. 2. Нағашы жұрт 3. Қайын жұрт.
	Үш байлық.	1. Денсаулық. 2. Ақ жаулық. 3. Он саулық.
	Үш би.	1. Үйсін –Төле би. 2. Арғын – Қаз дауысты Қазыбек би. 3. Алшын – Әйтеке би.
	Үш дана.	1. Абай. 2. Шоқан. 3. Ыбырай.
	Үш қат.	1. Жоғары қат – аспан. 2. Орта қат – жер үсті. 3. Төменгі қат – жер асты.
	Үш қуат.	1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3. Тіл қуат.
	Үш ғайып.	1. Ажал ғайып. 2. Қонақ ғайып. 3. Несібе ғайып.
	Үш арсыз.	1. Ұйқы арсыз. 2. Тамақ арсыз. 3. Күлкі арсыз.
	Үш дауасыз.	1. Мінез. 2. Кәрілік. 3. Ажал.
	Үш қадірлі.	1. Ырыс. 2. Бақ. 3. Дәулет.
	Үш қадірсіз.	Адам жастық шақтың, денсаулықтың, жақсы жардың қадірін білмейді.
	Үш жамандық.	1. Нақақ қан төгу. 2. Кісі малын нақақ алу. 3. Ата-бабаның көзі – ескі жұртты бұзу.
	Үш жақын.	1. Жан тәтті. 2. Бала тәтті. 3. Жар тәтті.
	Үш ақиқат.	Қымбат – шындық, арзан – өтірік, дауасыз – кәрілік.
	Үш қуаныш.	1. Алғыс алу. 2. Өзінді көптің іздеуі. 3. Ісіңнің өшпеуі.
	Үш биік.	1. Билік. 2. Дәулет. 3. Даналық.
	Үш асыл.	1. Көз. 2. Тіл 3. Көңіл.
	Үш артық.	1. Адалдық. 2. Еңбексүйгіштік. 3. Өнерпаздық.
	Үш ынтық.	1. Еркін өмір. 2. Құрметке бөлену. 3. Пайдалы еңбек ету.
	Үш тұл.	1. Қайратсыз ашу тұл. 2. Тұрлаусыз ғашық тұл. 3. Шәкіртсіз ғалым тұл.
	Үш апат.	1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламау. 2. Үкіметті сыйламау. 3. Асты ысырап ету.
	Үш кедейлік.	1. Кежірлік. 2. Еріншектік. 3. Ұйқы.
	Үш кемдік.	1. Надандық. 2. Еріншектік. 3. Зұлымдық.
	Үш бақытсыздық.	1. Жаман ат. 2. Жаман қатын. 3. Жаман көрші.
	Үш көз.	1. Су анасы – бұлақ. 2. Жол анасы – тұяқ. 3. Сөз анасы – құлақ.
	Үш тоқтам.	1. Ақыл – арқан. 2. Ой – өріс. 3. Адам – қазық.
	Үш қасиет.	1. Өліде – аруақ. 2. Малда – кие. 3. Аста – кепиет.
	Үш тағлым.	1. Мейірім сауап. 2. Жақсылықтан – шарапат. 3. Жамандықтан – кесапат.

мұраларында да халқы еңбекқор, білімі мен ғылымы дамыған елдің болашағы кемелді екендігі туралы айтылып келеді.

Кез келген ұлттың келешегі жастарының қолында. Себебі, ел тірегі өскелең жас ұрпақтың интеллектуалды потенциалы арқылы қаланады. Ал интеллектуалды потенциал қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі – еңбек тәрбиесі. Өйткені, іс-әрекетсіз, еш нәрсе де еш нәтижеге жете алмайды. Демек, өмірдегі қай ғылымның қай саласында болмасын еңбек ең негізгі қозғаушы күшке ие. Сондықтан да, бүгінгі жастардың бойына еңбек тәрбиесін сіңіруде ерекше мән беріп, оның адам ғұмырындағы басты қасиеттердің бірі екендігін ұғына білуіміз шарт. Тәрбие беруде өткен тарихты білмей тұрып, қазіргінің қадіріне жету, болашақты болжау қиын дейтін ғылымның өз қағидасы бар. Бұл – өмірлік өсиет, ұлағатты сөз. Бұдан байқайтынымыз, тарихи тағылымының тәрбиелік үлгісі – еңбек студия алғы шарты екендігі. Өмірдің үздіксіз даму үрдісінде оқу мен тәрбиенің бүгінгі мен ертеңін танып, бағдарлап отыруда еңбек тәрбиесінің маңызды да мәнді рөлі айқындала түседі. Бұған, халқымыздың жинақталған материалдық байлықтары қаншалықты ұшан-теңіз болса, оның рухани байлығының қоры да соншалықты көп екендігіне көз жеткіземіз. Бұлардың бәрі баршаға бірдей ортақ қазына.

Халқымыздың осындай рухани қазынасында көрініс беретін еңбек тәрбиесінің маңыздылығы қай кезде де үлкен рөлге ие болған. Бұл жөнінде, ғұлама Әл-Фараби: «Бұл қазынаның барлығын халық жасайды, ол адал да ерінбей еткен еңбектің жемісі» [2], – деген болатын. Демек, жас ұрпақты халықтың рухани қазынасымен еңбекке тәрбиелеу арқылы, оларды заманынан қалмай өмір салтына бейімдеу адамзат қоғамымен бірге жасап келе жатқан тарихи құбылыс.

Мұны біз ұлтпен бірге жасасып келе жатқан салт-дәстүрлер мен тілімізде көрініс тапқан мақал-мәтелдерден, философиялық ой-мұралардан бой көрсететін еңбек тәрбиесіне шақыратын үндеулерден байқасақ болады. Еңбекке тәрбиелеудегі ерекше моральдық-этикалық нормалардың бірі – қауымдасу

болып табылады. Ол адамдардың бір-біріне түрлі жағдайда көмек көрсетуінен, мәселен, қыз ұзату, келін түсіру, енші беру сияқты қуаныш кезінде кездейсоқ апатқа (жұт, өрт, топан су, т.б.) ұшырап, мал-мүліктен айрылғанда туысқа шама-шарқына қарай көмек беруден анық байқалады. Мұндай қауымдасу түрін қазақ халқы «жылу», «немеурін», «үме» немесе «асар» деп атайды. Осындай отбасылық, рулық, туыстық ауызбірлік, ынтымақтастық нәтижесінде «Көп еңбегі көлмен тең», «Көп жабылса, жоқ табылады», «Көп көрген жер көңілді», «Көп еңбегі өнімді», «Көп ісінде береке», «Көп қолдаса, жауды жеңбей қоймайды», «Көптің қолы ұзын» сияқты қауымдастықты, береке-бірлікті айшықтайтын мақалдар қалыптасты. Қазақ халық педагогикасындағы «асар» сөзі көпшіліктің жәрдемін пайдалану дәстүрін мазмұндайды. Бұрын қазақтарда үлкен бір істі қолға алып, тез бітіру қажет болғанда «асар» жасайтын тамаша еңбек дәстүрі болған. Асар жасаушы адам алдымен жұмыс түрін, уақытын айтып, ағайын-туған, жора-жолдастарын асарға шақырады. Қазақтар өрттен, тасқыннан, зілзаладан бүлінген нәрсені орнына келтіруді, жабағы қырқып, күзем алу, егін орып, шөп шабу, арқан есіп, киіз басу сияқты жалғыз-жарым адам өндіре, бітіре алмайтын істі ауыл-аймақ, көрші-қолаң болып, күш жиыстырып бірігіп атқарған. Мұндайда істен қашып, жалтару болмауы тиіс. Сөйтіп, істі жұмылып атқарып, азаматтық, адамгершілік мінез таныту арқылы жеткіншек ұрпаққа жақсы үлгі-өнеге көрсетіледі. Асар жасау кезінде пайда болатын көтеріңкі көңіл-күйі, ауызбірлік, жайдарылық жастарға мерекедей әсер етіп, олар қалтқысыз туысқандық, тілектестік әрекеттің тамаша екенін сезінеді. Осындай ұжымдық еңбек дәстүріне студенттерді қатыстыра отырып, қазақ халқының дәстүрлі еңбек түрлерін меңгеруге және ұжымдық ортада қарым-қатынасқа түсуге, жарасымды ынтымақтасқан іс-әрекеттерге баулуға үйретеміз. Бұл сияқты өскелең ұрпақты еңбек тәрбиесіне баулу, салауатты өмір салтына тәрбиелеу сияқты тарихи құбылыс сонау ерте замандардағы адамзат

қоғамының түрлі кезеңдеріндегі даналық ой-пікірлерді уағыздаушы шежірешілер еңбектерінен жалғасын тауып келеді. Олардың қатарына 7-8 ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштерінің авторы Иоллығ-тегіннің «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» дастандарындағы тәлім-тәрбиелік қағидаларды жатқызсақ болады. Осы дастандардың тәлім-тәрбиелік идеясымен астарлас рухани мұраның бірі – Қорқыт ата тағылымдары дейтін болсақ, мұнда еңбек тәрбиесінің алғашқы философиялық идеялары өзек етілді.

Бұл мәселе олардан кейінгі ойшылдар мен ағартушылардың: әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин және т.б. рухани тәрбиелік мұраларында да жан-жақты қарастырылды. Еңбек тәрбиесін қалыптастыру жөнінде әл-Фараби: «Еңбектің өзі – өнер. Ал еңбек тәрбиесі сол өнерден туындайды, әрбір адамды еңбекке баулиды, еңбек шеберлігіне үйретеді. Ол адамдардың еңбек ету дағдысын қалыптастырады» [2], – деп тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің теориясы ғылымға негізделуі қажет деп санады.

XIX-шы ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұлы ақын Абай Құнанбаев еңбектерінде тіршілік тынысы еңбекте екенін айта отырып, тұрмысқа қажетті диқаншылықты кәсіп етіп, еліне пайдалы еңбексүйгіш азамат болуға, бір өнерді үйреніп, пайдалы іспен шұғылданып, өнерлі, білімді болуға шақырды.

Абай ел қыдырып, ас ішіп, аяқ босатар, жатып ішер жалқау жастарды сынап келіп:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Қулық-сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйымас [3], – деп, ұрлық түбі қорлық екенін ескертеді, адал тапқан мал мұратқа жеткізетінін, еңбек түбі зейнет екенін өнеге етеді.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық.

Аздырар адам баласын [3], – деп, алға қойған мақсатқа жетуге кедергі, бөгет болатын адамның бойындағы та-

лапсыздық, жалқаулық сияқты мінез-құлықтарды сынап отырып:

Адам болам десеңіз,

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз [3], – деп, қоғамға пайдалы азамат болу үшін адамға қандай ізгі қасиеттердің қажет екендігіне ерекше тоқталды.

Сол сияқты ұрпақты еңбекке тәрбиелеудің халықтық негізін және халық тәрбиесі құралдарының тиімділігін атап көрсеткен көрнекті қазақтың қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтары: М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров және т.б. болды. Олардың ой-пікірлері мен педогогикалық идеяларының жастар тәрбиесіндегі алатын орны ерекше. Мәселен, еңбек туралы философиялық ой тастаған Ш.Құдайбердиев «Егер адамдар түгелімен біріне-бірі қиянатсыз, туысқан болып, осы ақылын жұмсап еңбек қылып, табиғатты тиімді пайдаланып отырса, дүние бейіш болатынына ешкім дау айта алмас еді» [4], – деп жастарды ауыз бірлікке шақырып, ақыл-оймен еңбектенуді уағыздайды. «Арынды сатпа, терінді сат, адалды ізде, егін сал не сауда қыл, малыңды бақ» тек маңдай термен еңбектенуге, оқу-білімге, өнерге шақырады, жалқаулықты, бойкүйездікті, надандықты сынады, талапты бол дейді. Өмірдегі байлық пен бақыт еңбекпен ғана ол сенің қолыңа өзі келіп қонады. Үнемі біреуге телміріп көзінді сатып өміріңді өткізбей маңдай теріңмен, адал мал жинауға шақырды. Сол кездегі халықтың тұрмысынан көрген М.Дулатов: «Күн көру амалын жалғыз малдың төлінен күтіп, қол қусырып отыратын мезгіл өтті. Ол үшін басқа кәсіпшіл пайда, жұрттан өнеге алуымыз керек. Завод, фабрика ашу, әрі сауда магазин иесі болу әрқайсымыздың қолымыздан келмесе де, бірігіп қолдан келерлік кем-кемдіктерге пайдалы жұмыстардан бастау керек» [5], – деген екен. Оның тұжырымдауынша, қазақта мал бағудан басқа кәсіп жоқ, оның өзі де көңілдегідей емес. Күн көру амалын жалғыз малдың төлінен күтіп, қол қусырып отыра-

тын мезгіл өтті. Ол үшін басқа кәсіпшіл пайда, жұрттан өнеге алуымыз керек. За-вод, фабрика ашу, әрі сауда магазин иесі болу әрқайсымыздың қолымыздан келмесе де, бірігіп қолдан келерлік кем-кемдіктерге пайдалы жұмыстардан бастау керек деген ой – өз шығармаларында үндеді. Осылай келе, ол қазақ жастарын мал шаруашылығынан басқа еңбек түрлерімен айналысуға кеңес беріп, жеке шаруашылықтарыңды құрындар деп тың жолды меңзеп берді.

Ал, С.Торайғыровтың шығармашылық мұрасында да еңбекті адамды ақыл-ой және адамгершілік жағынан дамытудың аса маңызды факторы ретінде, айналадағы өмірді, нақты заттар мен құбылыстарды танып-білудің құралы ретінде алып қарайды. Мұны ақынның:

Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,

Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп,

Ер өлсе де, еңбегін ел өшірмес,

Неше мың жыл өтсе де, тарих білмек!
[6], – деген.

Немесе:

Адамды бағындырудың асылы еңбек,

Түбінде еңбексізді еңбек жеңбек.

Тұрмыс диірмен тасындай айналады,

Бүгінгі өр зорлыққа кезек келмек! [6], – деген шумақтарынан да көреміз. Сонымен қатар ақын өз әңгімелері мен ой-пікірлерінде еңбек пен ұжымды бөліп-жармай, қоғамдық-ұжымдық жұмыс ретінде алып қарайды. Болашақ ұрпақ үшін жақсы оқу елдің жалпы еңбегіне қосқан үлесі болып табылатындығын басты идея ретінде көтеріп, өзінің шығармаларында жастарды білім мен ғылымды табандылықпен меңгеруге, отанның халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салалары үшін білікті мамандарды күтіп отырғанын есте ұстауға шақырады. Мысалы:

Өнерлі ел бар мұқтажын жерден ембек,
Өнермен техникалы жұмсап еңбек,
А, құдай, өзі берден түк шықпайды,
Талаптанып, талпынсаң сонда бермек.
Алдыңғы ел малға емес, жерге сенбек,
Бар мұқтажы адамның жерден өнбек.
Басқаға малайлыққа жеккен күшті,
Жұмсасаң өзің үшін шындап терлеп,

Өнерге сай боп келсін бірлік, ерлік [6], – деген шумақтарынан да көреміз. С.Торайғыровтың ойынша, нақ осы тәрбие құралдары арқылы адамды еңбек өміріне даярлау, еңбекке деген дағдысын, сүйіспеншілігі мен құрметін дамыту, еңбек ләззатын ашып көрсету қажет. Ол қоғам үшін, болашақ үшін, бүкілхалықтық байлықты еселей түсу үшін еңбектің қаншалықты қажет екенін талай рет атап көрсеткен болатын. Адамзат мәдениеті тек еңбекпен ғана байып, биік белестерге жетеді. «Ойласам дүниеде қанша жан бар: адам бар, ағаш, шөп бар, мал мен аң бар, жанды, жансыз нәрсенің бәрі-дағы әр себептің жемісі байқасандар. Мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ, қасқыр болмақ, құс болмақ, ұшып қонбақ – сол болғандар болмаған өздігінен, болғызған еріксіз бір себеп қолдап. Адамға бұл себептің көбі мәлім, біледі салған сайын мидың әлін. Себебін біле-біле бір кездерде жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін. Себепті жарата алу арқасында, адамзат еңбегінен егін орған». «Адасқан өмір» поэмасында. Сұлтанмахмұт өзі өмір сүрген қоғамдағы жастардан өнердің бір түрін үйреніп, қоғамға пайдалы іс жасап, адал еңбек етуін талап еткен. Оларға:

Бар адам жерден тамақ алмақ үшін,
Жиылып бірге күшін салмақ үшін,
Бірі еңбек қып, бірі оны жатып жемей,
Теп-тегіс бұл жұмысқа бармақ үшін.
Кәрі демей, жас демей, күшсіз демей,
Олжадан бірдей пайда алмақ үшін.
Әкіммін, әулиемін, әскермін деп,
Бір-бірін жейтін сылтау қылмақ үшін [6], – деп қайрат, еңбек, адамгершілік қасиеттерді қатар қойып, адам болу үшін осы үшеуін бірдей бойға қуат, ойға қазық етуді уағыздайды. Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің туып, қалыптасу кезеңіне үлес қосқан А.Б.Бержанов, Ә.І.Сембаев, С.Мұқанов, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов және тағыда басқа авторлардың еңбектерінде қазақ мектептерінің тарихи жүріп өткен жолдарына сипаттама берумен қатар, республика мектептері дамуының әр кезеңінде оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің тәжірибелері, еңбек тәрбиесінің маңыздылығы туралы көп-

теген идеялар кездеседі. Мәселен, білімнің шаңырағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында 1937 жылдан бастап өмірінің соңына дейін қазақ әдебиетінен дәріс берген Сәбит Мұқанов «Тәрбие туралы» деген мақаласында еңбек тәрбиесі жайында былай дейді: «Адам өмірі еңбекке байланысты, еңбек адамды шынықтырады, өнімді еңбек істеп, дұрыс тынығып отырғанда ғана адам тозбайды» [7], – дейді. Осыған орай ол адамның бір күнгі (24 сағат тәуліктегі) тіршілігін үшке бөледі:

1. Сегіз сағат ұйқы, бұл уақытта жүректен басқа дененің бәрі де қалғып жайланады, жұмыстан әлсіреген ет-тамырлар тыныстайды. 8 сағатта дене құр аттай сілкініп, тыңайып жүре келеді. Тынысталған, жиналған күш еңбекке қол тигізсе, бұрқыратып өндіріп тастайды.

2. Сегізсағат еңбек істеу. Егер осы мөлшерде ғана істесе, ол еңбек кісіні қажытпайды, қайта денесін шынықтырады, ақылын үдетеді. Бұл мөлшерде еңбек істемеген адам азады, сондықтан еңбектен қашпау керек.

3. Сегіз сағат демалыс. Бұл кезде адам аунап-қунайды. Таза ауаға шығып, бойын жазады. Қанын таратады. Әр түрлі мәдени тілектерін (шахмат, дойбы ойнау, өлең айту, домбыра тарту, театр, киноларға бару, аң аулауға шығу, кітап оқу, т.б.) орындайды. Міне, ғылымның адамға тәтті өмір өткізу үшін бөлшектеп беретін кестесі осылар дейді. Жазушы жастарды осылай еңбек сүйгіштікке шақырған екен.

Демек, халқымыздың тәлім-тәрбиесіне зер сала үңіліп қарасақ, еңбекқорлықты, адамгершілікті, мейірбандылықты, қайырымдылықты дәріптейтінін көреміз.

Бүгінгі ЖОО-да студенттерді жаңа қоғамдағы өмірге дайындау, Қазақстандағы қарқынды түрде дамып келе жатқан болашақ кәсібіне үйрету, патриоттық сапасын қалыптастыру – оқу үдерісінің деңгейінде шешімін табуы қажет. Оқу-тәрбие үдерісінің негізгі мақсаты мен міндеті жоғарғы білімді адамдарды және білікті мамандарды дайындаумен ғана шектелмей, ең алдымен еңбеккер, кәсіби өсуге қабілетті және кә-

сіби әрекет жасауға дайын, ақпараттық жағдайдағы қоғам және жаңа ғылыми технологияларды дамытуға үлес қосатын маман дайындауы қажет. Жастарымыздың тәрбиесі, білім алуы, еңбек етуі, ғылым адамы болуы, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуы еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты. Осыған орай, еңбек тәрбиесінің мақсатын көздеген арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізілсе, жастарымыз болашақ мамандығына қажетті азаматтық, еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалайтын және оны өз бойына қалыптастырумен бірге, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық салаларындағы еңбек түрлерін меңгерген, іскер де қабілетті, белсенді азамат болып қалыптасатын еді.

Мақсатымыз – жастарымызға жеке адамның тұлғалық дамуындағы еңбек тәрбиесінің қажеттілігін көрсету, еңбек тәрбиесі жүйесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, нәтижелігін жандандыруды қазіргі заманның талап бағытына, жеке тұлғаның даму заңдылығына үйлестіру, еңбек тәрбиесі жұмысын дәстүрлі еңбек түрлерінің ұлттық, аймақтық, әлеуеттік ерекшеліктеріне лайықтандыру, ортаның мүмкіндіктерін ескере отырып қазіргі заманның талабына сай тұлға тәрбиелеу болса, қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуының жаңа сатысында жоғары мектептің мақсаты ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі процесіне өзгеріс ендіруге ықпал жасайды.

Сондықтан, халқымыздың жастарды еңбекке тәрбиелеудегі тәжірибесін, ағартушылық-педагогикалық ой-пікірлерін, идеяларын негізге ала отырып және халықтың еңбек салт-дәстүрлеріне сүйену арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы өркениетті қоғамның талабы.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». // Егемен Қазақстан (№ 365/368), 10 шілде 2012. - 2 б.
- 2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. - 318 б.
- 3 Құнанбаев А. «Екі томдық шығармалар жинағы». – Алматы, 1986. - 640 б.
- 4 Құдайбердіұлы Ш. «Түрік, қазақ, қырғыз хәм хандар шежіресі». – Алматы, 2004. -77 б.
- 5 Дулатов М. «Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер». – Алматы: Мектеп, 2004. - 442 б.
- 6 Ұзақбаева С.А., Шалғынбаева Қ.Қ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. – Алматы: Білім, 1998. - 12 б.
- 7 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы. 1974. -97 б.



Сенбе ешкімге, тұрса да қанша мақтап,
Қор етеді, қулығын ішке сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Ақылың мен еңбегің екі жақтап.

Абай Құнанбаев

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Табылды Ә. Әдебиеттің ұлттық тәрбиелік мәні	6
Ғаббасов С. Сақ патшасы қайыра жерленді сыр ашу	15
Ізтілеуова С. Д. Күнфудзы және Абай: тәрбие туралы толғамдар	21
Сейсенбаева Ж.А. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тұлға қалыптастырудағы рөлі.....	25
Садықова А.Е. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар шығармашылығын дәріптеудің бүгінгі қоғамдағы маңызы	31
Мединеева Г.Б. Экологиялық білім беру арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастыру.....	35
Шілдебаев Ж.Б. Экологиялық тәрбиенің қазіргі қоғамдағы рөлі	38
Ахметова Б.Қ., Ахметова А.Қ. Халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегілер арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу	41
Испанқұлова Г. Сен өз еліңнің патриотысың ба?	43
Әбжан Г.М. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі	51
Несипбеков Е.Н., Дүйсебаева А.М. Инновационная образовательная дисциплина: в развитых странах	54
Исаева С.Н. Катаал заман ырлары	58
Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Арғықазақтардың мифологиялық дүниетанымының ерекшеліктері	64
Шормақова А.Б. Кәкімбек Салықов жырларындағы Астана бейнесі	69
Байдалиев Д.Д. Тамыры терең – ұлттық тәрбие	72
Саниязқызы М. Жүрегімнің басында мұң бар	75
Байтасов А.А. Білімді жастар – интеллектуалды ұлт қалыптастырудың қайнар көзі	77
Әужанова Н.Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін сыныптан тыс жұмыстарда қолдану ..	81
Дәулеткелді Ж. Жастардың интеллектуалды болмысын қалыптастырудағы еңбек тәрбиесінің рөлі	87

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 тенге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 тенге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написано русским языком, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического
университета имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Баян Сағиева
Беттеген/Верстка – Баян Сағиева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ,
каб. 28.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8777 175 34 31,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 28.08.2013 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
қағаз - сықтықар. Басылым – офсет. Көлемі 12 б.т. 500 Дана. Тапсырыс №200



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

4 (18) 2013

(шілде-тамыз)

4
